

Қазақстанның  
коммунисті

1960.

7-9



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

---

7

ИЮЛЬ

1960

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ



# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 7

И Ю Л Ь

1960

## М А З М Ұ Н Ы

БАС МАҚАЛА — Қазақстанның мол астығы үшін күрес . . . . .	3
Кәсіподақтардың жұмысын жақсарту берейік . . . . .	9
А. РАХМАНОВ — Насихатшы — негізгі тұлға . . . . .	16
Н. ЕШМҰХАМЕДОВ — Қара металлургияның болашағы жайында . . . . .	22
С. ХАЙДАРОВ — Марксизмнен айныған дұрыс жолдан таяды . . . . .	28
А. ТУҒАНБАЕВ — Экономикасы кенже қалған елдерге Совет Одағының көмегі . . . . .	36

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Қ. СЕРІКБАЕВ — Ұйымдастыра білген табысқа жетеді . . . . .	42
Т. МАХМУТОВ — Тәжірибе тарауы — басшылық өзегі . . . . .	48
М. САЛИЕВ — Жаңа белесте . . . . .	52

## КОММУНИЗМ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Ш. НӘДІРОВ — Коммунизмнің материалдық техникалық базасын жасау . . . . .	54
--	----

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА

А. БАЙШИН — Қазақстан жұмысшы табының қалыптасу кезеңдері . . . . .	60
---	----

## ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

Б. ТӘЙКІМАНОВ, Қ. САДЫҚОВ — Қазақстан магниткасы шойын бере бастады . . . . .	66
Ә. БЕКТАСОВ — Қалаларда ояу мол болсын . . . . .	71

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ы. ДҮЙСЕНБАЕВ, Ф. МӘЛІКОВ — Қазақ ССР тарихының екінші томы . . . . .	75
---	----





## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — За большой Казахстанский хлеб . . . . .	3
Работу профсоюзов на уровень новых задач . . . . .	9
А. РАХМАНОВ — Постоянно работать с пропагандистами . . . . .	16
Н. ЕШМУХАМЕДОВ — Развитие черной металлургии республики . . . . .	22
С. ХАЙДАРОВ — В верности марксизму-ленинизму — наша сила . . . . .	28
А. ТУГАНБАЕВ — Экономическая помощь СССР странам Азии и Африки . . . . .	36

## ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

К. СЕРИКБАЕВ — Успех дела решает организаторская работа . . . . .	42
Т. МАХМУТОВ — Шире распространять передовой опыт . . . . .	48
М. САЛИЕВ — На новом рубеже . . . . .	52

## БЕСЕДЫ О КОММУНИЗМЕ

Ш. НАДИРОВ — О материально-технической базе коммунизма . . . . .	54
--	----

## К СОРОКАЛЕТИЮ КАЗАХСТАНА

А. БАЙШИН — Важные вехи формирования рабочего класса Казахстана . . . . .	60
---	----

## ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

Б. ТАЙКУМАНОВ, К. САДЫКОВ — Есть Казахстанский чугун! . . . . .	66
А. БЕКТАСОВ — Больше овощей и картофеля населению городов . . . . .	71

## КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

И. ДУИСЕНБАЕВ, Ф. МАЛИКОВ — Второй том истории Казахской ССР . . . . .	75
--	----

★





# Қазақстанның мол астығы үшін күрес

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің июньде болып өткен ІІ пленумы республика халық шаруашылығын дамытудың аса маңызды, түйінді мәселелерін қарап, жанжақты талқылады, партия, совет, шаруашылық ұйымдары алдында тұрған айбынды міндеттерді белгілеп, тиісті қаулылар қабылдады. Пленумда ауыл шаруашылығы өнімдерін мол өндіру жөнінде алынған социалистік міндеттемелерді орындаудың барысы туралы Алматы, Жамбыл, Ақмола облыстық партия комитеттерінің баяндамалары, күрделі құрылыс жұмыстарын жақсарту шаралары туралы Қазақ ССР Министрлер Советінің председатели Ж. Тәшенев жолдастың баяндамасы қаралды. Пленумда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. Қонаев жолдас сөз сөйлеп, республикамыздың халық шаруашылығын өркендетудің күрделі мәселелеріне талдау жасады, партия ұйымдарының алдындағы, барлық еңбекшілер алдындағы келелі міндеттерге тоқталды.

Республикамыздың партия ұйымдары партияның ХХІ съезінің және пленумдарының қаулы-қарарларын іске асыра отырып, халық шаруашылығын үздік өркендете беру жолында бірсыпыра жұмыс атқарды. Жетіжылдықтың алғашқы жылының тапсырмасы өнеркәсіптің негізгі өнімдері жөнінде артығымен орындалды. Өнеркәсіп еңбеккерлері қорғасын мен мырышты, мысты, басқа да түсті металдарды, көмір мен мұнайды, болат пен прокатты, алуан түрлі машина жабдықтарды, тұтыну заттарын жоспардағыдан артық өндірді. Көптеген жана завод, фабрикалар іске қосылды. Оның ішінде Қазақстан магниткасы бірінші кезегінің саяси және шаруашылық маңызы ерекше зор. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Бұқтарма су электр станциясы, Павлодар машина жасау, алюминий заводтары сияқты күрделі құрылыстарда жұмыс қарқыны қыза түсуде. Өнеркәсіп өнімі алдыңғы жылдағыдан 13 процент артық шығарылды.

Партияның Орталық Комитетінің июль Пленумын көрнекті жана табыстармен қарсы алуға жұмылып, республикамыздың еңбекшілері биылғы жылдың алғашқы жартысында да елеулі нәтижелерге ие болды. Жартыжылдық жоспар өнеркәсіпте мерзімінен бұрын орындалды. Ауыл шаруашылығында көктемгі егіс жұмыстары қысқа мерзімде сапалы аяқталды. Құнды дәнді дақылдардың (бидайдың, жүгерінің), қант қызылшасының, мақтаның егіс көлемі артты, ет едәуір көп өндірілді.

Дегенмен, республиканың партия, совет, шаруашылық ұйымдары мал шаруашылығын өркендету және күрделі құрылыс жұмыстарында елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Кейбір облыстарда, әсіресе Алматы, Жамбыл облыстарында мал қыстату нашар өткізілді. Бұл облыстардың партия, шаруашылық ұйымдары малды қыстату, мал азығын жеткілікті дайындау, әсіресе қысқы жайылымдарға жемшөп жеткізу жұмыстарын тиянақты ұйымдастыра алмады. Соның салдарынан едәуір мал, көбінесе қой мен ешкі шығынға ұшырады, ет өндіру мүмкіндіктері едәуір кеміді. Мал шығыны Алматы облысының Қаратал,



Қаскелең, Сарқант, Ақсу, Андреев, Киров аудандарында, Жамбыл облысының Сарысу, Меркі, Жамбыл аудандарында көп болды. Бұл аудандардың басшылары мал қыстату жұмыстарының барлық түрін мұқият ескеріп, шебер ұйымдастыру орнына жайбарақаттыққа салынған. Тіпті кейбір ауданның, жеке шаруашылықтардың басшылары жоғарғы орындарға өтірік мәліметтер беріп партия мен үкімет алдында, халық алдында қылмысты істер істеуге дейіп барған. Мәселен, Талдықорған ауданындағы «Коминтерн» колхозының председателі Сопиков колхоз малына бүкіл қыс бойы жетерлік жемшөп бар деп жалған мәлімет берген. Іс жүзінде колхоздың жемшөбі декабрь айында-ақ таусылып қалған. Соның салдарынан колхоз қойының 70 проценті шығын болды.

Сол сияқты Қаскелең аудандық партия комитетінің секретары Канцеляристов, аудандық атқару комитетінің председателі Банченко колхоз, совхоздардағы нақты жағдайды білмеген, қысқы жайылымдарға жемшөп жеткізуді кезінде ұйымдастыру ісімен мүлде шұғылданбаған. Аудан басшылары осылай өрескел бейқамдық істеп отырғанда, ауданда мал шығынының көп болуы таңқаларлық нәрсе емес.

Аудандардағы, колхоз, совхоздардағы нақты жағдайды Алматы облысының басшылары да (облыстық партия комитетінің секретары Бейсебаев, облыстық совет атқару комитетінің председателі Морозов) жете білмеген. Олар облыста малдың көп шығын болуына қысты желеу етпекші болады. Шынында қыстың қаталдығы мал шығынының негізгі себебі емес. Рас, өткен қыс ұзаққа созылды, ауа райы малға қолайсыз келді. Алайда, мал қыстатуға тыңғылықты әзірленген және мал қыстату жұмыстарын жақсы ұйымдастырған аудандар, жеке колхоздар мен совхоздар қыс қаншалық қатаң болса да малын көп шетінеткен жоқ. Мәселен, Нарынқол ауданында осылай болды. Бұл ауданда жемшөп жеткілікті әзірленген. Ауданның малшылары малды қыстан күйлі де шығынсыз шығарып, мал төлдетуді де тәуір аяқтады. Кәзір олар малды жазда жайып семірту, мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау күресіне жұмылып отыр.

Облыстың барлық аудандары да осылай мал қыстатуға тыңғылықты әзірленген болса, мал шығыны көп болмаған болар еді. Ал облыстың басшы орындары аудандардағы жағдайды кезінде жақсы біліп, оларға нақты басшылық етіп отырмады, ұйымдастыру, істің орындалуын бақылап, тексеру жұмыстарымен жеткіліксіз шұғылданды. Облыстық партия комитетінің, облыстық совет атқару комитетінің жұмыстарында басшылықтың жарамсыз стилі — мәжіліскұмарлық, қағазбастылық басым орын алды. Облыстық партия комитеті үстіміздегі жылдың алғашқы 4 айы ішінде ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде 144 қаулы алған. Оның ішінде мал шаруашылығы туралы 53, ал мал қыстату туралы 14 қаулы қабылдаған. Бірақ оларды іске асыруға және олардың орындалуын тексеруге сәйкес нақтылы ұйымдастыру жұмыстары жүргізілмеген. Сондықтан да қабылдаған қаулылары қағаз жүзінде қалып қойған.

Мал қыстатуға әзірліктің шешуші мәселесінің бірі — жемшөп дайындау. Бұл жөнінде өткен жылда облыста үлкен кемшілік болған еді. Ал кәзіргі кезде де жемшөп дайындау жұмыстарының, әсіресе пішен шауып жинау, шөп сүрлеу жұмыстарының барысы облыста қанағаттанарлық емес. Облыстың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары биыл кемінде 1,5 — 2 жылдық жемшөп дайындауға жұмылып отыр. Партия ұйымдары бұл игілікті бастаманы басқарушы да, ұйымдастырушы да болуға міндетті.

Мал қыстату жұмыстарында Алматы облысында кездескен кемшіліктер Жамбыл облысында тағы басқа облыстарда да орын алды. Мұнда да мал қыстатуға жанжақты әзірлік болмаған аудандарда, колхоз-



дар мен совхоздарда мал шығыны көп болды. Бұлардан партия ұйымдары тиісті қорытынды шығаруға тиіс. Алдымен мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын кәзірден бастап шұғыл қолға алып, тыңғылықты ұйымдастыру керек.

Қысқа даярланудың шешуші кезеңі — мал азығын дайындаудың қауырт кезеңі туды. Республикамыздың барлық облыстарында да шабындық шөп мол болып отыр. Бұл зор мүмкіндікті сарқа пайдалана отырып, қыс кезінде барлық малға жетерлік шөп жинап алумен бірге, қажетті сақтық қор жасауға да болады. Ендігі міндет жемшөп дайындау жұмыстарына барлық күш, мүмкіншіліктерді толық жұмылдыра білуде болып отыр. Бұл үшін партия, совет және шаруашылық ұйымдары алдымен мал азығы базасын нығайту жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысын мүлтіксіз орындауға, өздерінің басшылық және ұйымдастыру жұмыстарын неғұрлым ширата түсуге тиіс. Бұл күндерде олардың басшылық, ұйымдастыру жұмыстарының орталығы пішендіктер, шөп сүрленетін жерлер, жайылымдық учаскелер болуы керек.

Мал шаруашылығын өркендетудің, оны қыстың үскірік аязды, боранды күндерінде аман сақтап қалудың тағы бір маңызды шарты — мал қоралары. Мал қораларын салу, қыстауларда малшыларға тұрақты үй салып беру жөніндегі тапсырмалар жыл сайын орындалмай келеді. Мұндай құрылыстар үшін колхоздар қорынан қаражат аз бөлініп жүр. Мысалы, Алматы облысында құрылысқа колхоздар табысының өткен жылда тек 8 проценті ғана бөлінген. Бұдан былайғы жерде мұндай кемшіліктерге жол бермеудің барлық шарасын қолға алу керек. Мал қораларын салу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысын толық іске асыру — партия, совет, шаруашылық ұйымдарының айбынды міндеті. Әрбір колхоз бен совхоздың техникамен жақсы жабдықталған тұрақты құрылыс бригадасына ие болатын уақыты жетті. Мұның үстіне жаңа құрылып жатқан колхозаралық құрылыс ұйымдарын жедел нығайта түскен жөн. Бұлар ауыл-селода, қыстауларда құрылыс жұмыстарын ұдайы да көлемді және тиімді жүргізуге жәрдемдеседі.

Мал шаруашылығын білікті маман кадрлармен, іскер ұйымдастырушылармен тынбай нығайтып отыру міндетінің маңызы зор. Бұл шаруашылыққа немқұрайды селқос қарайтын, оны жалпы үстірт білетін, оны өркендету міндеттерімен терең шұғылданбайтын, малды тек оның өнімдері үшін ғана жақсы көретін адамдарды мал шаруашылығы маңына жолатпаған жақсы. Мал шаруашылығына жалпылама, үстірт басшылық етіп келген басшының жарқын үлгісін Жамбыл облысының Калинин атындағы совхозының директоры Арынғазиевтен көруге болады. Бірден-ақ ол совхозды, әсіресе оның мал шаруашылығын басқара алмайтынын танытқан. Бірақ шаруашылықты жете білмейтін бұл жауапсыз, маскүнем директорға аудандық және облыстық партия комитеттері ұзақ уақыт бойы ескертулер жасап, бірнеше сөгіс берумен тынады, сөйтіп орынсыз төзімділік жасайды. Ақырында ол совхоз шаруашылығын мүлде ақсатып болғанда ғана обком оны қызметінен босатады. Мұндай берекесіз де жауапсыз қызметкерлерді басшылық жұмыстан аулақ ұстау үшін партия комитеттері кадрларды іріктеп алу, дұрыс орналастыру және оларды тәрбиелеу жөніндегі лениндік принципті берік сақтауға тиіс.

Республикада мал қыстатуда болған кемшіліктер, малдың шығыны мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі социалистік міндеттемелердің орындалуына едәуір қиындық туғызды. Дегенмен Отанға биыл 700 мың тонна ет, кемінде бір миллион тонна сүт, 86 мың тонна жүн беруге республикамызда барлық мүмкіндік бар. Мал басы шығынының орнын толтырумен бірге оны өсіру жөніндегі жоспарды да толық



орындауға болады. Тіпті мал шығыны көп болған Алматы, Жамбыл облыстарында да малды өсірудің жылдық жоспарын орындау мүмкіндіктері мол екені айқындалып отыр. Ендігі міндет — малшылардың алған социалистік міндеттемелерін абыроймен орындау жолындағы күресін шебер ұйымдастырып, оны басқара білуде, республикамыздың даңқты 40 жылдығына лайықты тартулар әзірлеуге арналған социалистік жарысты бүкіл жұртшылықтың құрметті де айбынды ісіне айналдыруда.

Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру және мал басын өсіру жөніндегі социалистік міндеттемелерді орындау үшін мынадай нақты шараларды іске асыру керек: мал шығынын тоқтатудың барлық айла-амалын қолға алу; төлді түгел аман сақтап өсіру; төлдейтін малдың қысыр қалуын мүлде жою; ішкі шаруашылық қажетіне малды неғұрлым аз жұмсау; малды жаз кезінде жайып семіртуді барынша жақсы ұйымдастыру; колхозшылардан, жұмысшылар мен қызметшілерден мал сатып алу ісін ұйымшылдықпен өткізу; ет өндіруді арттырудың барлық қолда бар мүмкіндіктері мен резервтерін сарқа пайдалану, әсіресе құс өсіру, шошқа, жылқы етін молайту жөніндегі мүмкіндіктерді толық іске қосу.

Партия, совет, шаруашылық ұйымдары бұл міндеттерді ұйымдастыру, басқару жұмыстарын мықтап қолға алатын болса, жетіжылдықтың екінші жылы мал шаруашылығын өркендету жөнінде сөзсіз табыспен аяқталады.

Қазақстанның ұлан байтақ егін даласында, тыңды облыстарында бітік егін өсіп келеді. Көктемгі егіс жұмыстарының ұйымшылдықпен қысқа мерзімде өткізілуі, егіндік жерлерде ылғалдың жеткілікті болуы биыл республикамыздың барлық облыстарынан жаппай мол өнім алуға қолайлы жағдай туғызып отыр. Мұның үстіне колхозшылар, совхоз еңбеккерлері кәзір егінді жақсы күтіп, баптау, бітік егінді дер кезінде ысырапсыз жинап алуға жанжақты әзірлену жолында социалистік жарысты кең өрістетті.

Республикамызда биыл 24 миллион гектардан астам жаздық егін егілді. Оның ішінде 17 470 мың гектар бидай, яғни былтырғыдан 1 110 мың гектар артық егілді. Қант қызылшасының, мақтаның егіс көлемі де едәуір артты.

Кәзіргі шұғыл міндет барлық егінді жақсы күтіп, баптау арқылы егіс жұмыстары кезінде қол жеткен табыстарды баянды ете түсуде, әрбір гектардан неғұрлым мол өнім алуға жетуде болып отыр. Жүгері, қант қызылшасы, мақта сияқты дақылдарды күту жұмыстарына ерекше назар аударылуы керек. Алайда республикамыздың оңтүстік шығыс облыстарында жүгеріні күту жұмысының барысы айтарлықтай жақсы емес. Әсіресе қатараралықтарын өңдеу, қант қызылшасын сирету, арамшөптерді отау жұмыстары шабандап жатыр. Мұндай кемшіліктерді жедел жоя отырып, биыл жүгері егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 30—40 центнерден дән алу үшін, суармалы жердегі жүгеріден 400—500 центнерден, ал суарылмайтын жерден 250—300 центнерден көк пая жинау үшін күресу керек. Сол сияқты қант қызылшасы мен мақтадан мол өнім алудың тағдырын көбінесе егінді күту, баптап өсіру жұмыстары шешеді. Партия ұйымдары, шаруашылықтардың басшылары егінді күту жұмыстарын мұқият ұйымдастыруға тиіс.

Егін жинауға әзірленгенде өткен жылдың сабақтарын мықтап ескеру керек. КПСС Орталық Комитеті өзінің декабрь Пленумында Қазақстанның партия ұйымдарын егін жинау жұмыстарындағы өрескел кемшіліктері үшін әділ де орынды сынаған болатын. Өткен жылда комбайнның, трактордың тағы басқа техниканың кезінде жөнделмей қалғаны, ал техниканың едәуір бөлегі сапасыз жөнделгендіктен өте өнімсіз пайдаланылғаны, механизатор кадрлардың жетіспегені, бұлардың



салдарынан егін жинаудың ұзаққа созылғаны, көп астықтың жиналмай қар астында қалғаны, астық ысырабының көбейгені жұртқа мәлім.

Міне мұндай кемшіліктерге биыл жол бермеудің барлық нақты шараларын қолға алған жөн. Партия, совет, шаруашылық ұйымдары егін жинауға әзірлену жұмыстарымен күнбе-күн нақтылы шұғылданып, оларды тыңғылықты ұйымдастыруға міндетті.

Алайда бірсыпыра облыстық, аудандық партия комитеттері, облыстық, аудандық совет атқару комитеттері әлі де болса өткен жылдың кемшіліктерінен тиісті сабақ ала алмай отыр. Мұны егін жинауға даярлық барысының сылбырлығы көрсетеді. Оңтүстік Қазақстан облысы егін жинау жұмыстары басталғанға дейін техниканы толық, сапалы жөндеп бола алмады. Жамбыл, Алматы облыстары да егін жинауға шала әзірлікпен кірісіп отыр. Қомбайндарды тағы басқа техниканы жөндеу жұмыстарының барысы солтүстік облыстарда да мардымсыз.

Бұлар дабыл қағып, жұмыста үздік қарқын туғызуды талап етеді. Техниканы түгел де сапалы жөндеудің және оны неғұрлым өнімді пайдаланудың барлық түйінді міндеттерін түбегейлі шешу қажет. Солтүстік облыстардағы барлық күш, мүмкіндіктер кәзір осы міндетті орындауға жұмылдырылсын. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумы осыны талап етті.

Егін жинау басталғанға дейін колхоздар мен совхоздардағы қырман-дар, асфальтталған аландар, астықты уақытша сақтайтын орындар, астық тазалайтын және құрғататын құрал-жабдықтар толық әзір болуға тиіс. Астық қабылдайтын орындарды, тасымалдау құралдарын даярлау жөнінде пленум тиісті ұйымдарға нақты тапсырмалар берді. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне колхоздар мен совхоздарды астық таситын машиналармен қамтамасыз ету жүктелді.

Бітік егінді неғұрлым қысқа мерзімде шашпай, төкпей жинап алу-дың түйінін түптеп келгенде адамдар, механизатор кадрлар шешеді. Сондықтан партия ұйымдары механизатор кадрларды даярлау, жұмыс күштерін ұйымшылдықпен дұрыс пайдалану, еңбекшілердің социалистік жарысын жақсы ұйымдастырып, олардың өндірістік белсенділігін арттыру, еңбек тәртібін барынша нығайту, өнімді еңбек етіп, мәдениетті өмір сүруіне жету міндеттеріне ерекше көңіл бөлуі керек. Егін қос-тарында, қырман-дарда бұқаралық саяси, үгіт насихат жұмыстары кең өрістетілуге тиіс.

Егін жинаудың озат, тиімді әдістерінің бірі — астықты бөлектеп орып бастыру. Бұл әдіс дұрыс қолданылған жерде астықтың ысырабы азайып, сапасы артады. Ендеше бұл әдісті жер-жердің нақты жағдай-ларына орай творчестволықпен қолданған жөн. Бөлектеп орылған егін дестесін аңызда көп жатқызбай, жедел жинаған жақсы. Егінді бөлектеп жинау сонда ғана тиімді келеді.

Республикамыздың егін даласының еңбеккерлері кәзір жаңа зор саяси және өндірістік өрлеу үстінде отыр. Бұл өрлеудің арқауы—елімізде коммунистік құрылыстың кең өріс алуы, коммунистік құрылыстың алғашқы нақты программасы — жетіжылдық жоспардың табыспен орындалып келе жатқаны, социалистік ұлы Отанымыздың бүкіл дүние жүзі еңбекшілері алдында абыройы артып, мерейі үстем бола түсуі. Коммунистік партияның, Совет мемлекетінің бейбітшілік саясатын дәйектілікпен жүргізуін, оның мызғымас негізі ретінде екі экономикалық системаның бейбіт қатар өмір сүруі жөніндегі лениндік дана қағиданы басшылыққа алуын бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш халықтары қызу қуаттап та мақұлдап отыр. Мұның бәрі заманымыздың қуатты қозғалысы — коммунистік жарыстың кең өріс алып, тереңдей беруіне дем береді.

Республика еңбекшілері кәзір Отанымызды Қазақстанның мол астығымен қуанту күресіне жұмылды. Олар бұл күрестің барысында бітік



өсіп келе жатқан егіннің түріне қарай бұрынғы алған міндеттемелерін қайта қарап, көтеріңкі жаңа міндеттемелер алып жатыр. Батыс Қазақстан облысының егіншілері биыл елімізге бұрынғы алған міндеттемесі — 27,8 миллион пұттың орнына 43 миллион пұт астық беруге міндеттенді. Бұл игілікті бастаманы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумы қуаттап, одан басқа облыс егіншілері үлгі алуға тиіс деп тапты.

Совет халқы биыл Қазақстан дихандарынан мол астық күтіп отыр. Халықтың бұл үмітін ақтауға қажетті жағдайлар Қазақстанда бар. 1956 жылы Қазақстан Отанға бір миллиард пұтқа жуық астық берген болатын. Республикамыздың бұл табысына байланысты Н. С. Хрущев жолдас былай деп көрсеткен еді: «Қазақ ССР қуатты астықты республикалар қатарына қосылып, биыл өзінің зор мүмкіндіктері бар екенін көрсетті. **Бірақ миллиард пұт астық оның мүмкіндіктерінің шегі емес.**»

Биылғы жыл міне бұл шектен асып түсетін жыл болуы керек. Тың алқапты Қазақстан биыл елімізге 800 миллион пұттан астам астық бере алады. Бұған республикада біркелкі жақсы өсіп келе жатқан егін түрі, халқымыздың Отанға астықты көп беруге деген ынта-жігері кепіл. Енді бүкіл күш, партия ұйымдарының барлық ұйымдастыру басшылық жұмыстары осы мүмкіндіктерді іске асыруға, нақты шындыққа айналдыруға жұмылдырылуы керек.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумы республикадағы барлық коммунистерді, комсомолецтерді, колхозшыларды, совхоз жұмысшыларын, мамандарды, ауыл шаруашылығының барлық еңбеккерлерін биыл—жетіжылдықтың екінші жылында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі міндеттемелерді абыроймен орындауға, сөйтіп Советтік Қазақстанның 40 жылдығына лайықты сыйлық даярлауға шақырды. Коммунистік жарыс туын жоғары ұстап, бұл шақыруға жаңа ерлік істермен жауап берейік.





# Кәсіподақтардың жұмысын жақсартып берейік

Өткен июнь айында Алматыда Қазақстан кәсіподақтарының VI съезі болып өтті. Съезд Қазақстан кәсіподақтары советінің есепті баяндамасын тындап, республика кәсіподақтары алдында тұрған маңызды жаңа міндеттерді белгіледі, басшы органдар сайлады. Кәсіподақтар съезі Америка Құрама Штаттары үкіметінің агрессиялық әрекеттерін айыптаған қарар қабылдады. Сонымен бірге делегаттар зор өрлеу үстінде партияның Орталық Комитетіне, Н. С. Хрущев жолдасқа хат жолдады.

Бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің кеменгер көсемі В. И. Ленин ғылым мен мәдениетті кең таратудың және жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның саяси белсенділігін, еңбектегі шабытын, қайрат-жігерін тасытып отырудың өте-мөте зор маңызы бар екенін талай рет атап көрсеткен-ді. Бұл қасиетті міндетті жүзеге асыруда партияның көмекшісі, мықты таянышы да сенімді тірегі — советтер, кәсіподақтар, комсомол сияқты бұқаралық ұйымдарға Ленин ерекше маңыз беріп, зор үміт артты.

Совет кәсіподақтары — нағыз бұқаралық ұйым, қоғамдық саяси елеулі күш. Ол Коммунистік партияны еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланыстырып, жалғастыратын мықты да тұтқыр дәнекер. Кәсіподақтың социалистік құрылыстағы маңызын Владимир Ильич жоғары бағалады. Кәсіподақтар «...Тәрбиеші ұйым, іске тартушы, үйретуші ұйым, — деп жазды ол, — бұл мектеп, басқару мектебі, қожайындық ету мектебі, коммунизм мектебі» (Шығармалар 32-том, 2-бет).

Лениннің қысқа да болса, мағнасы терең бұл тұжырымдамасы коммунизм жеңісі жолындағы күресте кәсіподақтар үшін шам-шырақ жарық жұлдызға айналды. Құрылғанына жарты ғасырдан астам уақыт өткен совет кәсіподақтары жұмысшы табының қуатты да шын мәнісіндегі бұқаралық ұйымы болып қалыптасты. Совет халқының дүниежүзілік тарихи жеңістерге жетуіне бұл ұйымның да сіңірген еңбегі зор. Өйткені кәсіподақтардың бүкіл жұмысы елімізде коммунистік қоғам орнату күресімен тығыз байланысты, онымен біте қайнасқан, ол Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін дамыту, еңбекшілердің тұрмыс күйін жақсартып беру міндеттеріне бағындырылған. Партия мен үкімет совет кәсіподақтарының бұл еңбегін жоғары бағалады, ол Ленин орденімен наградталды.

Коммунистік партия, оның лениндік Орталық Комитеті кәсіподақ жұмысын кәзіргі заманымыздың өскелең талабына сай құруға, елдің саяси-шаруашылық тіршілігіндегі оның ролін күшейтуге әрдайым назар аударып, қамқорлық жасаумен келеді. КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1957) Пленумында СССР кәсіподақтарының жұмысы жайында арнаулы мәселе талқыланылуы сол қамқорлықтың тағы бір жарқын бейнесі еді. Елімізде кәсіподақ жұмысын бұрынғыдан да дамыта түсуде декабрь Пленумының тарихи маңызы бар. Пленумның, сондай-ақ партияның XX, XXI съездерінің шешімдерінде В. И. Лениннің кәсіподақ туралы ілімі творчестволықпен ілгері дамытылды, коммунистік құрылыстың кең өрістетілген кәзіргі жағдайында бұқаралық бұл



ұйымның келелі міндеттері, алар орны, атқарар қызметі саралап белгіленді. Кәсіподақ ұйымдарының бүгін таңдағы басты міндеті — еңбекшілер бұқарасын КПСС XXI съезінің шешімдерін жүзеге асыруға, ең алдымен жетіжылдық жоспарды, 1960 жылдың өндірістік тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыру.

Партияның сара басшылығы, үлкен көмегі, қамқорлығы арқасында соңғы жылдары шаруашылық пен мәдениет саласында кәсіподақтардың белсенділігі күшейді. Олар халық шаруашылығы жоспарын жасауға жиі қатысып, өндіріс және еңбек өнімділігін арттыру мәселелерімен тереңірек шұғылдана бастады, еңбекшілерді өндірісті басқаруға кеңінен қатыстыратын болды, өндіріс техникасын дамыту, жұмысшы, қызметшілердің еңбек-тұрмыс жағдайын оңдау жолында неғұрлым жігерлі күрес жүргізе бастады.

Кәсіподақтардың белсенділігін арттыруда СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша бекітілген фабрикалық, заводтық, жергілікті кәсіподақ ұйымдарының праволары жөніндегі ереженің мәні үлкен болды. Өйткені бұл ереже бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымдарының правосы едәуір кеңейтілді, өндірісті басқарудағы ролі өсті. Кәсіподақ жұмысын жақсартуда СССР кәсіподақтарының өткен жылы болған XII съезі маңызды орын алады. Кәзір еліміздегі курорт, санаторийлердің, демалыс үйлерінің бәрі кәсіподақтар қарамағына берілді. Бұл да партия мен үкіметтің кәсіподаққа зор сенім көрсетіп, оған айырықша маңыз беріп отырғанын сыпаттайды.

Сонымен қатар совет кәсіподақтары дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату, жаппай қарулануды, ядролық қаруды сынауды тоқтату, оған тыйым салу жолындағы игі күрестің алдыңғы сапында келеді. Олар 80-нен астам елдің кәсіподақтарымен қарым-қатынас жасауда.

Қазақстан кәсіподақтарының VI съезі есеп берген уақыт ішінде істелген жұмыстарды жан-жақты қорытты, алда тұрған соны міндеттерді талдап белгіледі. V съезден бері өткен екі жыл Отан өмірінде бай оқиқаларға толы кезең болды. Оның ішінде ең елеулісі — елімізде коммунистік құрылыстың кең программасын жасап берген партияның даңқты XXI съезі болды. Содан бері съездің тарихи шешімдерін орындау, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетін жүзеге асыру жолында совет халқы тамаша жеңістерге жеткені мәлім. Ғылым мен техника прогресінде, космос кеңістігін зерттеуде, атом қуатын бейбіт мақсатқа жаратуда қол жеткен табыстарымыз достарымызды қуантып, дұшпанымызды күйіндірді.

Коммунистік партияның белгілеген алып программасын орындай отырып, Қазақстан еңбекшілері де халық шаруашылығын дамытуда елеулі жетістіктерге ие болуда. Республикамызда жетіжылдықтың бірінші жылының өнім шығару жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Өндірісте жаңа техника мен озат технологияны енгізу бағытында бір қыдыру жұмыс тындырылды. Соңғы екі жылда өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру үшін жүзеге асырылған шаралар 273 миллион сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді. Былтыр колхоздар мен совхоздар мал шаруашылығы өнімдерін сату жоспарын асыра орындады. Республика еңбекшілері биыл да жарыс туын жоғары ұстауда. 1960 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысқа барлық кәсіпорындар, совхоздар, бүтіндей облыстар, экономикалық аудандар қосылып отыр. Жарысқа қатысушылардың саны былтырғыдан 116 мың адам артқан. Ал социалистік жарыс — бұқараны тәрбиелеудің, ұйымдастырудың, оның өндірістік белсенділігін арттырудың сыннан өткен негізгі әдісі.

Социалистік міндеттеме қабылдау, оның орындалуын тексеру, жарыстың қорытындысын шығару арқылы еңбек адамдары өндіріс ісінің барысына, оның өрге басуына өлшеусіз ықпал жасап отырады.



Коммунистік құрылыстың кәзіргі тарихи кезеңінде елімізде социалистік жарыстың жана да жоғары түрі — коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атақ алу жолындағы патриоттық қозғалыс қанатын мейлінше кең жаюда. Коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділері озаттарының бүкілодақтық кеңесінде 1960 жылғы 28 майда сөйлескен сөзінде Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Жетіжылдықтың бірінші жылында туған бұл ізгі бастаманы партия неліктен осыншалық қызу қостады? Жолдастар, оның себебі сол, бір бригада, бір завод, колхоз, совхоз немесе бір аудан коммунизмге жеке-дара жете алмайды. Біз тек бәріміз де жұмыла біріккенде ғана, жалпыхалықтық күресті кеңінен өрістеткенде ғана коммунизмнің биік асуларына жетеміз. Мұны әрқашан да есте ұстау, жетіжылдық жоспардың міндеттерін орындауға бұқараны ұйымдастырып отыру — партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының борышы».

Коммунистік еңбектің коллективі мен екпіндісі атағын алу, Гаганованың ізгі бастамасын қолдау жарысы республикамызда кең өріс алды. Бұл күндері өнеркәсіп пен транспортта, ауыл шаруашылығында 9 мыңнан аса бригада, смена, цех, учаске коммунистік еңбек атағын алу үшін күресуде, ол 160 мыңнан астам жұмысшы мен инженер-техник қызметкерді біріктіреді. Кәзірдің өзінде 1470 коллектив бұл құрметті атақты жеңіп алды. Бүтіндей завод, фабрика, совхоздар да осындай атақ алуға ұмтылуда. Қазақстан магниткасы құрылысындағы П. Романның, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатындағы Т. Прошкуратовтың, Ақтөбе ферросплав заводындағы У. Нұрмашевтің, Көкшетаудың білікті шофері Ғ. Нұғмановтың тағы осы сияқты коммунистік еңбектің ерен ерлерінің есімі жұртқа аян. Коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің бүкілодақтық кеңесіне қатысып, Кремльден омырауына алтын жұлдыз қадап қайтқан металлург Н. Ахметжанов, Ж. Бейісов, экскаватор машинисі Л. Петров жолдастарды республика жұртшылығы орынды мақтаныш тұтады.

Жарыста алған міндеттемені орындау күресі күннен-күнге күшейіп келеді. Соның нәтижесінде Қазақстан өнеркәсібі үстіміздегі жылдың бес айының жалпы өнім шығару жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Көптеген аудандар егісті жоғары агротехникалық дәрежеде қолайлы мерзімде өткізді. Жетіжылдықтың зор жоспарын жүзеге асыруда республика еңбекшілерінің ие болған алғашқы табыстарында партия, совет ұйымдарымен бірге кәсіподақтардың да айтулы үлесі бар екені даусыз.

Қазақстан кәсіподақтары советінің съезде жасалған есепті баяндамасында және жарыссөзде атап айтылғанындай, республика кәсіподақтары партияның ХХІ съезінің шешімдерін іске асыру күресіне бұқараны жұмылдыруда, социалистік жарыстың барлық түрін онан әрі дамыту арқылы жұмысшы, қызметшілерді өндірісті басқаруға қатыстыруда, коллективтік договордың, өнертапқыштардың жұмысын жақсарту бағытында біраз қызмет атқарды.

Алайда социалистік жарысты ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар. Әрбір кәсіпорынның, совхоздың жұмысты мінсіз істеуіне, жарыстың нақты да бұқаралық сипатта, әсерлі, жариялы болуына кейбір кәсіподақ ұйымдары жеткілікті қамқорлық етпейді. Міндеттемені жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастыру, көпшілік-саяси жұмысы ойдағыдай жүргізілмейді, ол көп ретте жалпылама думанның арасында қағажу қалып қояды. Озық тәжірибені зерттеу, қорыту, тарату ісінде ойдағыдай емес. Жеке кәсіпорынның артта қалу себебін зерттеп ашу, соған кезінде нақты көмектесу жағы кеміс. Мұндай кемшіліктер, әсіресе ауыл шаруашылығы, совхоздар, автотранспорт министрліктері кәсіпорындарында, демек сол саладағы кәсіподақтардың жұмысында басымырақ орын алған. Былтыр халық шаруашылығы советтері кә-



сіпорындарының 19 проценті өндірістік тапсырманы орындаған жоқ. Соның салдарынан Қарағанды облысы бойынша 270 миллион сомның, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 66 миллион сомның түрлі бұйымдары кем шығарылды. Қарағанды облысының шаруашылық және кәсіподақ ұйымдарының ішкі резервтерді ашып, пайдалану ісімен мардымсыз шұғылданып келе жатқаны съезде орынды сыналды. Бас-сейннің бірсыпыра шахтасында еңбек өнімділігінің дәрежесі төмен, транспорттың жұмысы берекесіз, кен даярлық ісі жолға қойылмаған. Республиканың көп кәсіпорнында өнімнің түсер құнын кеміту, шикізатты, отынды, электр қуатын, металды үнемдеу жолындағы жарыс ти-янақты ұйымдастырылмаған. Әсіресе құрылыс ұйымдарында үнем тәртібі қатаң сақталмайды.

Партия, совет ұйымдарымен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, кәсіподақтар социалистік жарысты ұйымдастырудағы кемшіліктен жедел де батыл арылу шараларын істеуі керек. Социалистік жарысты ұйымдастырғанда оның жариялылығы, жарыстың қорытындысын шығарып салыстырып отыру, құнды тәжірибені таратып, қалың көпшіліктің игілігіне айналдыру, өзара жолдастық көмек сияқты лениндік ережелерді орындауға баса назар аудару керек. Әрбір кәсіподақ ұйымы жарысқа нақты басшылық етіп, өнімді еңбекке бөгет, тосқауылды жоюға, жарысушылардың міндеттемесін орындауына қолайлы жағдай жасауға ұйтқы болып отырулары қажет. Кәсіподақтар бұқараның патриоттық қозғалысын дамыта берудегі өзінің күнделікті жұмысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің, Қазақстан кәсіподақтары советінің жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жарысын кең өрістету туралы қаулысын басшылыққа алуға тиіс.

Биыл Қазақстан өзінің 40 жылдығын салтанатпен мерекелейді. Қазір республикамызда осы даңқты мерекені лайықты қарсы алу жорығы басталды. Қазақстан Компартиясының X съезі көрсеткендей, республика халық шаруашылығын өркендетудің 1960 жылғы жаңа да биік асуы алда тұр. Республика бойынша биыл миллиардтаған сомның өнеркәсіп өнімі шығарылады, 16 миллиард сомнан аса күрделі қаржы игеріледі, 70 мың балаға арналған мектеп, 4,9 мың төсектік емхана, көптеген балалар мекемелері салынып іске қосылуға тиіс. Мемлекетке кемі 800 миллион пұт астық, 210 мың тонна мақта, 160 мың тонна қант қызылшасын, көптеген мал шаруашылығы өнімдерін сату және тапсыру міндеті алға қойылып отыр. Бұл асудан мүдірмей өтуге республика кәсіподақтары да өз үлесін қосуға борышты.

Партияның Орталық Комитетінің декабрь Пленумы (1957 ж.) өндірістік кеңестердің жұмысын жақсартып, оларды тұрақты жұмыс істеуге көшіруді ұсынған болатын. Осы талапқа сәйкес республикамызда бес мыңға таяу жалпы заводтық, цехтық тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңес ұйымдастырылған. Олардың ролін, беделін көтеру қабылдаған шешімдерінің әсерлі болуын күшейту жөнінде кәсіподақ ұйымдары біраз жұмыс істеді. Өскемен мырыш-қорғасын комбинатында, Балқаш мыс заводында, Алматы № 1 тігін фабрикасында және өзге де бір талай кәсіпорында тұрақты жұмыс істейтін кеңестер басқаларға үлгі-өнеге боларлықтай. Бұлар өз мәжілісін кезінде өткізеді, онда өндірістің өзекті мәселелерін қарап шешеді, еңбек өнімділігін еселеп арттырудың, өнімнің түсер құнын кемітудің жаңа мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесіп отырады, жаңалық ұсыныстар енгізеді. Дегенмен істің жайы барлық жерде біркелкі жақсы деуге болмайды. Көптеген кәсіпорында өндірістік кеңестер жұмыс істемейді. Жеке кәсіпорындарда ол атымен жоқ. Оны әрбір кәсіпорында құрып, өндірістік кеңестің ролін арттыру, коллективтік договордың маңызын күшейту, өнертапқыш-



тар мен ғылыми-техникалық қоғамдардың жұмысын жолға қою — кәсіподақтардың төл ісі.

Соңғы жылдарда партия мен үкімет еңбекшілердің әл-ауқатын көтере түсуді көздеген бірнеше елеулі шараларды жүзеге асырып келеді. Соның бірі СССР Жоғарғы Советінің жақында өткен V сессиясының қабылдаған салықтарды жою, 1960 жылы халық шаруашылығының барлық саласындағы жұмысшылар мен қызметшілердің жұмыс күнін 6—7 сағатқа көшіру туралы Заңы болып саналады. Қысқарған жұмыс күніне көшіру барытында кәзірдің өзінде біраз жұмыс істелді. Көмір, металлургия, химия, мұнай өнеркәсібінде және басқа салада мұның өзі жүзеге асырылды. Енді көп кешікпей басқа да өнеркәсіп салалары қысқарған жұмыс күніне көшеді. Оған үлкен даярлық керек. Қысқарған жұмыс күніне көшу ісіне кәсіподақ үнемі бақылау жасап, шаруашылық ұйымдарына тиісті көмек көрсетіп отыруы керек.

Сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыс қажетін өтейтін орындардың жұмысын кәзіргі талапқа сай құру, оған қоғамдық бақылау орнату жөнінде кәсіподақ ұйымдары үлкен роль атқаруға тиіс. Еңбекшілерді таяудағы жылдары тұрғын үймен толық қамтамасыз ету түбегейлі міндет болып отыр. Бірақ ұйымдастыру жұмысының нашарлығынан соңғы екі жылда республикада тұрғын үй құрылысының жоспары орындалмай келеді. Бұл істің жайы әсіресе Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында мардымсыз. Халық шаруашылығы советтерімен, совет, шаруашылық ұйымдарымен бірлесе отырып, кәсіподақтар тұрғын үй, мәдениет-тұрмыс объектілерін салу жоспарын орындауға ұдайы ат салысып отыруға міндетті.

Кәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің әл-ауқатын көтере түсуде партия мен үкімет белгілеген шараларды іс жүзіне асыру үшін батыл күресуге міндетті. Олар жұмысшы, қызметшілердің еңбек жағдайын жақсарту, жалақысын тәртіптеу, әлеуметтік қамсыздандыру қорына үлестің дер кезінде түсуін, оның дұрыс жұмсалуын бақылау сияқты істерге белсене араласып, оларды тікелей басқаруға тиіс. Еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі мәселесінің де маңызы зор. Сондықтан да съезде бұған айырықша көңіл бөлінді. Жұмысшы, қызметшілердің еңбек жағдайын жақсартуға республика бойынша соңғы екі жылда 364 миллион сом қаржы жұмсалды.

Бірақ кейбір халық шаруашылығы советінің, министрлік, ведомстволардың, кәсіпорындардың басшылары өндірісте тиісті қауіпсіздік, қолайлы еңбек жағдайын туғызудың мәнін елемей келеді. Соның салдарынан кей жерде өндірісте жарақаттану, кәсіби ауыру, кәсіпорындардың шалағай қалпында іске қосылуынан болатын қолайсыз жайттер кездеседі. Өндірісте жарақаттану, көмір, станок жасау, ағаш өңдеу өнеркәсібінде жиі болып жүр. Жұмысшыларға тиесілі мөлшерден артық жұмыс істету, демалыс күндерін басқа уақытқа көшіру, сөйтіп еңбекшілердің заңды праволарына қол сұғу тәрізді өрескел фактілер әлі ақырына дейін жойылған жоқ. Мәселен, 1959 жылы Шымкент өнеркәсіп құрылысы тресінің бастығы Демидович үш ай бойы жұмысшыларға 11 демалыс күнін пайдалануға мүмкіндік бермей, 20 мың сағат уақыт тиісті мөлшерден артық жұмыс істеткен. Ал Оңтүстік Қазақстан кәсіподақ советі еңбек заңын мұндай өрескел бұзушылыққа қарсы батыл шара қолданбаған. Бұдан тиісті қорытынды жасау керек. Кәсіподақ ұйымдары өндірістегі еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі мәселесіне үнемі бақылау жасап, бұл жөнінен шаруашылық басшыларына талапты мейлінше күшейтуі, сөйтіп еңбекшілердің заңды праволарын батыл қорғап отыруы керек.

Еңбекшілердің демалысын, емделуін ұйымдастырып отыру жөнінде кәсіподақтарға үлкен жауаптылық жүктеледі. Соңғы екі жыл ішінде республикамыздың кәсіподақ ұйымдары сауықтыру орындары-



ның жұмысын оңдау үшін біраз шаралар қолданды. Бірақ бұл салада жұмыстың істелгенінен істелмегені көп. Бізде курорт, санаторий, демалыс үйлері әлі аз. Олар әзірге республикамызда жұмысшы, қызметшілердің саны өсу қарқынына сай емес. Ал Қазақстанда шипалық қасиеттері мол, табиғаты сұлу, талай сауықтыру орындарын салуға қолайлы жерлер көп-ақ. Съезд делегаттары атап көрсеткендей, Қөкшетау, Қарқаралы, Баянауыл өңірлері, Алматы төңірегі сияқты алқаптар нағыз жер жанаты емес пе! Бірақ республика кәсіподақтар советі де, денсаулық министрлігі де мұнай табиғат байлығын кәдеге жарату жөнінде келелі жұмыс істей алмай отыр. Сондықтан қызметшілер мен жұмысшылардың көбі сонау алыстағы Қырым, Кавказ курорттарына барып емделуге мәжбүр болады. Бұған мемлекеттің қыруар қаржысы жұмсалады. Съезде мынадай факті келтірілді. Тек жалғыз Қарағанды облысынан одақтық маңызы бар сауықтыру орындарына жыл сайын 10 мыңнан астам адам жіберіледі екен, мұның өзі мемлекетке 19 миллион сомға түседі. Сонымен қоса алыс курортқа барған әр адам өз жинағынан кемінде 2 мың сом жұмсайды. Ал осыны жоғарыдағы 10 мың кісіге есептегенде 20 миллион сом тағы шығын болады екен. Қарағанды сияқты ірі өнеркәсіпті ауданда бірде-бір жақсы санаторийдің, не демалыс үйінің болмай отырғаны қынжыларлық іс.

Халыққа, әсіресе тың өлкесіндегі, мал отарындағы еңбекшілерге дәрігерлік қызмет көрсету ісі де ойдағыдай емес. Аурудың алдын алатын медициналық шаралар тыңғылықты жүргізілмейді. Бұл кемшіліктерді дереу түзету керек. Физкультура және спорт ісін дүйім көпшіліктің игілігіне айналдырудың да мәні ерекше.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде кәсіподақ ұйымдары үлкен орын алады. Олардың бұл саладағы міндеттерін партияның ХХІ съезі толық айқындап берді. «Кәсіподақ ұйымдары,— делінген съезд шешімінде,— бұқара арасындағы тәрбие жұмысын күшейтуге, өзінің тәрбиеші ретіндегі, коммунизм мектебі ретіндегі ролін жақсы орындауға және еңбекшілерге советтік патриотизмді, кемшіліктерге төзбеушілікті, еңбек пен қоғамдық меншікке социалистік тұрғыдан қарауды орнықтыра білуге, өндірістің жаңашылдары мен озаттарын қолдап отыруға, олардың тәжірибесін кеңінен таратып, брак жасаушыларға, қыдырымпаздар мен жалқауларға қарсы қоғамдық пікірді бағыттап білуге міндетті».

Мұны орындауға кәсіподақ ұйымдарының күші де, мүмкіндігі де жетеді. Республика кәсіподақ ұйымдарының қарамағында 1300 клуб, мәдениет үйі, мәдениет сарайы, 5 мыңнан астам қызыл мүйіз, бір жарым мыңнан астам кітапхана бар. Кәсіподақ активінің қатары мықтап өскен. Қордай ауданы еңбеккерлерінің белгілі үндеуі мәдени-ағарту жүйесін көбейтіп, ауылдың мәдениетін көтере түсуге үлкен себін тигізгенін айтқан жөн. Халық театрлары мен мәдениет университеттері сияқты мәдени-ағарту мекемелерінің жаңа түріне баса көңіл бөлу, көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмысын жақсарту, жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін көтеру шараларын іске асыру кәсіподақтардың құрметті міндеті.

Бүгінгі Қазақстан Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Қарағанды металлургия заводы, Павлодар-Екібастұз өнеркәсіп торабы, Бұқтарма су электр станциясы сияқты жетіжылдықтың алып құрылыстары салынып жатқан, даласы егінге жайқалған, өрісі малға толған, мәдениеті шарықтап өскен өлке. Осыған орай республика кәсіподақ ұйымдарының атқаратын қызметінің көлемі зор, түрі сан-алуан. Бұл міндетті олардың абыроймен орындауы кәсіподақ ұйымдарының, әсіресе оның басшы органдарының жұмыс дәрежесі жоғары болуына, ұйымдастыру жұмысын ширақ та іскер жүргізе білуіне байланысты. Партияның ХХІ съезінің, декабрь Пленумының шешімдерін жүзеге



асыра отырып, Қазақстан кәсіподақтары өзінің ұйымдық жұмысын біраз жақсартты. Алайда олардың жұмысында елеулі кемістіктер де бар, оны съезде де атап көрсетті. Кемшілік ең алдымен Қазақстан кәсіподақ советінің, республикалық комитеттерінің, облыстық советтері мен комитеттерінің жұмысында болып отыр. Республика кәсіподақтары советінің президиумы өзінің кейбір мәжілісінде 50—60 мәселе талқылап келген. Әрине, мұндайда мәселенің шалағай, үстірт шешілетіні мәлім. Советтің басшы қызметкерлері, әсіресе бөлім меңгерушілері күнделікті жұмыста инициативаны аз көрсетеді. Совет аппаратында жергілікті орындарға нақты көмектесіп, жанды басшылық етуден гөрі қағаз жүзінде нұсқау беруге бір табан жақын тұратындар да жоқ емес. Кәсіподақтың кейбір республикалық комитеттері, әсіресе ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитеті (председателі Гаранин жолдас) бастауыш кәсіподақ ұйымдарына мәрдымсыз басшылық етеді, төменнен көтерілген талап-тілектерге кезінде құлақ аспайды. Бірқыдыру совхоздарда кәсіподақ ұйымдары өндірісті өрге бастыруға көңілдегідей ықпал жасай алмай келеді. Кәсіподақтың кейбір облыстық комитеттері төменгі буындағы кадрларды іріктеп алуға мұқият қарамайды, соның салдарынан өткен сайлауда кәсіподақ ұйымдастырушыларының 64 проценті ауыстырылды.

Республикамыздың экономикасы мен мәдениетін қарыштатып алға бастыруда кәсіподақтардың ролін онан әрі арттыру үшін бұл олқылық, кемшіліктерден дереу қорытынды шығару керек, бұқаралық бұл ұйымдар жұмысының түрлерін, әдістерін жетілдіре беру керек. Қазақстан кәсіподақтары советінің жаңа құрамы, оның президиумы ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін жоғары көтере отырып, кәсіподақтың облыстық советтеріне, республикалық комитеттеріне талапты күшейтуі, олардың өз жұмыстарын жақсартуына барынша көмектесіп отыруы керек. Бастауыш ұйымдар — кәсіподақтардың негізі. Олар әр кәсіпорнындағы, құрылыстағы, совхоздағы өндіріске ықпалын мықтап күшейтетін болсын. Өзінің күнделікті жұмысында қалың бұқараға, активке арқа сүйегенде ғана бастауыш ұйымдар жақсы нәтижеге жете алатынын ескерген жөн.

Еліміздегі коммунистік құрылыстың кәзіргі тарихи кезеңінде кәсіподақтардың ролі артып, правосы кеңейе түсіп отырған жағдайда, мемлекеттің кейбір қызметі қоғамдық ұйымдарға ауысып отырған жағдайда кәсіподақтарға партия ұйымының басшылығын бұрынғыдан да күшейту талап етіледі. Партия ұйымдары кәсіподақтардың жұмысын бағыттап отыруға, олардың құнды бастамасын үнемі қолдауға, кәсіподақ қызметкерлерін еңбекшілердің мәдени-тұрмысын жақсартуға беру жолында нағыз күрескер болу рухында тәрбиелеуге міндетті.

Қазақстан кәсіподақтарының VI съезі саяси өрлеу үстінде өтті. Ол республиканың барша еңбеккерлері Коммунистік партияның және жалынды күрескер, лениншіл Н. С. Хрущев жолдас бастаған оның Орталық Комитетінің төңірегіне тығыз топтасып, Совет үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдайтынын білдірді. Съезд Қазақстанның жұмысшы табы, колхозшы шаруалары, совхоз, РТС қызметкерлері, интеллигенциясы қажырлы еңбек етіп, жетіжылдық жоспарды және биылғы жылдың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындауға белді бекем байлағанын, сөйтіп елімізде сәулетті болашақ — коммунизм орнатуға олардың лайықты үлес қосатынын айқын көрсетті.



# Насихатшы — негізгі тұлға

А. РАХМАНОВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

Партия оқуы жүйесінде оқу жылы аяқталды. Республикадағы 480 мың коммунист пен партияда жоқ адамдардың 8 айлық оқуының қорытындысы шығарылды. Биылғы оқу жылы ерекше оқу жылы болды. КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысы бүкіл идеологиялық жұмыста, оның ішінде партия насихатында жаңадан үлкен өрлеу туғызды. Тек соңғы төрт айдың ішінде партия оқуы жүйесіне қосымша 100 мыңнан астам адам келіп қосылды. Бұлардың басым көпшілігі — партияда жоқ актив, өндіріс озаттары, жұмысшылар мен колхозшылар.

Партия оқуы, партиялық насихаттың басқа да түрлері өмірмен, кәсіпорынның, құрылыстың, колхоз бен совхоздың алдында тұрған нақты міндеттермен тығыз ұштастырыла жүргізілді. Сабақтың идеялық дәрежесі де артты. Өйткені насихат жұмысына партия-совет активінен, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы мамандарынан, өндіріс озаттарынан жаңадан тың күш келіп қосылды. Мысалы, Гурьев облысындағы жаңадан құрылған үйірмелер мен семинарларға инженер-техник қызметкерлерден 97 насихатшы, ауыл шаруашылығы мамандарынан 55 адам, партия қызметкерлерінен 34 адам бөлінді. Мысалы, Ақтөбе облысында партия насихатын жүргізуге 223 адам жаңадан тартылды. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында жаңадан ұйымдастырылған үйірмелер мен семинарларға биыл қосымша 400 насихатшы бөлінді.

Биылғы оқу жылында тек партия оқуы жүйесінде 27 320 насихатшы, лектор мен консультант жұмыс істеді. Бұлардың ішінде 19 600 адамның жоғары және ортадан жоғары білімі бар. Көкшетау облысында әрбір екі насихатшының бірінің жоғары және ортадан жоғары білімі бар. Мұнда 270 партия қызметкері, 237 кәсіпорын мен мекеме басшысы, 85 колхоз председателі, 63 совхоз директоры, 340 ауыл шаруашылығы маманы жұмыс істеді.

Өткен оқу жылында мұнымен бірге елеулі кемшіліктерге де жол берілді. Біз партия насихатын өмірден, коммунистік құрылыстың нақты міндеттерінен алшақ, таза ағартушылық сипатта жүргізу, догматизм мен жаттампаздыққа ұрыну сықылды кемшіліктерден біржола арыла алмадық. Тыңдаушыларға ықпал ету, оқуға жұртшылықты көбірек тарту ісінде де кемшілік жоқ емес. Насихат жұмысында біз әзірге әрбір адамның көкейіндегісін біліп, онымен шүйіркелесе, тіл таба сөйлесе білмейміз, қала мен ауыл-село халқын түгел қатыстыруға болатын шараларды жете қолдана алмай келеміз. Партия оқуы жүйесіндегі көптеген үйірмелерде, мектептер мен семинарларда сабақ идеялық төмен дәрежеде өтеді, тыңдаушылар сабаққа белсене қатыспайды.

Кәзір партия және комсомол оқуы жүйелерінде оқу жылы аяқталған кезде партия ұйымдары сабақтың ізін суытпай, партия насихатының — әңгіме, лекция, баяндама, демалыс күнгі дауыстап оқулар, кинолекторий секілді бұрыннан қолданылып келе жатқан әйгілі түрлерін кеңінен пайдалануға тиіс. Партия ұйымдары лекциялық насихатты бір ізге салып, оның жоспарлы түрде, үзбей күнде жүргізіліп тұруын кам-



тамасыз етуі қажет. Сондай-ақ сұрақ пен жауап кеші, ауызекі журнал мен альманах, белгілі бір мәселеге арналған кеш, достық кеші, жастар кеші, еңбек ерлерімен, революция ардагерлерімен кездесу, халық университеті — насихаттың міне осындай түрлерін пайдаланған жөн. Кәзіргі уақытта партия ұйымдары бұл жұмыстармен қатар жаңа оқу жылына әзірлену, насихатшы кадрларды іріктеп алу, даярлау, олардың білімін толықтыру ісіне ерекше назар аударуға міндетті.

Кәзіргі жағдайда экономика мәселелерін білудің зор маңызы бар екенін ескере отырып, кадрларға экономикалық білім беру — партия насихаты жүйесінде бірінші кезекке қойылып отыр. Өткен оқу жылында республика бойынша үйірмелерде, семинарларда, экономикалық және бастауыш мектептерде және өздігінен экономикалық теория және нақты экономика мәселелерін 147 мың адам оқып үйренді; бұл партия оқуы жүйесіндегі барлық тыңдаушылардың 30,6 проценті. Мысалы, Көкшетау облысының Зеренді ауданында өткен жылы 93, Еңбекшілдер ауданында 62, Рузаев ауданында — 53 бастауыш экономика мектебі жұмыс істеді. Шортанды ауданында ауыл шаруашылығы экономикасы мен транспорт, сауда экономикасын үйрететін 10 семинар болды. Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының, басқа да бірқатар облыстардың көптеген партия ұйымдарында кадрларға экономикалық білім беру ісіне зор көңіл бөлінеді.

Алайда Жамбыл, Гурьев сияқты кейбір облыстарда экономика мәселесін оқып үйренетін адамдардың саны жылдан жылға азайып барады.

Бұл елеулі кемшілікті жойып, жаңа оқу жылында семинарларды, бастауыш экономикалық мектептерді тікелей кәсіп орындарында ұйымдастыру, бұл мектептерге тәжірибелі насихатшылар іріктеп алу, насихат жұмысына шаруашылық мекемелердің басшыларын тарту керек. Бастауыш экономикалық мектептер жаз айларында ойдағыдай жұмыс істей алады.

Жаңа оқу жылында марксизм-ленинизм негіздерін оқып-үйрену ісін неғұрлым кеңірек ұйымдастыру қажет, өйткені коммунистердің едәуір бөлегі, көптеген активистер көп жылдар бойы КПСС тарихын үйреніп, философия негіздері мен саяси экономияны оқып-үйрену ісімен шұғылданбады десе де болады.

Кейбір партия ұйымдары тікелей кәсіп орындарында саяси мектептермен қатар жұмысшылар мен колхозшыларға арнап марксизм-ленинизм негіздерін оқып-үйренетін үйірмелер құрып, оны басқаруды ең тәжірибелі насихатшыларға тапсыруды көздеп отыр. Бұл өте дұрыс. Істі жақсы жүргізу үшін бірқатар партия ұйымдары марксизм-ленинизм негіздері жөніндегі үйірмелерге басшылық етуге екі-үш насихатшы бөлмек болып отыр. Насихатшының бірі философия, екіншісі саяси экономия жөніндегі, үшіншісі халықаралық коммунистік қозғалыстың теориясы мен тактикасы мәселелері жөніндегі бөлімді басқаратын болады.

Ағымдағы саясат үйірмелерін басқаратын насихатшыларды іріктеп алуға өте мұқият болған жөн. Өйткені бұған арналған ешқандай оқу құралы, оқу жоспарлары мен программалары жоқ, сондықтан да сабақ жүргізу қиын. Ағымдағы саясат үйірмелерінде сабақтың тақырыбын тыңдаушылардың тілегіне орай насихатшының өзі белгілеуге, белгілі бір оқиғаға терең талдау жасап, материалды коллективтің, шаруашылықтың өмірімен шебер ұштастыра білуге тиіс.

Партия оқу жүйесінде өз ісіне жетік маман насихатшылар кенде емес. Солардың бірі Едіге Ерғалиев жолдас. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі Ертіс мыс балқыту заводы-



ның насихатшысы Е. Ергалиев жолдастың жұмыс тәжірибесін түбегейлі зерттеп, қорытып, көпшілікке таратты.

Едіге Ергалиев 8 жылдан бері осы заводта насихатшы болып істейді. Ол өзінің өткізген әңгімелерінде марксизм-ленинизм идеяларын өмір тәжірибесімен қабыстыра, тыңдаушылар көкейіне қонымды етіп, жатық, шешен тілмен түсіндіреді. Коммунистік партияның лениндік саясатының салтанат құруын Отан, республика, облыс, завод өмірінен алынған фактілермен дәлелдеп көрсетеді. Елімізде коммунистік құрылыстың кең көлемде өрістеуін, халық демократиясы елдеріндегі социализм дабылын егжей-тегжейлі баяндайды.

Өткен жылы Ергалиев жолдас механика цехының жұмысшылары үйірмесінде сабақ жүргізді. Үйірмеде даңқты партиямыздың соғыстан кейінгі дәуірде еліміздің халық шаруашылығын өркендету жолындағы күресін қамтитын сабақ оқытылды. Насихатшының сабақты білгірлікпен шебер өткізуі тыңдаушылардың оқуға деген ынтасын арттырды. Олардың көп нәрседен хабардар болуына жағдай жасады. Міне, мұның барлығы насихатшының өз міндетіне тиянақты қарап, кезекті әңгімелерге жақсы дайындалып, тыңдаушыларға ұсынатын материалдардың мән-мазмұнын терең ашқанын көрсетеді. Насихатшы сабаққа әзірлену үстінде көркем әдебиетпен қоса түрлі көрнекі құралдарды, жергілікті жердің өмірінен алынған санқилы мәліметтерді мол пайдаланып отырады. Бұл үйірмеге қатысу жұмысшылардың партия тарихы мәселелерін терең оқып үйренуіне, халықаралық, ішкі жағдайларды жақсы біліп отыруына, қоғам жұмысына белсене араласуына, сондай-ақ өндірісте озат болуға жәрдемін тигізеді.

Ақтөбе облысының Степной ауданындағы «Авангард» артелінде колхоз председателі, насихатшы Михайлов жолдас басқарған ауыл шаруашылығы экономикасын оқытатын үйірменің сабағы мазмұнды, қызықты өтті. Мұнда тыңдаушылардың белсенділігі де зор. Партия оқуы жүйесінің өткен жылында өз ісіне аса ұқыптылықпен қарап, үйірмелер сабағын шеберлікпен жүргізген Башмашников (Алматы қаласы, Октябрь ауданы), Қисыметов (Гурьев облысы, Мақат ауданы) сияқты тағы басқа көптеген насихатшылар болды.

Ешқандай жоспардың, ешқандай программаның, ешқандай оқулықтың насихатшының ойлы сөзіндей бола алмайтынын Ленин сан рет атап көрсеткен болатын. Демек, насихатшының айтар ойы, сөйлер сөзі терең мағналы, түсінікті, жинақы болу үшін оның шеберлігін үздіксіз жетілдіре беру керек. Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Батыс Қазақстан облыстық партия комитеттері жаңа оқу жылына насихатшылар даярлаудың, олардың білімін көтерудің жоспарын жасады. Олар егін орағы басталғанға дейін нақты экономика, марксизм-ленинизм теориясының басқа да бөлімдері жөніндегі үйірмелер мен семинарлар басшыларының қысқа мерзімді курсын өткізбек. Оқу жылы басталар алдында аудандар мен қалаларда насихатшылардың семинары ұйымдастырылады. Қостанай облыстық партия комитеті осы июль айында «Насихатшының өмірмен байланысы» деген тақырыпта насихатшылардың методикалық конференциясын өткізбекші. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті жаз айларында философия, атеистік тәрбие мәселесі жөнінде насихатшылардың үлкен бір тобын даярлап шығармақшы.

Соңғы жылдары облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері насихатшылар арасындағы жұмысты едәуір жақсартты. Мәселен, Семей қалалық партия комитеті насихатшылар арасында үлкен жұмыс жүргізіп келеді. Қалалық комитеттің партия оқуы үйінде насихатшылардың тұрақты семинары жұмыс істейді. Мұнда сабақ секция бойынша өтеді. Насихатшылар өз тәжірибесін үнемі ортаға салып, теория мен методика жөнінде лекция, баяндама тыңдайды. Биылғы оқу жылында



«Коммунистік қоғамның екі сатысы және социализмнен коммунизмге өтудің негізгі заңдылықтары», «Коммунизм құрылысын кең өрістетудің кезеңіндегі мемлекет пен қоғамдық құрылыс және елді басқару», «Коммунизм құрылысын кең өрістетудің кезеңінде еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру» деген тақырыпта қала насихатшыларының теориялық конференциялары өткізілді.

Саяси оқу үйі насихатшылармен арадағы жұмысты саяси оқу түрлеріне, насихат жұмысының тәжірибесіне орай саралап жүргізеді. Мысалы, жас насихатшылардың секциясында үйірмелер мен саяси мектептерде өтетін сабақтардың тақырыптары бойынша методикалық лекциялар оқылады. Насихатшылар өзара пікір алысып, кезек-кезек тақырып бойынша методикалық кеңес алады, оған талдау жасайды. Жас насихатшылардың семинарларында тәжірибелі насихатшылар өз тәжірибесін ортаға салады. Мысалы, осындай семинарлардың бірінде Қазақстан Компартиясы Семей қалалық комитеті насихат пен үгіт бөлімінің меңгерушісі И. В. Ким жолдас «Партия оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептерде сабақ өткізу методикасы» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамадан кейін пікір алысылды. Тәжірибелі насихатшылар өздерінің жұмысты қалай істейтіні туралы айтып берді. Басшы партия, совет қызметкерлері, шаруашылық мекемелерінің басшылары қала насихатшылары үшін баяндама жасап, лекция оқып тұрады. Биылғы оқу жылында семинарларда халық шаруашылығы советінің председатели Баймырзин, облыстық жоспарлау комитетінің председатели Волжанинов, қалалық партия комитетінің секретарьлары Запорожцев, Шәкенов жолдастар, тағы басқалары сөйледі.

Экономикалық үйірмелер мен семинарлардың насихатшылары үшін, сондай-ақ экономикалық білімін көтеріп жүрген кадрлар үшін партия оқуы үйінде бай экономикалық кабинет ұйымдастырылған. Кабинетте қаладағы, облыстағы өнеркәсіп орындарының, құрылыс ұйымдарының, транспорт пен байланыс орындарының қызметі туралы қажетті анықтама материалдың бәрі бар. Экономика мен еңбек ұйымдастыру, өндіріс технологиясы, рационализаторлық, өнертапқыштық ұсыныстар, жаңа техниканы қолдану жөнінде арнаулы стендтер мен диаграммалар жасап қойылған. Кабинет тек өнеркәсіп, транспорт пен құрылыс мәселелері жөнінде ғана 40-тан астам әртүрлі газет пен журнал, басқа да көптеген экономикалық әдебиет алдырады.

Саяси оқу үйінде методикалық кеңес жұмыс істейді. Кеңестің құрамында тәжірибелі 16 насихатшы бар. Методикалық кеңестің мүшелері алдағы уақытта болатын сабақтардың тақырыптары бойынша методикалық материалдарды құрастыру, таңдаулы насихатшылардың тәжірибесін қорытып, тарату ісімен ұдайы шұғылданады, үйірмелердің, мектептер мен семинарлардың сабақтарына үзбей барып тұрады. Әдейі арнап ұйымдастырылған «Насихатшылардың бөлмесінде» стендтер, оқу жоспарлары, ұсынылатын әдебиеттердің тізімі салынған папкалар бар. Мұнда методикалық кеңестің мүшелері үнемі кезекте тұрады.

Аякөз, Бесқарағай, Мақаншы аудандық партия комитеттерінің саяси оқу үйі мен кабинеттерінің методикалық кеңестері де насихатшыларға көмек көрсетіп келеді.

Ақмола қалалық партия комитетінің саяси оқу үйінде де (меңгерушісі Антонов жолдас) насихатшылар арасындағы жұмыс жақсы жолға қойылған. Стендтер мен жеке папкаларда қаланың таңдаулы насихатшыларының тәжірибесі баяндалады. Мәселен, стендтердің бірінде насихат жұмысының түрлері мен методтары сөз болады. Мұнда насихатшы сабаққа әзірлену, үйірмелер мен семинарлардың сабақтарында көрнекі үгітті, көркем әдебиетті, жергілікті материалдар мен фактілерді пайдалану мәселелері жөнінен өзіне пайдалы кеңес таба алады. Тағы бір стендте насихатшыларға әңгіме өткізу, өткен материалды



қайталау, насихатшылардың тілі, сөйлеу шеберлігі жөнінде кеңес беріледі.

Насихат жұмысының тәжірибесі бөлек стендте сөз болады. Мұнда қаланың таңдаулы насихатшыларының суреті ілінген, сонымен қатар олар өздерінің жұмыс тәжірибесі туралы айтып береді. Бұл материалдар стендтегі конвертке салып қойылған. Насихатшылардың өз жұмысы туралы осындай қызықты әңгімесінің кейбір тақырыптары мынадай: А. Қорецкий «Өндірістік жұмысты жақсартуға көмектесу — оқудың басты міндеті», Н. Өтешев «Насихат жұмысын өмірмен, практикамен байланыстыра жүргізейік», Б. Бобровский «Қаржыны есептеп, үнемдеп жұмсайық», Р. Голубева «Сабақты өткізу әдістерін жетілдіре берейік».

Көкшетау облысы Шучье аудандық партия комитетінің саяси оқу кабинетінде насихатшылар үшін мол материал жинақталған. Жақында мұнда аудандық партия комитеттері саяси оқу үйі меңгерушілерінің облыстық семинары өтті. Олар осы кабинеттің жұмыс әдісімен танысты, тәжірибе алмасты.

Партия ұйымдарының жанынан қоғамдық негізде құрылған саяси ағарту кабинеттері насихатшыларға көп көмек көрсетеді. Республикамызда 200-ден астам осындай кабинет бар. Өскеменнің жанындағы «Новая Гавань» поселкесіндегі осындай кабинет жақсы жабдықталған бөлмеге орналасты. Қабырғаларда түрлі ұрандар мен плакаттар ілінген. «Қазақ ССР 40 жылдығы қарсаңында», «Құрылыстың индустриалдық әдісі не берді», «Жеті сағаттық жұмыс күніне көштік» деген стендтер көз тартады. Көрнекі құралдар, газет-журнал мақаласы тігілген дәптерлер насихатшының үйреншікті көмекшісі болып алды. Марксизм-ленинизм теориясын өздігінен оқушыларға консультация беріліп тұрады. Кабинетте сондай-ақ насихатшылар мен үгітшілердің кеңесі және семинары өткізіледі. Кабинеттің жұмысын 5 адамнан құралған методикалық кеңес басқарады. Кабинеттің меңгерушісі Зуй жолдас тәжірибелі насихатшы. Бұқтарма совхозының партия ұйымының жанындағы кабинет те жұмысты жақсы істейді.

Қоғам ұйымдары құрған осындай саяси-ағарту кабинеттерін көбейту — қалалық және аудандық партия комитеттерінің парызы. Партия комитеттері бұл кабинеттердің жұмысының мазмұнын байытып, олардың партия насихатының ошағына айналуын қамтамасыз етуге тиіс.

Республикамызда техника сарайы және кабинеті бар. Олар ірі кәсіпорындарында және құрылыстарда құрылған. Бұлар насихатшылар мен үгітшілерге көп көмек көрсете алады. Мысалы, Зырян қорғасын комбинатының техника сарайында экономика, жоспарлау және өндірісті ұйымдастыру мәселелері бойынша лекциялар жиі өткізіледі. Мұнда коммунистік еңбек бригадасы мен екпінділері үшін лекторий ұйымдастырылған. Лекторий өндірісті жетілдіру, жаңа техниканы игеру, ғылым мен техниканың, жетістіктерін меңгеру мәселелерін терең талдайды, халық шаруашылығының түрлі саласы бойынша ақыл-кеңес береді.

Біздің газеттер мен журналдар насихатшыларға үздіксіз көмектесуге міндетті. «Насихатшы мен үгітшіге көмек» деген рубрика газет-журналдың бетінен түспеуге тиіс. Баспасөзде насихатшылардың тәжірибесі қорытылып, жұмыстағы жаңа леп, тәсіл мен әдіс кеңінен көрсетіліп, түрлі кеңес беріліп, насихат жұмысына демеу туғызылғаны абзал.

Насихатшылардың бай тәжірибесін қорытып, оны насихатшыларға тарату жөнінде партия комитеттеріне де үлкен міндет жүктеледі. Семинар, кеңес, жиналыс және конференция өткізу арқылы бұл міндетті орындауға болады. Насихатшылардың тәжірибесін тарату үшін баспасөзді, радионы, телевизияны пайдалану шарт. Насихатшылар арасындағы



жұмысты күшейту олардың теориялық білімін байытады және партиялық насихаттың бүкіл мазмұнын арттырады.

Оқу жылының қорытындысы сабақ алу үшін шығарылады. КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысынан бергі жұмысты қорытындылап, партиялық насихаттағы кейбір кемшіліктерден тиісті қорытынды жасау парыз. Партия насихаты мәселелерін облыстық, аудандық партия комитеттерінің пленумында, аудан партия активінің жиналысында, бастауыш партия ұйымының жиналысында талқылап Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Ақтөбе, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстық партия комитеттері дұрыс істеген.

«Правда» газеті Қостанай облыстық партия комитетін әділ сынады. Мұнда түрлі себептерді желеу қылып, КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысын көпке дейін обком пленумында талқыламады. Бұл қаулы Алматы, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттері пленумында да талқыланған жоқ. Бұл қынжыларлық жағдай. Партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары идеялық тәрбие мәселелеріне, бүкіл идеологиялық жұмыстың практикалық міндеттермен ұштастырылуына мейлінше көңіл бөлуге тиіс.

Республикамыздың 40 жылдығы құрметіне Қазақстан еңбекшілері үстеме міндеттеме алды. Бұл міндеттемелер жетіжылдықтың екінші жылында өнеркәсіп өнімін шығарудың жоспарын мерзімінен бұрын орындауды, құрылыстарды мерзімінде бітіруді және кәсіпорындардың біркелкі жақсы жұмыс істеуін камтамасыз етуді көздейді. Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері бітік егін өсіріп, мемлекетке кемінде 800 миллион пұт астық, 210 мың тонна мақта, 1 550 мың тонна қант қызылшасын, 700 мың тонна ет, 1 миллион тонна сүт, 86,6 мың тонна жүн, 183,6 миллион жұмыртқа сатуды ұйғарды.

Республика еңбекшілерін осы үлкен міндеттемені абыроймен орындауға, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 40 жылдығын зор табыспен қарсы алуға жұмылдыру — партия қызметкерлерінің, насихатшылардың ардақты борышы.





# Қара металлургияның болашағы жайында

*Н. ЕШМҰХАМЕДОВ,*

*Қарағанды халық шаруашылығы советінің қара металлургия және химия өнеркәсібі басқармасының бас болат балқытушысы*

Ауыр өнеркәсіп — бүкіл социалистік экономиканың басты да жетекші саласы, елдің қорғаныс қабілетін арттырудың, халықтың әлауқатын көтере берудің негіздерінің негізі. Ал өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді оздыра өркендету ұлғаймалы ұдайы өндірістің аса маңызды шарты. В. И. Ленин ауыр өнеркәсіпті оздыра өркендетудің қажеттігін талай рет баса көрсеткен болатын. Социалистік шаруашылықты өсірудің берік негізі тек қуатты ауыр индустрия ғана, бүкіл елді электрлендіру, техниканы үздіксіз дамыту болады деп үйретті ол. «Өндірісті ұлғайту үшін (терминнің дәл мағнасында алғанда «қор жинау» үшін), — деп жазды Ленин, — алдымен өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру қажет, ал, олай болса, бұл үшін қоғамдық өнімнің өндіріс құрал-жабдықтарын істеп шығаратын бөлімнің кеңеюі керек» (Шығармалар, 2-том, 159-бет).

Ел экономикасын дамытуда Коммунистік партия лениндік бұл қағиданы ұдайы басшылыққа алып келеді.

Ауыр индустрияның өзекті буыны — қара металлургия. Металлургия өнеркәсібі бүкіл халық шаруашылығы күллі саласының металға деген мұқтажын өтеп отырады. Оның ішінде машина жасау өнеркәсібі металдың негізгі тұтынушысы болып есептеледі, өйткені күрделі құрал-жабдықтардың көбісі осы металдан жасалатыны мәлім. Құрылыс пен транспортта металдың қолданылатын саласы әралуан. Көпшілік қолды товарлар өндіруді де оңсыз ілгері бастыруға болмайды. Демек халық шаруашылығының қай саласында болса да металдың алар орны ерекше.

Міне сондықтан да партияның XXI съезі еліміздің қара металлургия өнеркәсібін онан әрі өркендетудің алып программасын белгілеп берді. СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары бойынша 1965 жылы 65—70 миллион тонна шойын, 86—91 миллион тонна болат қорыту, 65—70 миллион тонна прокат өндіру, 150—160 миллион тонна темір рудасын қазып шығару жобаланып отыр. Шойын, болат, прокат өндірудің мұндай үздік қарқыны ешбір елдің даму тарихында болған емес.

Советтік бесжылдықтар тұсында озық техникаға кенелген қуатты металлургия өнеркәсібі жаңадан құрылды. Болаттың, ферросплавтың, прокаттың сап-алуан түрлерін өндіру кеңінен өрістетілді.

Елдің шығыс аудандарында құрылған көмір-металлургия базасы кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары соғыс заводтарын металмен үздіксіз жабдықтап отыруға мүмкіндік берді. Соғыс аяқталғаннан кейін халық шаруашылығын неғұрлым тез қалпына келтіріп, оны ілгері дамыту міндеті ерекше қойылды. Бұл үшін ең әуелі металл көбірек керек болды. Совет металлургтері металл өндіру мөлшерін 1940 жылмен салыстырғанда едәуір арттыруға қолы жетті. Төртінші бесжылдық жоспар бойынша металл өндіру 1950 жылы 1946 жылмен салыстырғанда 35 процент ұлғайтылуға тиіс еді, бұл іс жүзінде асыра орындалды. Металлургтер жетіжылдық жоспардың шойын, болат, прокат өндіру сала-



сындағы тапсырмаларды жақсы орындап келеді. Өндірістік жоспар 1959 жылы асыра орындалды, жетіжылдықтың екінші жылында — биыл шойын, болат, прокат өндіру тапсырмасы асыра орындалуда.

Елімізде металл өндірісін ұлғайтуға металлургия өнеркәсібінде технологиялық процестердің жетілдірілуі, машиналандыру, автоматтандыру ісін кеңінен қолдану, өнертапқыштардың, жаңашылдардың қозғалысын жаппай өрістету, ғылым мен өндірістің ынтымағын күшейту арқасында қол жетті.

Домна және болат қорыту өндірісінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері жақсарды. Домна пешінің пайдалану дәрежесі артты. Екінші бесжылдықтың басында домна пешін пайдалану дәрежесі 1,69-ға тең еді, кәзіргі уақытта ол 0,65-ке жетіп отыр. Мұның мәнісі бірдей жабдықты қолданғанның өзінде озық домнашылар шойынды екінші бесжылдықтағыдан 3,5 есе артық өндіріп келеді деген сөз.

Болат қорытатын агрегаттарды пайдалану жөніндегі істің жайы да осындай. Мысалы, бірінші бесжылдықта еліміздегі мартен пешінің пайдалы аумағының әрбір шаршы метрінен орта есеппен 3 тоннадай болат алынып келді. Ал кәзіргі уақытта бұл жөніндегі көрсеткіш 3 есе артып отыр.

Елімізде металл өндіруді онан әрі ұлғайту үшін күресте қара металлургия құрылысына жұмсалатын күрделі қаржының өсіп отырғаны да үлкен маңыз алады. Халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспары бойынша еліміздің қара металлургиясын дамытуға орасан күрделі қаржы жұмсалуды белгіленген.

Күрделі құрылысқа байланысты өндірісті орналастыру мәселесінің маңызы да зор. Капиталистік қоғам жағдайында кәсіпорындарды орналастыру стихиялық жолмен жүзеге асырылды, сондықтан онда өнеркәсіпті орналастыруда толып жатқан сәйкессіздіктерге жол беріледі. Социалистік қоғам жағдайында бұл мәселе мүлдем басқаша шешіледі. Біздің елімізде өнеркәсіптің бүкіл елде біркелкі орналасуына өнеркәсіптің отын, шикізат көздеріне жақын болуына, бұрын артта қалған ұлт аудандарын индустриялы жолмен дамытуға айрықша назар аударылады.

Өндірісті біркелкі орналастыру мақсатымен қара металлургияны еліміздің Шығысына қарай жылжыту, Закавказьеде, Орта Азия мен Қазақстанда жаңа металлургия заводтарын салу жөнінде үлкен жұмыс істелді.

Кәзіргі уақытта республиканың қара металлургия өнеркәсібіндегі ірі кәсіпорындар — Теміртау қаласындағы қазақ металлургия заводы, Ақтөбе ферросплав заводы. Қазақ металлургия заводының болат пен прокат өндіру жөніндегі жұмыс көлемі онша үлкен емес.

Республикамызда қара металлургияны өркендетудің болашағы өте зор, бұл жөнінен Қарағанды экономикалық ауданы елеулі орын алмақ. Қазақстанда қара металлургия өнімдерін өндіру көлемінің өсуі негізінен Қарағанды металлургия заводын іске қосу арқылы жүзеге асырылғалы отыр. Мұнда екі домна пеші биыл іске қосылуға тиіс. Халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары бойынша Қарағанды металлургия заводы 1965 жылдың өзінде өнім шығару жөнінен еліміздегі аса ірі металлургия кәсіпорындарының біріне айналып, Қазақстан магниткасы деген құрметті атаққа ие болмақ.

Заводта озық технологияшы, отандық және шет ел ғылымы мен техникасының жаңа жетістіктерін қолдану, сондай-ақ металлургия агрегаттарының жұмыс өнімділігін үздік арттыру шараларын жүзеге асыру көзделеді. Заводта аса қуатты домна пештері салынады. Ол пештер газдың ең жоғары қысымы жағдайында жұмыс істейді. Домна өндірісі үшін агломерат флюстелген түрінде қолданылады. Мұның



прокат жөніндегі мұқтажын өтеу мақсатын көздейді. Салынатын үшінші металлургия заводы Аят кені негізінде, Кузнецк көмірімен жұмыс істемек. Соңғы екі заводтың салынатын жері Барнаул өңірі деп белгіленген.

Металлургия заводтарын жобалаудың мемлекеттік институтының бұл жобасының кейбір талас туғызатын жайы да бар. Сондықтан бұл жөніндегі өзіміздің кейбір пікірімізді айтқымыз келеді.

Кәзіргі уақытта Батыс Сибирь металлургия заводын салу басталды. Таяу уақытта Кузнецкі металлургия заводында жаңа қуаттар іске қосылады, сол сияқты Тайшет металлургия заводын салуды бастау жөнінде даярлық жұмыстары жүргізілуде. Міне сондықтан ірі заводтарды бір ауданда шоғырландыру экономикалық жағынан тиімді бола қояр ма екен деген дүдәмел туады. Қостанай металлургия заводын салу жөнінде біздің қарсылық етер пікіріміз жоқ. Ал Қарағанды ауданында тағы бір металлургия заводын салуды ескеріп оған ерекше көңіл бөлінуге тиіс деп ойлаймыз. Оған мынадай айтар себептеріміз бар. Біріншіден, шойынның түсер құнына заводтың кенге, шикізатқа, отын базасына алыс-жақындығы үлкен әсер етеді. Сол сияқты бұл мәселе өндірістің көлеміне; онда техниканы ілгері дамыту ісін ұйымдастыру дәрежесіне де байланысты болады.

Домна өндірісі материалды көп керек ететін сала. Қара металлургия кәсіпорындарының көпшілігінде шикізатқа, материалға, отынға жұмсалатын шығын шойынның түсер құнының 85—95 процентіне жуықтайды. Екінші жағынан, шойынның әр тоннасының түсер құны домна пешіне берілетін шихтаның түсер құны мөлшерімен шамалас келеді. (Мұнда шойынның әрбір тоннасына келетін шихта есепке алынады).

Сонымен шойынның түсер құнын шамамен есептеп шығару үшін домна пешіне берілетін шихтаның түсер құны жөніндегі есепті пайдаланудың өзі жеткілікті. Әрбір металлургия заводында, оның кенге және отын базасына жақын-алыстығына қарай домна шихтасының түсер құны түрліше болып отырады. Бұл жөнінен Магнитогор, Кузнецкі металлургия комбинаттарындағы шойынның түсер құны назар аударарлықтай. Бірінші комбинаттағы заводта жергілікті руда базасы пайдаланылады. Бірақ отын басқа жақтан (Кузбастан) тасылады. Ал Кузнецкі комбинатында жағдай басқаша. Ол жұмысты өз отынымен істейді.

Екінші Қарағанды металлургия заводы түсер құн құрылымы жағынан Кузнецкі металлургия комбинатының көрсеткіштеріне өте-мөте жақын келеді, өйткені мұнда заводтың өзінің отын базасы бар. Завод Лисаков, Аят кендері негізінде Қарағанды көмірімен жұмыс істейді. Онда кокстелген әр тонна көмірдің түсер құны және әрбір тонна шойынның домна өндіріс арқылы қайта өңделуінің түсер құны кәзір салынып жатқан Қарағанды металлургия заводының жобалық деректеріне тең етіп алынады. Өйткені, мұнда отын базасы, заводтың техникалық жағынан қарулануы да бірдей болады.

Алдын-ала шығарылған есеп екінші Қарағанды металлургия заводында шойынның түсер құны салынып жатқан заводтың жобасында көрсетілген мөлшерден едәуір жоғары болатынын көрсетеді. Бірақ мұның өзі еліміздің таңдаулы металлургия заводтарындағы шойынның түсер құнынан жоғары болмайды. Болатты томас әдісімен (конвертормен) қайта өңдегенде заводтың өндірістік-техникалық көрсеткіштері анағұрлым жақсара түседі.

Кейбір ғылыми зерттеуге қарағанда шойынның әрбір мың тоннасынан (Лисаков кенінен) 900 тонна болат, 1 тоннадай феррованадий, 180 тоннадай шлак (ішінде 20 процент фосфор ангидридi бар) алынады. Ал бұл фосфорлы шлақты Қазақстанның, Сибирьдің тың игеруші аудандарының ауыл шаруашылығына пайдалану болат қорыту өндірісінің



техника-экономикалық көрсеткішін жақсартып, завод бойынша шығарылатын өнімнің түсер құнын едәуір кемітеді.

Қарағанды ауданында металлургия заводтарын салуға ерекше көңіл бөлінуі керек екеніне мынадай екінші бір дәлеліміз бар. Ірі металлургия заводын салуда құрылыс монтаж жұмыстарын жедел қарқынмен жүргізудің үлкен мәні бар. Құрылыстың ойдағыдай жүргізілуі оның (құрылыстың) өндірістік базасына, жалпы мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда Қарағанды ауданы Қостанаймен салыстырғанда анағұрлым қолайлы жағдайда екенін айтқан жөн.

Кәзір Қарағанды металлургия заводында құрылысшылардың сан мыңдаған коллективі жұмыс істейді. Оның құрылыс базасы үлкен. Мұның өзі Қарағанды металлургия заводын 1965 жылы толық іске қосуды қамтамасыз еткелі отыр. Міне сондықтан да кәзір салынып жатқан Қарағанды металлургия заводының құрылыс индустриясын келешекте екінші Қарағанды металлургия заводын кең өрістетуге ешбір қиыншылықсыз, оңай-ақ пайдалануға болады. Екінші Қарағанды заводын тұрғызу үшін қосымша темір жол салудың да керегі жоқ. Қостанай ауданынан руда тасу үшін Оралға көмір алып барып қайтқан бос вагондарды пайдалануға болады. Өйткені Оралдың металлургия заводтарына Қарағанды көмірін тасып жүрген поездардың вагондары кейін бос қайтады.

Қарағандыда екінші металлургия заводын салудың нәтижесінде Қазақстан таяудағы жылдарда қара металлургияның маңызды аудандарының біріне айналады.





# Марксизмнен айныған дұрыс жолдан таяды

С. ХАЙДАРОВ

Біздің заманымыз социализмнің бел алған заманы. Бас-аяғы қырық жылдың ішінде қоғамдық өмірде, ғылым мен техникада аса үздік жетістіктерге жетіп, әлемді сүйсіндірген Совет Одағы социализмнің бірінші елі деген құрметті атақты шырқау биікке көтерді. Социализмнің ерен күші өте айқын сезіліп, үлгі, ықпалы күшейе түсті. Социализмнің дүниежүзілік системаға айналуы әлем өмірінің тынысын кеңейтті. Капитализмнен социализмге өту дәуірі бұл жаңа заманның мазмұны болып алды.

Халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігі, екпіні, ынтымағы бұрынғыдан да нығая түсті. Қазір 86 елдегі туысқан коммунистік және жұмысшы партияларында 36 миллионнан астам мүше бар. Туысқан партиялардың марксизм-ленинизм теориясына, пролетарлық интернационализм принциптеріне берілгендігі соңғы жылдары талай сыннан мүдірмей өтті. Мұндай мызғымас бірлікті, айнымас ынтымақты, үлкен бірауыздылықты көргенде империалистердің іші күйеді, зығыры қайнайды.

Коммунистік және жұмысшы қозғалысына, социализм елдеріне жаула жабу, шабуыл жасау, әділ, парасатты қоғам туралы өсек тарату — империалистердің ежелгі әдеті. Социалистік елдердің, халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуына кедергі жасау, олардың арасына іріткі салу, жұмысшы қозғалысының ішіндегі тұрақсыз адамдарға сүйену—империалистердің ежелгі арманы. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей империалистер түрлі азғынның арзан өтірігін алтынға балайды. Америка Құрама Штаттарында Д. Гейтсті, Францияда А. Лефеврді олардың «хан көтеруі де» осыдан. Гейтс пен Лефевр коммунистік қозғалысты, марксизмді мейлінше қаралайды. Гейтс «жаңа тұрпатты» партия құруға шақырады. Ол уставы, программасы жоқ партияны арман етеді. «Демократиялық социализм» жолындағы қозғалысты дәріптеуші Гейтс түрлі ағымдар (либералдар, прогресшіл ұйымдар, социалистік топтар) оп-оңай, талғаусыз жарасуын көксейді. Гейтс «демократиялық социализм» үшін күрес кәзіргі әлеуметтік құрылыс шеңберінде өрістей алады дейді. Мұндай «теория» империалистерге әбден ұнайды. «Бір американ коммунистінің тарихы» (авторы Гейтс) сияқты кітапты олардың дәріптеуі де осыдан.

Империализм идеологтарының санатына қосылған бұл сатқындардың уағызын АҚШ және Франция жұмысшы табының табанды авангарды бірден-ақ ысырып тастады. Гейтс пен Лефевр партиядан іле аласталды. Бұл опасыздардың, сондай-ақ, осы заманғы ревизионизмнің қызметі, уағызы империалистердің тілегіне әбден үйлеседі. Ревизионизм — коммунистік және жұмысшы қозғалысының бүгінгі негізгі жауы.

Социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1957 жылғы Москва кеңесінің Декларациясы осы заманғы ревизионизмнің төркінін, мәнін терең ашып көрсетті. Биылғы июньде Румыния жұмысшы партиясының III съезіне қатысқан социалистік ел-



дердің коммунистік және жұмысшы партияларының өкілдері Декларацияның барлық қорытындылары дұрыс екенін өмір көрсетті деп түйді. Декларация: «Буржуазиялық ықпалдың болуы ревизионизмнің ішкі қайнар бұлағы, ал империализм тарапынан жасалған қысымның алдында тізе бұгу — ревизионизмнің сыртқы қайнар бұлағы болып табылады.

Осы заманғы ревизионизм марксизм-ленинизмнің ұлы іліміне кір келтіруге тырысуда, оны «ескірді» және кәзіргі уақытта қоғамның дамуы үшін маңызын жойды-мыс деп жариялауда. Ревизионистер марксизмнің революциялық жанды өзегін жұлып тастауға, жұмысшы табы мен еңбекші халықтың социализмге сенімін нашарлатуға тырысуда. Олар капитализмнен социализмге өту дәуірінде пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасының тарихи қажет екендігіне қарсы шығуда, маркстік-лениндік партияның басшы ролін жоққа шығаруда, пролетарлық интернационализм принциптерінен бас тартуды, партия құрылысының негізгі лениндік принциптерінен, ең алдымен демократиялық централизмнен аулақ болуды талап етуде, коммунистік партияны жауынгерлік революциялық ұйымнан қайдағы бір дискуссиялық клубқа айналдыруды талап етуде» деп көрсетеді.

Мұндай қисынсыз теория ұсынған қайраткерлерді жұмысшы қозғалысы түгел біледі. А. Джолитти (Италия), А. Ларсен (Дания), Ги Карон және Д. Солсберг (Канада) сияқты ревизионистер марксизмнің негізгі қағидаларына, ортақ заңдылықтарына шабуыл жасайды. Олар біз марксизмді творчестволықпен дамытушымыз деп жар салады. Сөйте отырып, бұл ревизионистер социалистік елдерге, маркстік-лениндік партияларға жала жабады. Югославия коммунистер одағының басшы тобы дәл осындай бағыт ұстаған топ. Югославия ревизионистері кәзіргі дамудың негізгі мәселелері бойынша маркстік-лениндік позициядан айнып, буржуазиялық ұлтшылдық жолына түсті. Коммунистік және жұмысшы партиялары Югославия ревизионистерінің қателігін кезінде байсалды және достық сынға алды. Совет Одағы және басқа да социалистік елдер Югославиямен қарым-қатынасты жақсартуға ұмтылып, қолдан келгеннің бәрін істеді. Югославия коммунистер одағы 1954 жылдан бастап мұндай туысқандық қамқорлықтан кенде болған жоқ. Коммунистік партиялар Югославия коммунистер одағының басшылары марксизм-ленинизм позициясына қайтып оралады, сөйтіп Югославия халқының социализм жолымен іркіліссіз, бөгетсіз дамуына жағдай жасалады деп үміттенді, төзімділікпен күтті. Бірақ, Югославия коммунистер одағының басшы тобы коммунистік партиялардың бұл үмітін ақтамады, жолдастық ақыл-кеңесті шаншу көрді, менмендікке басып, ішкі ісімізге араластың деп байбалам салды. Біз нағыз марксистерміз, ал басқалар, яғни коммунистік партиялар, догматизмге белшесінен батқандар деп шімірікпестен мәлімдеді.

Шын мәнінде нақ Югославия коммунистер одағы маркстік-лениндік ілімнен іргесін аулақ салды. 1958 жылғы апрельде Югославия коммунистер одағының VII съезінде Югославия коммунистер одағы программасының қабылдануы марксизмнен қол үзудің анық белгісі болды. Бұл программаның көптеген қағидасы марксизм-ленинизмге қайшы келеді. Бұл программа Декларацияда және коммунистік партиялардың басқа да маңызды документтерінде қорытылған, бейнеленген саясатпен, көзқараспен мүлде үйлеспейді.

Кәзіргі халықаралық жағдай, дүниежүзілік екі система мен екі лагерь жөнінде, СССР-де және басқа елдерде социализм орнату тәжірибесінің маңызы, коммунистік партия мен социалистік мемлекеттің жаңа қоғам орнатудағы ролі, буржуазиялық идеологияға қарсы күрес мәселелері, пролетарлық интернационализм принциптері, социалистік елдердің өзара қарым-қатынасының негізі тақілетті аса маңызды мәсе-



ле жөнінде Югославия коммунистер одағының басшы тобы марксизмнен ауа жайылды.

Әлемде біріне бірі қарама-қарсы экономикалық екі системаның өмір сүруін олар «дүние жүзінің екі антагонистік соғыс-саяси блоктарға бөлінуі» деп көрсетеді. Югославия коммунистер одағының басшы тобы социализмнің халыққа өлшеусіз бақыт әпергенін, адамды адам қанауын құртқанын, жұмыссыздықты жойғанын, бейбітшіліктің туын көтергенін, езілген халықтарға тұңғыш достық қол созғанын, пана болғанын білмеген болады. Ағылшын-француз-израиль империалистері 1956 жылы Египеттің тәуелсіздігін тұншықтыру үшін күш қолданғанда озбырдың қанды шеңгелін тойтарған Совет Одағы болды. Сирия мен Иракқа талай рет қару кезенген империалистер Совет Одағы және басқа да социалистік елдер болмаса райдан қайтпас еді. Мұның бәрі «тайға таңба басқандай» жай. Бірақ, Югославия ревизионистері социализмнің мұндай күшін, әсерін көрмеген болады. Сонымен бірге олар капитализмнің озбыр саясатын, еңбекшілерді шексіз қанауын, езілген халықтарды кіріптарлыққа итермелеуін көріп отырса да сезбеген болады.

Империалистік мемлекеттерді ақтауға және халықаралық шиеленіс үшін кінәні Совет Одағына аударуға тырысқан осы жандайшаптар Совет Одағының саясаты «Атлантикалық шартты құрудың негізгі себебі» болды-мыс деп мәлімдеуден тайынбады. Сансыз соғыс базасын құрып, әлсіз елдердің тәуелсіздігін таптап, социалистік мемлекеттердің қасиетті шекарасын бұзып, Куба сияқты ерікті елдің тыныштығына түйіліп отырған АҚШ империалистері де дәл осылай сөйлейді. Біздікі жөн, «коммунистік хауіптен» сақтану, қорғану үшін соғыс одақтарын нығайта түсеміз, барлаушы самолетті әлде де пайдаланамыз дейді олар. Мұның бәрін империалистер не үшін істейтіні белгілі. Соғысқа әзірлену, арандату, пайдаға бату, еңбекшілерді мейлінше қанау осы әрекеттердің төл нысанасы. Екінші дүниежүзілік соғыста миллиондаған қара халық шексіз азап шегіп, миллиондаған қыршын жас оққа ұшқанда империалистердің түгі де кеткен жоқ. Қайта монополиялардың табысы, пайдасы адам айтқысыз көбейді. Мысалы, «Дженерал электрик» компаниясы екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында 3,3 миллиард долларлық соғыс заказын алды. 1939 және 1943 жылдың ішінде компаниядағы жұмысшы мен қызметшінің саны 2,6 есе көбейді, айналмалы қаржы 3,9 есе артты, жалпы пайда 5,3 есе ұлғайды. Ал 1950 — 1953 жылдары Кореядағы соғыс кезінде соғыс заказының мөлшері 3,5 миллиард долларға жетті. Атом қаруын шығаратын бұл компанияға үкімет 1959 жылы 914 миллион долларлық заказ берді. «Дженерал электриктің» 1958 жылғы таза пайдасының өзі 243 миллион доллар болды. Қару-жарак шығару жөнінде төртінші орын алатын осы компанияның жайы басқаларына да тән. Мұндай алпауыт компаниялардың соғыс заказынсыз күні жоқ. Жалпы өнімінің 70 — 80 проценті қару-жарак болып келетін мұндай ірі монополиялар еңбекшілерді, әсіресе, артта қалған елдердің жұмысшыларын аяусыз қанайды. Америка Құрама Штаттары монополияларының шет елдердегі капиталынан, ең аз дегенде, жыл сайын 3,5 миллиард доллар пайда өнеді. АҚШ-тың Таяу Шығыстағы мұнай монополиялары ғана жыл сайын 1,5—2 миллиард доллар пайда табады. Мұнай монополиялары Иранда 1 тонна мұнай шығаруға болғаны 1,5 доллар жұмсайды, ал онан 12,5 доллар пайда түсіреді. Кувейттің мұнайын иемденген империалистер оның әрбір тоннасынан 16—17 доллар пайда көреді. Америка Құрама Штаттары монополияларының пайдасы 1939 жылғымен салыстырғанда 17 есе өсті. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда: «кім бәрінен бай, бәрінен күшті болған болса, сол бәрінен де көп байыды, бәрінен де көп тонады; ал кім бәрінен әлсіз болған бол-



са, соны титығына жеткізе тонады, азаптады, жанышты, тұншықтырды» (В. И. Ленин, Шығармалар, 28-том, 47-бет).

Экономикалық көмек берсе саяси шарт қоятын, қарызға берген қаржысының үлкен өсімін тілейтін (батыс мемлекеттер заемына 6 процент өсу белгілейді) және мешеу елдің индустриясы, өзінің техникалық кадры болуын мүлде қаламайтын империалистердің озбырлығының арқасында байып алған елдер дамуда кенже қалған халықтардың мойнына міне түседі. Осының салдарынан әр елдің экономика, тұрмыс дәрежесінің айырмашылығы, ала-кұлалығы арта береді. Демократиялық партияның басшысы Эдлай Стивенсонның айтуына қарағанда, Америка Құрама Штаттарында жан басына келетін табыс орта есеппен 2 мың доллардан асады, ал көп елдерде, әсіресе Азия елдерінде жан басына келетін табыс 100 долларға да жетпейді. Бұл — капиталистік дамудың заңдылықтарына байланысты туған үлкен қайшылық. Мұны марксизм-ленинизмнен тайғандар ғана көрмейді.

Совет Одағы баянды бейбітшілік үшін дәйектілікпен күресіп келеді. Бұл — бүкіл әлемге аян ақиқат. Совет Одағы былтыр мен биыл да түбегейлі көп ұсыныс жасап, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге ұмтылғаны мәлім. Біріккен Ұлттар Ұйымында 1959 жылғы 18 сентябрьде қарусыздану туралы маңызды ұсыныс енгізіп, бастама жасаған ел Совет Одағы болды. Қарулы күштерді азайту жөнінде де совет мемлекеті соны үлгі көрсетті. Екі—үш жылдың ішінде 2,2 миллиондай адам әскери қызметтен босатылды, соғыс шығыны мықтап азайтылды. Совет Одағы герман және Берлин мәселесін реттеудің жолын нұсқады. Ал, батыс мемлекеттердің мұндай ісін кім көрді?

Югославия ревизионистері біз блоктардан аулақ боламыз, өзгеше саясат несіміз деп көп айтады. Бірақ олар Югославия Балкан одағына мүше екенін жасырады. Бұл одаққа Югославиямен бірге кіретін Греция және Түркия НАТО, СЕНТО сияқты агрессияшыл соғыс одағымен матаулы екенін, демек Югославияның өзі де империалистерге сыралғы болып отырғанын кім білмейді?

Югославия ревизионистерінің «капиталистік дүниедегі мемлекеттік капиталистік тенденциялардың ұлғайған толқыны адамзаттың тоқтаусыз және әралуан түрлі жолдармен социализм заманына терең бойлап келе жатқанын мейлінше айқын дәлелдейді» деп сәуегейсуіне байланысты Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы «Женьминь жибао» газеті кезінде: «Бұл көзқарастар, ХІХ ғасырдың аяғында және ХХ ғасырдың басында Бернштейн, Каутский, Гильфердинг және басқа оншыл социалистер таратқан «эволюциялық социализм», «ультраимпериализм», «ұйымдасқан капитализм», «капитализмнің социализмге бейбітшілікпен қосылуы» сияқты ревизионистік көзқарастардың уағызын адамдардың есіне салмай қоймайды. Бұл ревизионистік көзқарастарды уағыздау, буржуазияның үстемдігін сақтау үшін капиталистік елдердің жұмысшы табының назарын социализм жолындағы революциялық күрестен басқа жаққа аудару мақсатын көздейді. Югославияның коммунистер одағы басшыларының әртүрлі елдердің жұмысшы табы мен барлық еңбекшілеріне бағыттаған кәзіргі уағызы да жұмысшылар мен барлық еңбекшілерді капитализм алдында тізе бүгу жолына түсіруге тырысқан, есуастық әрекеттен туып отыр» деп жазды.

Югославия ревизионистерінің көзқарасымен таныса түссең бұл пікірдің дұрыстығына сенбеске амалың жоқ. Югославия ревизионистері ешкімге таңсық емес көне «теорияларды» жаңғыртудан аса алған жоқ. Россия топырағындағы дәрменсіздер — «экономистер» мен меньшевиктердің партия туралы, оның ролі туралы айтқан сандырағы бүгін Югославия ревизионистерінің аузында жүр. Олардың айтуынша қайсы бір елде (атап айтқанда, Америка Құрама Штаттарында) жұмысшы



табы кәсіподақтардың арқасында саяси партиясыз да өкімет басына келуі мүмкін көрінеді.

Бұл «теорияның» марксизмге үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Партия—пролетариаттың таптық ұйымының ең жоғары формасы. Партия еңбекшілердің барлық бұқаралық ұйымына, соның ішінде кәсіподақтарға да басшылық етеді. Маркстік партияның басшылығынсыз жұмысшы табының ісі, жеңісі тиянақсыз болады.

Кәзіргі кезеңдегі тап күресі, буржуазиялық мемлекет жөнінде де Югославия коммунистер одағының басшы тобы қисынсыз әңгімелерді айтып жүр. Югославия ревизионистерінің бұл «еңбегін» оңшыл социалистер жоғары бағалайды. Югославия қайраткерлерінің «маркстік концепциясы» біз үшін өте қымбат дейді Аргентина социалистері. Сендердің сөздерің біздің ойдан шықты деп Жапония социалистері де югославтарға қол соғады. Оңшыл социалистер ұнатқан бұл «теория» қандай, енді соған келейік.

Югославия коммунистер одағы басшылығының ойынша бұрынғы озбыр капитал кәзір момақан көрінеді. Ревизионистердің ойынша ғылым мен техниканың жаңалықтарына орай, атап айтқанда, өндірісті автоматтандырудың өсуіне сәйкес капитализм «үздіксіз көркею» дәуіріне жетіпті. Демек, еңбекшілердің тұрмысы күйзелмейді, қайта онала береді. тепкі, езгі деген жойылды, кәзіргі капитализм халықтық құрылыс, дейді ревизионистер. Момақан, жуас, халықтық қоғамда тап күресі де жоқ. Марксизм ескірді. Біз енді социалистік революциясыз, пролетариат диктатурасысыз-ақ әділ қоғамға иеміз дейді олар. Югославия ревизионистерінің ойынша буржуазиялық мемлекет таптық қанаудың, таптық өктемдіктің құралы емес, қайта таптарды табыстырудың құралы көрінеді. Капиталистік мемлекет «жеке капиталды бақылау шараларын» қолданады, «капиталистік меншікті жеке басқаруды аз-мұз тежейді» дейді ревизионистер.

Мұның бәрі — босқа арамтер болудың үлгісі. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында ұлттық байлықтың тең жартысын иемденетін аз ғана қанаушы топ (халықтың 0,8 проценті) елдің ішкі және сыртқы саясатына шешуші ықпал жасап отырғаны ақиқат қой. АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік секретары Джон Фостер Даллес мұнай фирмаларының өз адамы еді. Кәзіргі мемлекеттік секретарь К. Гертер финансылық мүддесін қорғайды. Капитализмнің ең бай және қуатты елі Америка Құрама Штаттарында жұрттың көбі-ақ мұқтаждықта тұрады. Демократ сенатор Д. Кеннедидің келтірген мәліметіне қарағанда 17 миллион американдық ішсе асқа жарымайды, 15 миллион семьяның тұрғын үйі жарамсыз, 7 миллион семьяның жылдық табысы 2 мың доллардан көп кем. Елде 4 миллион адам жұмыссыз отыр.

Қоғамның тапқа бөлінуі — тарихи-табиғи құбылыс. Таптардың бітпес қайшылықта болуы, үздіксіз күресі мемлекетті туғызған басты себеп. Мемлекет дегеніміз тап қайшылықтарының ымыраласпайтынының жемісі және оның көрінісі. Өкімет қай таптың қолында болса, барлық билік сол таптың қолында деп үйретеді марксизм. Бұл — өмірдің өзінен алынған, тәжірибеде тексерілген ғылыми қағида.

Осы заманғы капитализм тұсында антагонистік негізгі екі тапты көреміз. Оның бірі буржуазия, екіншісі — пролетариат. Өкімет билігін ұстаған буржуазия жұмысшы табының праволарына жанжақты шабуыл жасайды. Мұны дәлелдеу үшін 30-дан астам коммунистік және жұмысшы партиясының заңнан тыс деп жарияланғанын айтсақ та болады. Пролетариаттың мүддесін дәл бейнелейтін бұл партияларды қудалау жұмысшыға қас үкіметтің ісі. Буржуазия мен пролетариат күресі капиталистік қоғамның негізгі даму желісін белгілейді. Авангардылықты, бірлігі нық жерде жұмысшы табының тегеуріні «темір үзгендей». Мұны бүгінгі өмірдің өзі де дәлелдеп отыр. Жұмысшы табының



ылтыр мен биылғы қимылы осы он жылда бұрын-соңды болып көрмеген қимыл. Жұмысшы ереуілінің жауынгерлік сипаты күшейді, жұмысшылардың бірлігі нығайды. Бұл ретте Жапония жұмысшы табы үздік болды. Мұнда жапон-американ соғыс договорына қарсы күрес үкіметпен белдесудің өзегі болды. 26 апрельде осы соғыс договорына қарсы ұйымдастырылған ереуілге 5 миллион адам қатысты. Американ-жапон соғыс договорына қарсы күрестің биік өркеші май және июнь айы болды. Жапонияға Эйзенхауэрді келтірмеу үшін білек біріктірген күштер оң жаққа жеңіске жетті. Жапонияның бүкіл халқы ұласқан қуатты қозғалыстың нәтижесінде Америка Құрама Штаттары президентінің абыройы айрандай төгілді. Эйзенхауэр Жапонияның қарасын көрмей-ақ қайтуға мәжбүр болды. Жапонияны Американың соғыс базасына айналдыруға қарсы 22 июньде болған саяси ереуілге 6 миллион 200 мың адам қатысты. Бұл ереуіл Нобусуке Кисиді үкімет басынан ысырып тастады.

Францияда да жұмысшылардың ереуілі толастауды білген емес. Алжирдегі фашист топтардың екіленуіне қарсы биылғы февральда көп адам қатысқан жалпы ереуіл болды. Елде мындаған антифашистік комитет құрылды. Еңбекшілер фашист топтарды жылдам ауыздықтады. Июнь айында металлургия өнеркәсібінің 750 мың жұмысшысы жалақыны арттыруды және еңбек жағдайын жақсартуды талап етіп, іс тастады. Париждың банк қызметкерлерінің, транспорт жұмысшыларының ереуілі де табандылық, бірлік ұранымен өтті. Бұл мысалдар капиталистік елдерде «таптық ымыра» және «таптық ынтымақ» дәуірі орнады деген «теорияларды» көрер көзге жоққа шығарады. Сонымен қатар капиталистік елдердегі бұл ереуілдер бейбіт қатар өмір сүру принципінің буржуазиялық мемлекеттердің ішкі өмірінде қолданбақ болғандардың ыңырап аласқанын дәлелдейді. Тап күресі, ұлт-азаттық қозғалыс жүдемейді, кемімейді, қайта өрістей түседі. Әлемдегі екі қоғамдық системаның бейбіт қатар өмір сүруі тұсында да капитализм елдеріндегі тап күресі әлсіремейді, қайта күшейе түседі, өйткені капиталистік мемлекеттердің іргесі шайқалып, өрісі тарылып барады. Жапониядағы, Оңтүстік Кореядағы, Түркиядағы оқиғалар мұның айқын сыпаттамасы.

Жұмысшы табының саналылығы артып, оның ұйымшылдығының және бірлігінің нығаюы толастамас күрестердің көрінісі. Империализмнің бұрынғы дәурені болса, жұмысшы табын мейлінше ауыздықтап, ұлт-азаттық қозғалысын тұншықтырып бағар еді. Социалистік системаның өмір сүруі, марксизм-ленинизмнің кең тарауы, қуатты ұлт-азаттық қозғалысы олардың діңкесін құртып отыр. Югославия ревизионистері бұл жайды мойындағысы келмейді. Социализм елдерінің саясаты халықтың ой-арманына сай екенімен, оның зор ықпалы бар екенімен ревизионистердің жұмысы да жоқ. Социализмнің туын тіккен елдер достық, ынтымақ және өзара көмек негізінде тиімді қарым-қатынас жасайды. Бұл қатынастар пролетарлық интернационализм принципіне негізделді.

Пролетарлық интернационализммен айнымайтын Совет Одағы социалистік лагерьдің үлкенді-кішілі еліне қалтқысыз көмектесіп отырады. Совет Одағы Польшада 72, Болгарияда 39, Румынияда 56 кәсіпорнын салысуға, жабдықтауға көмектесіп отыр. Совет Одағы мен халық демократиясы елдерінің экономикалық ынтымағы социалистік лагерьдің күш-қуатын арттыра түсіп, социалистік мемлекеттердің халықаралық позициясын бұрынғыдан да нығайтады. Оны мына мысалдан да айқын көруге болады: екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Польша және Венгрия сияқты елдер өнімнің негізгі түрлерін шығару жөнінен Англиядан, Франциядан, Италиядан көп артта қалған еді, ал кәзір бұл алшақтық әбден жойылуға жақын. Мысалы, Польша өнімнің жан басына



келетін мөлшері жағынан кәзірдің өзінде-ақ Италиядан, ал өнімн жеке түрлері жөнінен Франциядан асып түсіп отыр. Бұл Совет Одақ сияқты қуатты мемлекеттің социализм еліне көрсеткен қалтқысыз көмгінің айғағы екені даусыз. Ал осындай риясыз көмектің мәнін бұрмала Югославия ревизионистері Совет Одағы ұсақ елдерге алакөздік жаса отыр дегенге дейін барады.

Өмірдің өзінде сыналған теорияға, тұжырымға дау айту немен оның мазмұнын бұрмалау — Югославия ревизионистерінің үйреншік әдісі. Әлеуметтік қоғамдық құрылысы бөлек елдердің бейбіт қатар өмір сүруі туралы ілімді тұңғыш ашқан және дәйекті қолданған е Югославия-мыс. Мұны Югославия еңбекші халқының социалистік одағының V съезінде осы Одақ басшысының бірі Бакарнич айтты. Бұл съезд биылғы апрельде өтті. Тито Бакарничтен көрі сыпайы көрінді. О екі системаның бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігі және қажеттігі туралы тұңғыш айтқан адам Ленин еді деді. Бірақ бұл қағида ұмытылып кетіп, Югославия қайраткерлерінің күш салуымен ғана жаңғырыпты мыс. Ал, Югославия ревизионистерінің өзі бейбіт қатар өмір сүру принципін марксистерше түсіне ме, жоқ па, соған келейік.

Қарама-қарсы екі системаның бейбіт қатар өмір сүру принципі басшылыққа алу капитализм мен социализмнің қайшылықтарын бүгін боямалау, идеологиялық күресті тоқтату немесе әлсірету деген сөз емес. Социализмнің, жаңа қоғамның капитализмді жеңуі үшін үздіксіз күресу, империализмді, оның идеологиясын тынбастан әшкерелеу пары. Бейбіт қатар өмір сүру капиталистік елдердің өз ішіндегі, халықаралық көлемдегі тап күресін жоя алмайды. Халықаралық көлемдегі тап күресін қарудың күшімен емес, ақылдың күшімен шешу дұрыс. Марксизм осылай дейді. Ал, Югославия ревизионистері екі системаның бейбіт қатар өмір сүруін басқаша түсінеді. Олар бейбіт қатар өмір сүру буржуазиялық идеологиямен, империализммен күресті доғару деп біледі. Империалистердің агрессиялық жоспарына, саясатына қарсы сөз таба алмай отырған ревизионистер капитализммен экономикалық жарысқа түсудің өзі де бейбіт қатар өмір сүру принципін бұзу деп жариялады. Югославия ревизионистерінің бұл пікірі жақсы тілектен туып отыр деп айту қиын. Олар социалистік елдердің күшеюін, нығаюын көре алмайды. Соны ашық айта алмаған соң бұркемелеп отырғаны бұл.

Югославия ревизионистері социалистік елдердің ынтымағына, жағрастығына кір келтіруге тырысып, түрлі өтірік таратумен болады. Югославия еңбекші халқының социалистік одағының V съезінде Совет Одағы туралы, социалистік елдер туралы өсек аз айтылған жоқ. Бұл съезге шақырылған социал демократиялық және буржуазиялық партиялардың өкілдері де тартынып қалмады. Марксизмді бұрмалаушылардың өзі сөз берген соң не жорық! Сонымен Югославия ревизионистері революциядан безіп, марксизмді ұмытып, ұсақ реформаны құрған сатқындармен тағы бір ауыз жаласты. Осы съезде Югославия ревизионистері бұрынғы қатар, теріс пікірін онан әрі дамытумен болды. Төрт ұлы мемлекет басшыларының Париж кеңесінің сәтсіздікке ұшырауына байланысты 17 майда мәлімдеме жасаған Тито халықаралық шиеленісті қоздырушыны атамай өтті. Кінәні төрт мемлекетке бірдей жауып, Тито Совет Одағының бейбітшіл саясатын империалистердің екіжүзді саясатымен қатар қойды. Халықаралық мәселелерді дұрыс шешуге социалистік лагерьдің ерекше ықпал ететінін мойындағысы келмеген Тито «бейтарап елдерге» иек артқысы келеді. Одақтан тыс отырмыз деген баяғы зымиян саясатын тағы тосады. Біздің саясат дұрыс деп кеудесін ұрады.

Ал шын мәнісінде олай емес. Одақтан тыс отырмыз деп көп айтатын Югославия қайраткерлері Америка Құрама Штаттарының социалистік елге барлаушы самолет жібергенін тура айыптай алмады. Олар



Америка империалистерінің Иранда, Түркияда соғыс базасын құруына қарсы пікір айта алмады. Сыртқы саясатта империалистерден қандай әуелді болса, Югославия ревизионистері ішкі саясатта да сондай кішіптарлыққа ұшырап отыр. Жұмысшы табының идеялық қуатты қауымы — марксизм-ленинизмнің негізгі қағидаларына қол көтерген Югославия ревизионистеріне Америка Құрама Штаттарының және басқа да капиталистік елдердің империалистері үлкен үміт артады. Соңғы 10 жылда олардың Югославияға өтеусіз көмек немесе қарыз есебінде 2 миллиард доллар беруі де осыдан. Капиталистердің көмекті бостан босқа бере қоймайтыны анық. Осындай көмекке қарамастан, Югославия экономикасы қарыштап кете қойған жоқ. Югославия халық шаруашылығында әсіресе еңбек өнімділігінің өсуі өте мардымсыз. Ол 1939 жылы дәрежеге әлі жеткен жоқ. Еңбек өнімділігі өнеркәсіпте де артып жатқан жоқ. Өнеркәсіпте еңбек өнімділігінің өсуі 1955 жылы 2,8 процент, 1956 жылы 3,4 процент, 1957 жылы 8,7 процент, 1958 жылы 1,1 процент, ал өткен жылы 5 процент шамасында ғана болды. Югославия өнеркәсіпін мамандандыру және кооперативтендіру жайы да мәз емес.

Югославияның ауыл шаруашылығында кулактардың мүмкіндігі жоғалайып, шаруасы нығайып келеді. Бүкіл шаруалардың 14 проценті боғылып отырған осы кулактар жеке меншіктегі жердің 40 процентін иемденбейді. Ал енді кедей шаруалар мейлінше күйзелуде, олар жұмыс және күнкөріс іздеп қалаға кетіп жатыр. Хорватия — Винковицыдың бір ауданында соңғы екі жылда шаруа шаруашылықтарының 11,1 проценті жерсіз қалған.

Югославияда өнеркәсіп және азық-түлік товарларының бөлшек сауда бағасы соңғы уақытта қымбаттай түсті. Мұны «Борба» газетінің мәзі де мойындап отыр.

Бүгінгі ревизионистер «өздерінше» басқарып отырған Югославиядағы жай-күй, қысқаша айтқанда, осындай. Өздерінің бағытын жүз құбылту, күнделікті оқиғаларға, саяси майда-шүйделердің бұлтарыстарына қарай ыңғайлану, пролетариаттың түпкі мүдделерін және бүкіл капиталистік құрылыстың, бүкіл капиталистік эволюцияның негізгі белгілерін ұмыту, болмашы пайдаға бола осы түпкі мүдделерді құрбан ету — міне ревизионистік саясат осындай деген лениндік сөздер Югославия қайраткерлерінің бет пердесін, тәсілін, әдісін, бағытын дәлме-дәл бейнелейді.

Партияның тарихи ХХІ съезінде Н. С. Хрущев жолдас «маркстік-лениндік партиялар Югославияда не болып жатқанына алаңдамай отыра алмайды. Югославияның туысқан халықтары көп құрбандыққа ұшырап, СССР-дің қолдауымен неміс және итальян оккупанттарынан азат етілді, өз буржуазиясының үстемдігін құлатып, социализм жолына түсті. Бірақ кәзіргі Югославия басшыларының Югославияны социалистік лагерьге және халықаралық коммунистік қозғалысқа қарама-қарсы қоюға бағытталған саясатының Югославия халқын социалистік жеңістерінен айырып қалуға әкеліп соқтыруы мүмкін» деді.

Бұл ақиқат сөздер Югославия еңбекшілеріне де ой салады. Югославия еңбекшілері шын дос Совет Одағы және социалистік лагерь елдері екенін біледі. Осы елдердің жарасты социалистік семьясына қосылған күнде ғана Югославия социализмнің даңғыл жолымен өркендей алады.



# Экономикасы кенже қалған елдерге Совет Одағының көмегі

*А. ТУҒАНБАЕВ*

Біздің заманымыз Совет Одағы бастаған социализм системасын дүние жүзінде күннен-күнге қуаттанып, құлашын кең жая түскен дәуір болып отыр. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі өткен біраз жылдың ішінде империализмнің қансоқтасы болып келген отар және тәуелсіз елдер арасынан отыздан аса мемлекет ұлт бостандығын алып, тәуелсіз жаңа мемлекет қатарына қосылды. Сөйтіп империализмнің отар жүйесінің өрісі барған сайын тарылып, бас бостандығын көксеген ұлт азаттық қозғалысының желісі барған сайын кеңейуде. Бұл кезеңде қосамдық системасы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік принципіне басшылыққа ала отырып, партияның ХХІ съезі белгілеген негізгі мақсатты — халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайту мүддесіне Совет Одағының дәйекті қажырлылықпен күш салуының тарихи маңызы зор. Совет Одағының халықтар арасындағы қарым-қатынасты жақсартып, өзара сенім күшінің ықпалын кеңейту жолындағы игі ниеттерінің бірі — азаттыққа қолы кеш жетіп экономикасы кенже дамыған елдерге өзара тиімділік негізінде экономикалық көмек көрсетуі.

Соңғы жылдары бір миллиард төрт жүз мың адам отарлық және жартылай отарлық тәуелсіздіктің қанды құрсауын бұзды. Үндістан, Индонезия, Бирма, Камбоджа, Тунис, Цейлон, Марокко, Гана, Гвинея, Конго, Сомали және т. б. біраз елдер саяси тәуелсіздікке ие болды. Осы елдердің көбінің өнеркәсібі жоқтың қасы, ал барының өзінде оның техник дәрежесі өте төмен, шаруашылығы капиталистік рыноктың мақсаттарын икемделген сыңаржақ. Мұның үстіне осы елдер империализм тарапына әлі де бұрынғысынша экономикалық қанауда отыр. Олардың мұнай сығымды байлығын шет ел капиталистері иемденіп, пайдалануда. Мысалы Кувейттің мұнайынан ағылшын-американ компаниялары жұмсалған шығынын қоса есептегенде жыл сайын 600 проценттен аса пайда келтіруде.

Көп жылғы қажырлы күрестің нәтижесінде саяси тәуелсіздікті жеңіп алған Азия мен Африка халқы ең алдымен экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етпейінше, отаршылдықтың ауыр зардабынан құтыла алмайтынын, саяси тәуелсіздікті баянды ете алмайтынын айқыны түсініп отыр. Сондықтан да бұл елдер ұлттық экономиканы мейлінше дамытуға күш салуда. Бірақ бұл елдердің мұндай игі мақсатын жүзеге асыру жолында тосқауыл болатын көптеген қиыншылықтар да бар.

Октябрь революциясына дейін экономикасы артта қалған, сол мешеуліктен құтылу үшін ең алдымен елді индустрияландыруда, оның өзекті саласы ауыр өнеркәсіпті өркендетуде көп қиыншылықты жеңген совет халқы осы елдердің тілегін, мұқтажын әбден түсінеді. Сондықтан да Совет Одағы Азия мен Африка халқының мешеуліктің улы тырнағынан тез құтылуын тілейді. Осы елдердің отаршылдықтың ауыр зардабынан құтылып, өз шаруашылығы мен мәдениетін шапшаң өрлетуіне Совет Одағы шын ықыласпен көмек көрсетіп келеді, бұдан былай да көп көлемде көмек көрсетуге даяр.

Тек осы заманғы өнеркәсіп негізіндегі көп салалы экономиканың барынша дамытқанда ғана империализм қанауынан атқез құтылып экономикалық дербестікке жетуге болатынын, ұлттық дамудың тәуелсіздігіне қол жеткізілетінін білген елдер өзара тиімділік негізінде экономикалық көмек көрсетуге даяр.



сіз жолына түскен елдердің тәжірибесі айқын көрсетуде. Бірақ, экономикасы нашар дамыған елдердің бұл бағыттағы мақсатының жүзеге асуына, ұлттық экономиканың негізін құруға пайдаланылатын ұлттық капиталдың тапшылығы, өнеркәсіп орнын салуға қажетті техникалық тәжірибесі бар ұлттық құрылыс ұйымдарының және маман жұмысшы күші мен инженер-техник кадрларының жоқтығы үлкен кедергі болып отыр.

Отаршылдардың экономикасы кенже дамыған елдерге осы қиыншылықтан тез құтылуға қолқабыс етпейтіні былай тұрсын, осы елдердің дербес ұлттық экономикасы болғанын қаламайды, қайта олардың өсім беретін аймақ ретінде, даяр товарларын өткізетін тиімді рынок ретінде пайдалана беруге барынша күш салып бағуда.

Ал интернационализм мен адамгершіліктің ұлт тәуелсіздігі мен азаттық туын өзінің алғашқы адымынан бастап жоғары ұстап отырған Совет Одағына бас бостандығы үшін күресуші халықтардың асыл арманы мен мақсаты әбден түсінікті. Сондықтан да Совет Одағы империализм бұғауынан біржола босану жолында күресіп жатқан барлық халыққа өзінің ұлттық экономикасын ұйымдастыруға бірінші болып достық қолын созып, көмектеседі. Атап айтқанда, Советтік Россия өз өмірінің алғашқы кезеңінде-ақ Иран, Ауғанстан, Финляндия сияқты бірқатар көршілес елдерге бірқыдыру экономикалық көмек көрсетті. Мысалы, Совет Одағы Түркияға Қайсери мен Назиллиде екі ірі тоқыма комбинатын салуға несие берді.

Совет Одағы дүниежүзілік екінші соғыста орасан зор бүліншілікке ұшырағанына қарамастан, экономикасы нашар дамыған елдерге үнемі қалтқысыз көмек көрсетіп келеді.

Совет Одағының барлық елмен қарым-қатысы да, оның ішінде экономикасы кенже дамыған елдермен қатынасы да сол елдердің территориялық тұтастығы мен суверенитетін құрметтеу, өзара тиіспеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпай, бейбіт қатар өмір сүру принциптеріне негізделген. Осындай принципі басшылыққа алған Совет Одағы отарлық қанаудан босанған елдерге өз жәрдемін аямайды. Ол елдерге машина-жабдық, несие беру, сол сықылды өзінің ұлт кадрларын даярлауға жәрдемдесу, олармен сауда жасасу шараларын жүзеге асырып келеді.

Экономикасы кенже дамыған елдерге Совет Одағы жасап отырған көмектің ішінде ұлттық экономиканың өркендеуіне сөзсіз ықпалын тигізетін, сол ұлттың өз кәсіпорындарын салуға жәрдемдесетін техникалық көмектің маңызы ерекше екенін атап көрсету қажет.

Қазіргі кезде Азия мен Африканың 22 елінде әр түрлі 383 өнеркәсіп орнын салу үшін Совет Одағы экономикалық және техникалық көмек беріп отыр. Бұлардың бірсыпырасы алғашқы өнімді бере бастады. Совет Одағының мұндай экономикалық көмегі басқа батыс елдердікі сияқты, ілезде пайдалануға беріліп, кешікпей бірнеше есе өсімімен жедел қайтарылып алатын тұтыну товарлары түрінде емес, қайта бірінші кезекте сол елдің өзінің тұтыну товарларын жасауға, сол сықылды өндіріс құралын жасай алатын өз өнеркәсібін құруға көмектеседі. Сөйтіп, сол елдің экономикасы жақсы дамыған елдер қатарына қосылуға мүмкіндік туғызатындай берік материалдық негіз қалауға көмектеседі. Сондықтан да сол елдердегі Совет Одағының көмегімен салынып жатқан кәсіпорының басым көпшілігі — елдің жалпы экономикасын дамытуға қажетті металлургия, машина жасау заводтары, химия, мұнай, тоқыма, қант өнеркәсібінің кәсіпорындары, атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалануға жәрдемдесетін түрлі институттар, электр станциялар, порттар мен темір жолдар, ауруханалар мен арнаулы оқу орындары және тағы басқалар болып отыр.

Американың үркердей билеп төстеуші тобының экономикасы нашар дамыған елдерге көмек беру саясатын анықтай келіп, американ финанс



шонжарларының органы «Коммершл энд файненшл кроникл» журналы: «Біз Американың экономикалық көмегі жайында сөз қозғағанда ол көмектің бізге тиімді сауда жағын көздейміз. Жұмсалған капиталдың есесін өсіріп қайтаруды ойлаймыз» деп жазды. Ресми мәліметке қарағанда Америка Құрама Штатының шет елдерге көрсеткен соңғы кездегі барлық «көмегі» жылына орта есеппен 4 миллиард долларға тең болған. Экономикасы кенже дамыған елдерге көрсетілген американдық «көмектің» осындай өте аз мөлшерде болуына қарамастан, америка капиталистерінің жыл сайынғы сол елді қанаудан түсірген таза кірісі 11,5 миллиард доллардан асып кеткен. Демек, америкалық «көмек» — америка монополиясының экономикасы кенже дамыған елдерді қанаудан түсіретін мол табысының бір бөлегі ғана.

Совет Одағы 1955—1959 жылдар арасында Шығыстың жеті еліне жалпы мөлшері 4 миллиард сомға жуық несиені берді. Қай елге болса да көмек көрсеткенде Совет мемлекеті ешқашан пайда алуды көздемейді. Ол өзінің берген несиесі үшін несиені беру жөніндегі шығындарды өтеуге қажетті мүлде мардымсыз өсім (жылына 2,5 процент) ғана алады. Ал капиталистік мемлекеттер берген несиесі үшін кемінде 4—6 процент өсім алады. Экономикасы кенже дамыған елдерге несиені бергенде Совет Одағы сол қаржыны капиталистер сияқты тек бір бағытта ғана жұмсау міндетін жүктемейді. Советтік несиені алған мемлекеттер ол қаржыны өз елінің шаруашылығын дамыту үшін, халқының тұрмыс жағдайын жақсарту үшін қалай жұмсаймын десе де ерікті. Сол сықылды Совет Одағының басқа империалистік елдерден тағы бір ерекшелігі мынада: қай елде болса да өз көмегімен салынып жатқан кәсіпорынды басқаруға, оның акциясының бір бөлегін иемденуге, тіпті болмаса сол кәсіпорынның өнімін сатуға өз тарапынан бақылау қоюға ешуақытта ұмтылмайды.

Ал капиталистік фирмалар бір елге белгілі кәсіпорнын салуға жәрдемдескенде, оны басқаруға қатысуды, сөйтіп одан пайда түсіруді талап етеді. Бұл пікірімізді дәлелді ету үшін мынадай мысал келтіруге болады. 1953 жылы Батыс Германияның «Демаг акциенге-зельшафт» және «Ф. Крупп» фирмасы мен Үнді үкіметі арасындағы Үндістанда металлургия заводын салу келісілген болатын. Келісім бойынша Батыс Германия фирмалары завод акциясының 20 процентін иемденетін акционер компаниясын ұйымдастырмақшы болды. Оның басқару советінде екі жақтың да жұмсаған қаржысына жауапты өкілдері болмақшы еді. Ал іс жүзінде заводтан тек фирмалар ғана пайда түсіріп отыр. Ал Совет Одағы мұндай пайдакүнемдікке жол бермейді.

Совет Одағынан көмек алатын елдің тағы бір артықшылыққа ие болатын жағы бар. Ол — совет қаржысымен салынатын кәсіпорындардың техниканың соңғы табыстары бойынша жабдықталуы, тиімді жоба бойынша шалшаң салынуы.

Бұған мысал ретінде бүкіл Оңтүстік Шығыс Азиядағы ең ірі завод, Үндістанның Бхилаи металлургия заводын айтуға болады. Бұл заводтың құрылысы Англия мен Батыс Германияның Дургапур мен Руркелде салып жатқан металлургия заводтарынан әлдеқайда кейін басталған еді. Соған қарамастан Бхилаи заводының құрылысы тез арада аяқталды және металды бірнеше есе көп береді. Бұған қарамастан, соңғы есеп бойынша Руркелдегі заводтың жалпы құны 1 700 миллион рупийге, ал Дургапурдегі заводтың құны 1 375 миллион рупийге тең болған болса, Бхилаи заводының құрылысы 1 300 миллион рупий қаржыға түсті.

Ағылшындар Дургапурдегі заводтың құрылысы барысында үнділіктерді болат қорыту тәсілдерімен таныстырмады, тіпті белгілі бір жұмысты қалай жасаудың жөн-жобасын көрсетпей қойды. Бхилаи заводының құрылысы үнді және совет жұмысшылары мен мамандарының



достық мектебіне айналды. Мұнда совет мамандары өзінің озат әдісі мен бай тәжірибесін үнділіктерге кеңінен үйретті. Бхилаида электр техникасы жабдықтары, технология жабдықтары, металл конструкциясы, сондай-ақ отқа төзімді металдарды қалау жөнінде Үндістанның мемлекеттік қуатты монтаж ұйымы құрылып, оларда Бхилаидағы заводтың монтажшылар мектебінен тәжірибе алған 18 мың монтажшы жұмыс істеп жүр. Демек, Бхилаи заводы экономикасы кенже дамыған елдердің осы заманғы техникадан мол хабардар кадрларын даярлауға көмектескен өндірістік мектеп болып отыр.

Совет Одағының бұл достық көмегін үнділіктер орынды бағалауда. «Совет Одағының достық пейілмен көрсеткен экономикалық көмегі болмаса, — деп жазды Үндістанның «Свадхината» газеті, — еліміздің экономикасын дамытудың келелі міндеттерін Үндістанның ұлттық мүддесіне сай бағытта шеше алмаған болар едік».

Үстіміздегі 1 июльде басталған 1960 — 1961 финанс жылына арналған «Хауіпсіздікті өзара қамтамасыз ету» программасы туралы сөйлеген сөзінде Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік секретары Гертер: «Совет көмегінің орасан зор тартымды күші бар. Ол көмектің ерекшелігі экономикасы нашар дамыған елдің өзі мүдделі болып отырған жобаны жүзеге асыруға сөзсіз қолқабыс ететіндігінде», — деп мойындады.

Саяси тәуелсіздік алып, өзінің ұлттық өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын қайта ұйымдастыра бастаған Азия мен Африканың экономикасы кенже дамыған елі алдында тұрған тағы бір асу — ұлт кадрларын даярлау. Әрбір халықтың өзінің ұлттық интеллигенциясы болмаса, мәдени-техникалық дәрежесін жедел өсіре алмайды, қоғамның өндіргіш күштерін шапшаң дамыта алмайды. Совет Одағы бұл жөнінен де мешеу елдерге көп көмек көрсетуде. Олардың жастарын өз елінде оқытумен қатар СССР-де ұйымдастырылған Халықтар достығы университетінде де даярлауға жағдай жасап отыр. 1959—1960 оқу жылында Совет Одағының жоғары оқу орындарында 12,5 мың шет ел студенттері, соның ішінде Шығыс елдерінен мыңға жуық студент оқыды.

Совет Одағы бұдан бірнеше жыл бұрын совет халқы атынан бирма халқына сый ретінде технология институтының үйін, мейманхана, госпиталь, мәдени-спорт мекемелерін және театр салып беру туралы қарар қабылдаған еді. Міне, сол қарарда көрсетілген технология институты биыл салынып бітеді. Онда 1 100 студент, 50 астам аспирант оқитын болады. Сондай-ақ Гвинея республикасының астанасы Конакриде 1 500 студент оқитын политехника институтын салуға көмек көрсетілуде. Совет Одағы соңғы жылдары Үндістанның Бомбей қаласында ашылған технология институтын салуға өзінше және Біріккен Ұлттар Ұйымы арқылы көп көмек көрсетті.

Азия мен Африканың, Латын Америкасының көптеген елдері прогресшіл топтарының, сондай-ақ жекелеген азаматтардың тілегі бойынша сол елдердің ұлт кадрларын Совет Одағының оқу орындарында даярлауды кеңейту туралы білдірген өтінішін еске ала отырып, Совет Одағы биыл Москвада Халықтар достығы университетін ұйымдастырды. Университетке биыл 500 адам қабылданады. Бара-бара бұл университетте оқитын студенттердің жалпы саны 3 — 4 мыңға жетпекші. Халықтар достығы университетінде оқу тегін болады. Сондай-ақ университет барлық студентті стипендиямен, дәрігерлік тегін қызметпен, жатақханамен қамтамасыз етеді. Университетте оқитын студенттердің Москваға келіп, кету шығынын Совет мемлекеті өзіне алып отыр. Советтік озат ғылым мен техниканың әртүрлі саласынан жоғары білім алған маман кадрлар университетті бітіргеннен кейін өз білімін туған халқының игілігіне жұмсайтын болады.



Совет Одағы халықаралық сауданы өрістетуге мемлекеттер арасындағы бейбіт ынтымақты ойдағыдай дамытуға, мешеу елдерді тез өркендетуге пайдалы әсер етеді деп біледі. Совет Одағы осы тұрғыдан өзара тиімділік негізінде барлық мемлекеттермен, оның ішінде экономикасы кенже дамыған елмен жасайтын сауданың көлемін үнемі кеңейтуде. Мысалы, 1953 — 1959 жылдары Совет Одағының экономикасы нашар дамыған елдермен сауда айналымы сегіз есе өсті.

Совет Одағы өз өнеркәсібінің өнімін, атап айтқанда, әртүрлі машиналар мен жабдықтарды тағы басқа да көптеген товарларды экономикасы кенже дамыған елдерге әділетті бағамен сатады, ал олардан ауыл шаруашылығының шикізатын сатып алады. Сауда жасаушы мемлекеттердің екі жағына да тиімді мұндай сауда мешеу елдің экономикасын тез қарқынмен өркендетуге үлкен көмек болады.

Империалистік мемлекеттердің барлығының дерлік сыртқы сауда жөніндегі ұстаған бағыты Совет Одағының бағытына барынша қарама-қарсы. Мысалы, американ монополистері мешеу елдермен сауда жасағанда сыртқа шығаратын товарларының бағасын бірнеше есе көтеру, сырттан алатын шикізаттың бағасын мүмкіндігінше кеміту саясатын қолданып, шексіз көп пайда табуды көздейді. Сөйтіп ол елдің экономикасын күйзеліске ұшыратуға тырысады. Осындай сыртқы сауда саясаты арқылы Америка Құрама Штаттары жыл сайын Латын Америкасы елінен 2 миллиардтан астам доллар пайда түсіріп отыр.

Экономикасы кенже дамыған елдің көпшілігі Совет Одағы бастаған социалистік елдермен әділетті сауданың артықшылықтарын айқын түсіне бастады. «Россияға қант өткізу туралы бесжылдық келісімді жүзеге асырудың аяғында, — деп мәлімдеді Кубаның премьер-министрі Ф. Кастро совет—куба сауда шартына тоқтала келіп, — Кубаның алашақ қалдығы шамамен 70 миллион доллар болады. Бұған қарама-қарсы, Құрама Штаттармен жасасқан шартымызды жүзеге асырған он жылдың ішінде біздің берешегіміз бір миллиард доллардан асып түсті».

Азия мен Африканың тәуелсіз елдерінің өз экономикасын дамытудағы қажырлы қимылы, олардың өзара достығы, Совет Одағы бастаған социалистік елдермен барған сайын нығая түсіп отырған экономикалық қарым-қатынасы, Шығыстың шексіз байлығын талап, тонауға ұмтылған империалистік отаршылардың жолындағы зор кедергі болып отыр. Экономикасы кенже дамыған елдердің империалистік езгі мен қанауға қарсы күресі жалпы қоғамдық прогресс үшін, бейбіт қатар өмір сүру үшін күресуші барлық демократияшыл күштердің жағдайын онан әрі нығайта түсуде.

Экономикалық өркендеуде кенже қалған елдердің өзіне тән өнеркәсіпті дамыту жолындағы талабы империализмге қарсы күреспен ұласып отыр. Тәуелсіздікке жуырда ғана қолы жеткен мұндай елдердің өнеркәсіп саласында аз-мұз болса да қадам жасауына империалистік елдер барынша қарсыласып бағуда. Мысалы, бостандыққа быттыр ғана ие болған қаһарман Куба халқының экономикалық тәуелсіздік жолындағы талабына Америка Құрама Штаттарының империалистері үршиге қарсы шықты. Миллиардер Нельсон Рокфеллер қоздыра түскен бұл озбырлық адам айтқысыз.

Америка Құрама Штаттары Кубаға техникалық көмек көрсетуден бас тартты. Кубаның мұнайын өңдеуді де АҚШ империалистері тоқтатып қойды. Американ империалистерінің арандату нәтижесінде Кубаға қару-жарақ әкелген француз кемесі, Кубаның оқ-дәрі қоймасы жарылды. АҚШ самолеттері Кубаның әуе кеңістігін күн құрғатпай бұзып отыр десе де болады.

Жуырда Москвада өткен мұғалімдердің Бүкілроссиялық съезінде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас: «Америка Құрама Штаттарының кәзір, тегінде, Куба халқына қарсы зұлымдықпен қылмысты



қадамдар жасамақ болып отырғанына менің назар аударғым келеді. Президент Эйзенхауэр Кубаның қантын және басқа кейбір товарларын Құрама Штаттар сатып алмайды деп мәлімдеді. Мұның өзі экономикалық қысым жасаймыз деп қыр көрсеткендік, Кубаның экономикасын тұншықтыруға, сөйтіп монополистердің Латын Америкасының басқа елдерінде қожалық етіп, олардың экономикасын қалай нашарлатып отырғаны сияқты, Кубада да сондай қожалық ету үшін солардың талабын Куба халқына еріксіз қабылдатуға тырысқандық болып табылады.

Латын Америкасы мемлекеттерінің халықтары қайыршылықта күнелтуде, өйткені американ монополистері бүкіл байлыққа кенеліп, олар Латын Америкасы елдеріндегі балалардың аузындағы бір тілім нанына дейін тартып алып отыр деуге болады» деп мәлімдеді. Н. С. Хрущев жолдас Совет Одағы, бүкіл социалистік лагерь Кубаға барлық жағынан көмектесуге әзір деді. Бұл Совет Одағының экономикалық, саяси тәуелсіздік жолына түскен елдерге көмек көрсетуге дайын екенін ыспаттайды.



# Партия тұрмысы

## Ұйымдастыра білген табысқа жетеді

(Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі аудандық партия комитетінің жұмыс тәжірибесінен)

Соңғы жылдары шаруашылығы шалқып өсіп келе жатқан аудандардың бірі — Бөрлі ауданы. 1953 жылмен салыстырғанда бұл ауданда егіс көлемі үш еседей артып, егіннен мол өнім алынып келеді. Мұнда колхоздар мен совхоздардың бәрі 7—9 таңапты ауыспалы егіс тәртібіне көшті. Бұл егіннің шығымдылығын едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Мал шаруашылығында да ауыз толтырып айтарлық табыстар бар.

КПСС ХХІ съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін ауданның колхоздары мен совхоздары нақты шаралар белгіледі. Жеті жылда ауданда астық өндіру 42 процент, ет—5,5 есе, сүт—5,3 есе, жүн — 3,7 есе артуға тиісті.

Аудан еңбекшілері жетіжылдықтың екінші жылында да үлкен міндет алды. Биыл 8,2 миллион пұт астық өндіріліп, мемлекетке 7 миллион пұт астық сатылмақ. Ет жоспардағы 23,4 мың центнер орнына 30 мың, сүт 3 070 мың литр орнына 3 400 мың литр, жүн 2 365 центнер орнына 2 440 центнер, жұмыртқа 980 мың орнына екі миллион болып өндірілмек. Бөрлі ауданының еңбекшілері астық тапсыру жөніндегі міндеттемесін 1 сентябрьге, ет сату жөніндегі міндеттемесін 1 октябрьге, күздік егуді 15 августқа, зябь жыртуды 1 октябрьге орындаймыз, 1 ноябрьге дейін пішенді қораға тасып аламыз деп бел байлады. Алынған міндеттеме ойдағыдай орындалуда. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында мал өнімдерін тапсыру жоспары барлық түрінен асыра орындалды. Мал күйлі шықты. Егін түгел бітік өсіп келеді. Мал төлдету де жаман өткен жоқ. Осы жылы май айында Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы Бөрлі аудандық партия комитетінің КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумы (1959 ж.) қаулысын қалай орындап келе жатқаны туралы баяндамасын тындады. Онда аудан партия ұйымына үлкен сенім көрсетіліп, жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындау жөніндегі белгіленген шараларымыз мақұлданды, оны орындау барысы жөнінде қамқорлық жасалды.

Кадр мәселесі жөнінде аудандық партия комитеті өзінің жұмыс стилін бірсыпыра өзгерткен. Беталды, қалай болса солай бюроға колхоз және мекеме басшыларын шақырып, ертеден кешке дейін мәжіліс өткізіп, шетінен жазалау сияқты ұнамсыз қылықтар мұнда мүлдем кездеспейді деуге болады. Аудандық партия комитетінің бюро мүшелері жергілікті жерлерде көбірек болып, жергілікті қызметкерлердің күнделікті қызметіне көмек көрсетеді. Ауыл шаруашылығын жоғары сатыға көтеру үшін аудандық партия комитеті кадрларды дұрыс іріктеп, әркімді қолынан келетін жұмыс учаскесіне орналастыруға, тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлді. Аудандық комитет колхоз, совхоз басшыларын ғана емес, төменгі кадрларды іріктеуге де назар аударады. Бөлімше басқарушылары, ферма, бригада бастығы болып қабілеті бар, істе сыналған, жұмыстың жайын жақсы білетін адамдар тағайындалды. Мысалы, Тельман атындағы колхозда Ерзиков жолдас ұқыпты механизатор болды. Ол өз тракторын жақсы күтіп, жанар, жағар майды көп үнемдеумен қатар, еңбек өнімділігін арттырды. Әрбір маусымда жұмыс нормасын екі-үш есеге



ейін орындап, социалистік жарыста алда жүрді. Қоғам жұмысына елсене қатынасты. Аудандық партия комитеті үлгілі механизатордың адамын қадағалап, оның өсу жолына көмектесті. Көп ұзамай коммунист Ерзиков жолдас күрделі бригаданың бригадирі болып жоғарыла-ылды. Қазір бұл бригада алдыңғы қатарда.

Валентина Гаганованың игілікті бастамасын қолдай отырып, аудандың бірсыпыра басшы қызметкерлері артта қалған шаруашылықтарға өздері сұранып барды. Аудандық партия комитетінің секретары, жоғары білімді зоотехник Скобычкин жолдас шаруашылығы артта қалған Бересов совхозына қызмет істеуге тілек білдірді. Скобычкин жолдас совхозға директор болып барғасын бастауыш партия ұйымымен бірлесе отырып, ұйымдастыру жұмыстарын мықтап қолға алды. Қазір совхоздың шаруашылығы тәуір. Совхозда мал қыстан аман шығып, көктемгі егіс бір кетіде сапалы түрде аяқталды. Жүгері өткен жылдан бір жарым есе артық егілді. КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы шешіміне сәйкес етке беретін малды бордақылау үшін арнаулы бригада ұйымдастырылды. Онда әрбір іріқараның салмағын кем дегенде мемлекетке 350—370 килограмнан өткізу міндеті белгіленді. Ленин атындағы совхоздың басшы қызметкерлерінің бірі коммунист Ходжаев жолдас өз тілегімен шошқашы болып алды. Еліміздің атақты шошқа өсірушісі И. Чиждің бастамасына қосыла отырып, Ходжаев жолдас биылғы жылы мемлекетке 800 центнер семіз шошқа етін өткізуге міндеттенді. Мұндай мысалдар ауданнан көптеп табылады.

Аудандық партия комитетінің қызметкерлері өмірдегі жаңалықтарды зерттеп, әрдайым инициатива көрсетіп отыруға тырысады. Міне, соның бірі колхоздарда еңбек күнге ақшалай ақы төлеу мәселесі болатын. Еліміздің кейбір алдыңғы қатарлы колхоздары бұл мәселені қолдап та-тыр. Осыған сәйкес аудандық комитетте бұл мәселе аз әңгіме болған жоқ. Алайда аудандық комитет бұған асыққан жоқ. Ал аудандық комитеттің бірінші секретары Александр Алексеевич Брыжин жолдас осы мәселенің ізінен қалған жоқ. Бюро мүшелерімен ғана пікір алысып қоймай, ауданның басшы қызметкерлерімен, колхоз активімен ақылдасты. 1958 жылдың бас кезінде ККП аудандық комитетіне «40 лет Октября» колхозының председателі Садомсков пен бастауыш партия ұйымының секретары Трифонов жолдастар шақырылды. Олармен еңбеккүнге ақшалай ақы төлеу тәртібіне көшу мәселесі сөз болды. Бірақ олар колхоздың қаржысы аз екенін, мүмкіндіктердің ойдағыдай емес екенін дәлелдей келіп, әлі де болса ойланайық дегенді айта берді. Брыжин жолдас бригадаларда, фермаларда колхозшылармен әңгімелесіп, еңбеккүнге ақшалай ақы төлеу жөнінде пікір алыса берді.

Аудандық комитет нақ осы мәселе жөнінде аудандағы экономистердің, бухгалтер, есепшілердің кеңесін өткізді. Сондай-ақ экономикалық конференция болып өтті. Москвадан, Алматыдан колхоз экономикасын зерттеп жүрген мамандар шақырылып, мәселе жанжақты талқыланды. Бір күні Садомсков пен Трифонов жолдастар аудандық партия комитетіне келіп, бұл мәселені қолдайтындықтарын, өздерінің экономикалық есептерін, қаржының болатынын дәлелдеді.

«Енді бұл мәселеге сенімдеріңіз мол ма?»— деп сұрады Брыжин жолдас олардан.

— Біз өзімізге сенеміз,— деді олар.

Сонымен 1958 жылы сентябрь айында бұл мәселе колхоз партия ұйымының бюросында, жалпы партия жиналысында, колхозшылардың жиналысында талқыланды. Қолхозшылар бұл бастаманы түгел қабылдап ұнатты. Аудандық, облыстық партия комитеттері өздерінің бюро мәжілістерінде, республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі өзінің коллегиясында колхозшылардың еңбегіне ақшалай ақы төлеуге көшуді мақұлдады.



Қолхоз басқармасы жаңа жұмысқа ұзақ уақыт әзірленді. Рас шаруашылықтың барлық тарауында жұмыс нормаларын белгілеу қиынға соқты. Алдыңғы қатарлы колхоздардың газет-журналдарда жарияланған нормалары кең зерттелді. Сонымен колхоз сол жылы октябрь айынан бастап еңбеккүнге ақшалай ақы төлеуге біржола көшті.

Осы колхоздың тәжірибесін көруге, оны іс жүзінде қолдануға қызығушылар көбейген. Өткен жылы көршілес Орынбор облысы Елек, Ташлинский аудандарының, Батыс Қазақстан облысы Зеленов, Теректі, Приурал, тағы басқа аудандарының көптеген өкілдері келіп қайтты. Кәзір Бөрлі ауданының «Победа», Киров атындағы колхоздары да еңбеккүнді ақшалай өтеу тәртібіне көшті.

Аудандық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары еңбек майданындағы жаңалықтарға күнделікті назар аударып отырады. Олар рязандықтардың ауыл шаруашылығында қол жеткен табыстарын терең үйрене бастады. Аудандық партия комитеті озаттар тәжірибесін зерттеу, қорыту және тарату ісіне қаншалықты көңіл бөлетінін мына мысалдан да көруге болады. Комитет бюросында Тельман атындағы колхоздың шопаны коммунист Ғұмар Еспаμβетов жолдастың қойды түгел шығынсыз, өте күйлі етіп бағу тәжірибесі тыңдалды. Еспаμβетов өткен жылы әрбір жүз саулықтан 115 қозыдан алса, биыл 125 қозыдан алып, түгел аман өсіруде. Ленин атындағы колхоздың шопаны, аудандық партия комитетінің мүшесі Орынбаев жолдас та әрбір жүз саулықтан 126 қозыдан алып шығынсыз өсіруде. Ол әрбір қойдан орта есеппен 4,1 килограмнан жүн қырықты. Ауданның колхоздары мен совхоздары қыста қойды ашық қора мен жабық қорада бағу тәжірибесін іске асыруда. Қойлар қатты аяз, не борасын, жауын болған күндерде жылы қораға қамалса, басқа күндердің бәрінде ашық қорада жатады.

Мал шаруашылығының жай-күйі ойдағыдай болмаған совхоздың бірі «Ақбұлақ» совхозы болатын. Мұнда әсіресе сауыншылар аз болып барының арасында жұмыс ойдағыдай жүргізілмеді. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, зоотехниялық орта білімі бар, коммунист Зоя Стадная жолдас өз еркімен осы совхозға қатардағы сауыншы болып барған еді. Ол өткен жылы әрбір сиырдан орта есеппен 3600 литрден сүт сауып, өзінің социалистік міндеттемесін абыроймен орындады. Стадная жолдастың сүтті көп алу жөніндегі тәжірибесі аудандық партия комитетінің бюросында талқыланды, Стадная жолдас биыл орта есеппен әрбір сиырдан 4500 литр сүт сауамын деп міндеттеніп, оны ойдағыдай орындап келеді. Осы совхоздың Рая Шаполова, Зоя Комаренко сияқты сауыншылары да жарыста алда келеді.

«40 лет Октября» колхозында орта білімі бар зоотехник, коммунист Елена Кобиц сауыншы болып істейді. Ол да Стадная жолдас бастаған социалистік жарысқа қосылды. Ауданда үш мың, төрт мың литр сүт сауу үшін жарысқа түскен сауыншылар қатары күн санап көбейе түсуде. Олардың ішінде Киров атындағы колхоздың сауыншылары: Лида Виноградова, Надя Глущенко, Вера Марченко тағы басқалары бар. Сонымен қатар колхоздар мен совхоздар бір сиырдың бауырында екі-үш бұзауды төрт айға дейін өсіру тәжірибесін қолданып жүр. «Ақбұлақ» совхозы осы әдіспен биыл 133 бұзауды қысыр қалған 28 сиырға теліп өсірді. Ол сиырлар түгел қолдан ұрықтандырылды. Мұндай әдісті Березов, Пугачев совхоздары мен «Победа» және Киров атындағы колхоздар қолдана бастады.

«Победа» колхозының тракторшысы Касаткин жолдас биылғы жылы еңбек өнімділігін арттыру, жанар, жағар майды үнемдеу арқылы тракторды күтіп пайдалану жөнінде инициатива көтерді. Бұл инициативаны аудандық партия комитеті қолдап, ауданның барлық механизаторына жеткізу шарасын көздеуде.



Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар мен жеке озаттардың тәжірибесін қорытып, басқаларға кең тарату мақсатында биылғы жылы аудандық партия комитеті жанынан кабинет (мамандар мен озаттар кеңесі) ұйымдастырылды. Оны аудандық партия комитетінің секретары Изюмников басқарады. Кабинеттің 9 мүшесі бар, олар алма-кезек үлгілі шаруашылықтар мен озаттардың игі істерін зерттеп, қорытып, көпшілікке таратып отырады. Кәзірде «Ақбұлақ» совхозының сауыншысы Стадная, Тельман атындағы колхоздың шопаны Еспаμβетов жолдастардың іс тәжірибесі қорытылып, жеке листок, арнаулы стенд және плакат түрінде әзірленген. Ал «40 лет Октября» колхозының еңбек күнге ақшалай ақы төлеу тәртібіне көшу жөніндегі тәжірибесі облыста және республикада арнаулы кітапша болып шығарылды.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы қорытындыларын талқылауға арналған аудандық партия активі, ауыл шаруашылығы озаттарының кеңесі өткізілді. Шопандармен, шошқашылармен, сауыншылармен, мал семіртушілермен өз алдына бөлек-бөлек кеңестер де өткізілді. Жүгері егуші 104 звено бастығымен өткізілген кеңесте аудандық партия комитетінің секретары Брыжин жолдас баяндама жасады.

Бір кезде аудандық партия комитетінің қызметкерлері ауыл-селоға барған кезде колхоз председателін, совхоз директорын, не олардың орынбасарларын іздеп, шаруашылық мәселені атүсті абыр-сабыр сөйлесіп өте шығатын, жергілікті жерге көптеген өкілдер жіберумен тынатын. Бұл жарамсыз жұмыс стилін жою жөнінде соңғы кезде аудандық партия комитеті бірсыпыра жұмыс істеді.

Бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту үшін аудандық партия комитеті ең алдымен олардың секретарьларын іріктеу, тәрбиелу ісін қолға алды. «40 лет Октября» колхозының бастауыш партия ұйымына секретарьлыққа бұрын аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып істеген, алымды, тәжірибесі көп Трифонов жолдас ұсынылып, сайланған болса, «Ақбұлақ» совхозы партия ұйымының секретарьлығына Пятиченко жолдас сайланды, ол бұдан бұрын аудандық партия комитетінде секретарь болып істеген еді. Пугачев совхозында бұрын аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары, одан кейін бір заводта партия бюросының секретары болып істеген тәжірибелі Карякин жолдас сайланды.

Міне осылардың көпшілігі жұмысты жақсы істеп жүр. Мысалы, «Победа» колхозы бастауыш партия ұйымының секретары, орта білімі бар, экономиканы жақсы білетін, бір кезде бухгалтер болып істеген Федько жолдасты алайық. Колхоздың барлық экономикасы Федько жолдастың алақанында, қойын дәптерінде десек артық айтпаған болар едік. Секретарь колхоз председателі Охотный жолдаспен қойын-қолтық жұмыс істейді. Өткен жылдарда колхоздың табысы артты. Соның арқасында биыл колхоз еңбек күнге нақты ақшалай ақы төлеу тәртібіне көшті. КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жолында алған жоғары міндеттемесін колхозшылар абыройлы орындап келеді. Колхоз партия ұйымы социалистік жарысты ширақ ұйымдастырып, нақты басшылық етуде. Партия ұйымындағы 62 коммунистің 85 проценті тікелей өндірісте істейді. Барлық бригадаларда партия топтары құрылған. Партия ұйымы колхоз басқармасының жұмысын күнбе-күн бақылай отырып, әрбір маусымы келген мәселені алдын ала талқылап, тиісті шаралар белгілейді.

Аудандық партия комитетінің қызметкерлері бастауыш партия ұйымдарына көбірек барады. Әрине, барлығы бірдей жұмысты ойдағыдай жақсы істей бермейді. Жұмысты бірден игеріп кету оңай да емес. Ондайларға аудандық комитет көмегін аямайды. Бастауыш партия ұйымының секретары қатынастырылмай колхоздың не совхоздың бірде-бір мәселесі шешілген емес. Ауданда жыл сайын экономикалық конферен-



циялар өткізіліп тұратын болса, олардан бастауыш партия ұйымы секретарьлары ешуақытта қалмайды. Аудандық партия комитеті бастауыш ұйым секретарьлары үшін жиі-жиі семинар да өткізіп тұрады.

Жасыратыны жоқ, жұмыста кемшілік те аз емес. Ол Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің осы аудан туралы қаулысында атап көрсетілді. Ауданның колхоздары мен совхоздарында бар мүмкіндіктер мен резервтер сарқа пайдаланылмай келеді. Шаруашылықтың кейбір саласында артта қалушылық бар. Егін шаруашылығында, әсіресе мал шаруашылығында елеулі кемшіліктер кездесулі. Жер-су, техника, адам күші жағынан жағдайы бірдей колхоздардың өзі егіннен өнімді бірдей ала алмай отыр, бұларда мал өсіру де біркелкі емес. Мәселен, осындай жағдайы бір «Победа» колхозы мен Ленин атындағы екі колхозды алып қарайық. «Победа» колхозы өткен жылы дәнді егістің әрбір гектарынан орта есеппен 11,8 центнерден өнім алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын асыра орындады. Ал Ленин атындағы колхоз әрбір гектардан 6,9 центнерден ғана өнім алып, басқа жұмыс саласынан да артта қалды.

Соңғы кезге дейін Бөрліде жүгері егу ойдағыдай жолға қойылмай, одан өнім өте аз алынып жүр. Өткен жылы аудан көлемінде 10 мың 500 гектар жүгері егілсе, орта есеппен әрбір гектардан 58 центнерден ғана көк майса алынып, сүрлем жоспары не бәрі 60 процент орындалды. Жүгеріден өнімнің аз алынуының негізгі бір себебі, агротехникалық шараларды қолдану нашар. Бұл дақылға жақсы көңіл бөлінген жерде өнім де жақсы. Мысалы, Березов совхозының Құрманбай Келдібаев жолдас басқарған звеносы өткен жылы 72 гектар жүгерінің гектарынан 560 центнерден көк меке алды.

Биылғы жылы ауданның колхоздары мен совхоздары жүгері егісінің көлемін өткен жылғыдан 6500 гектарға дейін ұлғайтып, құнарлы жерге жақсы баптап екті. Орта есеппен жүгерінің әрбір гектарынан 250—300 центнерден көк меке алу үшін күрес ұйымдастырылды.

Малды өз төлінен өсіру жөнінде ауданда үлкен кемшілік бар. Өткен жылы колхоздар мен совхоздар әрбір жүз аналық малдан төлді өте аз алды.

Құс өсірудің жайы мәз емес. Соның салдарынан өткен жылы алынған тауық балапандарының көбі шығынға ұшырауда. Өткен жылы мемлекетке қоян еті мүлде тапсырылмады.

Колхоздардың бәрі де трактор, комбайн сияқты күрделі техника сатып алып, оны пайдалануды жақсартуға түсуде. Амал не, осы техника дұрыс сақталмайды. Бірсыпыра колхоздарда трактор, комбайндар қысы-жазы ашық далада тұрады. Мастерской, не уақытша бастырмалар салу қолға алынбай келеді. Жоғарыда көрсетілгендей кейбір кемшіліктерді жуырда өткен аудандық партия комитетінің пленумына қатысушылар ашық айтты. Әңгіме содан қорытынды шығаруда болып отыр.

Алынған зор міндеттемені орындау ішін аудандық партия комитеті саяси-бұқаралық және ұйымдастыру жұмыстарын бүгінгі талапқа сай жүргізуге тиіс. Колхоздар мен совхоздар, бөлімшелер мен фермалар және жеке колхозшылар мен жұмысшылар арасында социалистік жарыс ұйымдастырылды. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті жарыста озып шыққан колхоздар мен совхоздар үшін ауыспалы Қызыл ту белгіледі. Колхоздар мен совхоздарда озат бригада, ферма, бөлімше және жеке адамдар үшін ауыспалы Қызыл ту, вымпел және жалаушалар белгіленіп, жұмыс нәтижесіне сәйкес беріліп отырады.

Аудандық партия комитеті колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының мәдени-тұрмысын жақсарту мәселесімен күнделікті шұғылданып келеді. Колхоз, совхоз бригадаларының бәрінде жаңадан жаб-



дықталған үйлер, вагондар бар. Онда жақсы кухня, асхана, қызыл мүйіс, душ, азық-түлік сақтайтын қоймалар, дене шынықтыру алаңдары, радиоқабылдағыштар бар. Егіс қостарының тең жартысында ағаштар отырғызылған. Жаңа газеттер келіп тұрады. Бригадаларға барғанда КПСС ХХІ съезі мен КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы шешімдерін орындауға байланысты түрлі көрнекі үгіт құралдары бірден көзге түседі.

Социалистік жарысты өрістету, оның орындалуын тексеру, озаттардың тәжірибесін көпшілікке тарату үшін аудан партия ұйымдары әртүрлі шараларды қолданады. Соның бірі колхоздар мен совхоздарда «Малшылар күнін» өткізу. Осы жылы апрель айында «Ақбұлақ» совхозында болған «Малшылар күнінде» мал қыстатудың қорытындысы және алда тұрған міндеттер туралы совхоздың зоотехнигі Лобушкин жолдас баяндама жасады. Сөйлеген малшылар өздерінің жұмыс тәжірибесін сөз етіп, алдағы істейтін жұмыстары жөнінде жаңадан міндеттемелер қабылдады. Одан кейін социалистік жарыста озып шыққандарға Қызыл ту мен жалаулар берілді. Жиналыс болған жерге жылжымалы дүкен мен кино келді. Малшылар қажетті товарларын алып, сонынан кинофильм көрді.

Коммунистерді колхоз, совхоз өндірісіне дұрыс орналастыруға ауданның партия ұйымдары үлкен маңыз беріп келеді. Селодағы коммунистердің 84 проценті тікелей өндірісте істейді. Партия қатарына алдыңғы қатарлы механизаторлар, малшылар алынып, олар өндірісте үлгі көрсетуде. КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумынан кейін мал шаруашылығына 40 коммунист, жүзден астам комсомолец жіберілді.

Аудандық партия комитетінің бюро мүшелері мен пленум мүшелері бастауыш партия ұйымдарымен байланысын күшейте түсіп, кемшіліктерді жұмыс үстінде жөндеуге, бар резервтер мен мүмкіндіктерді пайдалануға жұмылуда. Сөйтіп Бөрлі аудандық партия ұйымының алдында тұрған келелі міндеттердің ойдағыдай орындалатынына, Қазақ ССР 40 жылдық мерекесін зор табыспен қарсы алатынына сенім зор.

Қ. СЕРІҚБАЕВ.



# Тәжірибе тарату — басшылық өзегі

Т. МАХМУТОВ,

*Қазақстан КП Больше-нарым аудандық комитетінің  
секретары*

Больше-нарым — Шығыс Қазақстандағы ірі аудандардың бірі. Біздегі көп салалы жеті шаруашылық Ертіс өзенінің бойы мен Алтай тауы сілемінің етегіне орналасқан олардың жері құнарлы, суы мол, шаруашылықтың барлық саласын өркендетуге де жағдай қолайлы.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы (1953 жылы) белгілеген шаралар бүкіл еліміздегі сияқты біздің ауданда да ауыл шаруашылығын өркендетуде жаңа бетбұрыс жасады. Біздің партия, совет және шаруашылық ұйымдарымыз партияның XX және XXI съездерінің, Орталық Комитеті пленумдарының шешімдерін жүзеге асыра отырып, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде көптеген жұмыстар істеді.

Үкімет пен партияның елімізде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолында қолданған шараларының қандай зор нәтиже бергенін біздің ауданның мысалынан айқын көруге болады. Біздің колхоздар өткен жылы 1953 жылға қарағанда мемлекетке етті төрт есе, сүтті 2,8 есе, астықты 3,2 есе артық сатты. Осымен бірге қоғамдық малдың саны да көбейді. Осыған орай колхоздар да нығайды. 1953 жылы ауданның барлық колхозының ақшалай табысы 6 миллион сом ғана болса, ал 1959 жылы ол 40 миллион сомға жетті.

Бірақ біз қол жеткен бұл табысқа қанағаттана алмаймыз. Өйткені біздің шаруашылықтарда егіннің шығымдылығын арттыруға, қоғамдық малды көбейтуге, оның өнімділігін молайтуға әлі де мол мүмкіндіктер бар. Аудан еңбекшілері осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, үстіміздегі жетіжылдықтың аяғына дейін ет өндіруді өткен жылғыға қарағанда 2,5 есе, сүтті 3 есе арттырмақшы, сонымен бірге ірі қара малдың санын 78 процент, қойды 2 есе, шошқаны 89 процент көбейтпекші. Олар әрбір гектардан кемінде 100 пұттан астық алу мақсатын көздеп отыр.

Бұл үлкен міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету үшін озат тәжірибені мейлінше кең тарату, қолдану қажет. Сондықтан да аудандық партия комитеті және бастауыш партия ұйымдары ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесін қорытып, таратуға және кадрлардың экономикалық білімін көтеруге ерекше көңіл бөледі.

Біз экономикалық семинарлар ұйымдастырдық. Экономикалық семинарда кадрлар озат тәжірибені үйренеді, ауылшаруашылық өндірісінің тәжірибесі мен ауылшаруашылық ғылымының жетістіктерін меңгереді. Біздің пікірімізше, экономикалық семинар — кадрлардың оқуын ұйымдастырумен бірге, озат тәжірибені таратудың да тиімді формаларының бірі.

Аудандық экономикалық семинардың бірінші сабағында біз еңбек өнімділігін арттыру және ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құнын кеміту мәселесін талқылауды ұйымдастырдық. Бұл сабаққа ауыл шаруашылығының мамандары мен басшы кадрлары, бастауыш партия ұйымының секретарьлары, бухгалтерлер қатынасты. Олардың біренсараны қосымша баяндама жасады. Семинарға қатынасушылар баяндамашылар көтерген проблемалық мәселелерді кеңінен талқылады.



Олар колхоздарда еңбек өнімділігін арттырудың, өнімнің түсер құнын кемітудің нақты жолдарын ұсынды.

Аудандық семинарда бұл мәселенің талқылануы зая кеткен жоқ. Колхоз басшылары, кадрлар семинарда қойылған мәселеге ерекше көңіл бөле бастады. Осының нәтижесінде өткен жылы бізде 1958 жылғыға қарағанда еңбек өнімділігі едәуір жоғары болды, сонымен бірге ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны аз да болса кеміді.

Экономикалық семинардың екінші сабағы Солдатово селосындағы Калинин атындағы колхозда өткізіліп, бұл артельде қолданылып келе жатқан еңбек ұйымдастырудың, жұмыс нормасы мен бағасының жаңа түрі туралы баяндама талқыланды. Бұл семинардан кейін колхоздарда жұмыс нормасы мен бағасы қайта қаралып, жаңа нормалар белгіленді. Мұның өзі ауылшаруашылық артельдерінде еңбек тәртібін нығайтып, колхозшылардың қоғамдық еңбекке белсенділігін арттыра түсуіне көмектесті.

Өткен жылдың декабрь айында Ново-Березовка селосындағы Ленин атындағы колхозда болған экономикалық семинар ерекше қызу өтті және үлкен нәтиже берді. Семинар сабағында Калинин атындағы және Ленин атындағы артель мүшелеріне тікелей ақшалай ақы төлеу тәжірибесі туралы баяндамалар талқыланды. Ауданымыздың бұл екі колхозы еңбеккүнге ақыны ақшалай төлеу тәртібін екі жылдан бері ойдағыдай қолданып келеді.

Бұл семинарға аудандағы барлық колхоздың председателдері, партия ұйымының секретарьлары, бухгалтерлер, колхоз бригадирлері, аудандық партия комитетінің бюро мүшелері, аудандық жоспарлау бөлімінің қызметкерлері, финанс және банк қызметкерлері тегіс қатынасты. Семинарға қатынасушылар қойылған мәселені талқылауға белсене ат салысты. Пікір алысу нәтижесінде еңбекке ақшалай ақы төлеудің артықшылығына жұрттың көзі жетті. Семинардан кейін барлық колхозда да жұмыс нормалары мен бағаларын белгілейтін совет құрылды. Сөйтіп биылғы жылдың январь, февраль айларында ауданымызда тағы да төрт колхоз еңбекке ақшалай ақы төлеу тәртібіне көшті. Сонымен кәзір аудандағы жеті колхоздың алтауында артель мүшелерінің еңбегіне ақшалай ақы төленеді.

Біздің ауданда ставропольдық шопан Иван Малашенконың тәжірибесін қолданған, оның ізбасары Айдархан Құсайыновты жұртшылық көптен біледі. Айдарханның тәжірибесін өткен жылы июнь айында аудандық партия комитетінің бюросында талқылап, мақұлдаған болатынбыз. Біз оның алған міндеттемесі мен алғашқы тәжірибесі туралы арнаулы плакат шығардық. Айдархан өткен жылы өзінің алған міндеттемесін артығымен орындады. Ол әрбір 100 саулықтан 180 қозы өсірді. Аудандық партия комитеті озат шопанның тәжірибесін кеңінен таратуды ұйғарды.

Біз қойды жиі қоздату әдісін пайдаланудың экономикалық артықшылығын жұртшылыққа кеңінен түсіндіру және Айдархан Құсайыновтың тәжірибесін тарату үшін экономикалық семинардың кезекті сабағын осы мәселеге арнадық.

15 февральда барлық колхоз председателдері, партия ұйымының секретарьлары, мал дәрігерлері мен зоотехниктер, сонымен бірге әрбір колхоздан бірнеше шопан Құсайынов жолдастың отарына жиналды. Экономикалық семинар осында өткізілді. Семинарда Құсайынов жолдастың тәжірибесі және қойды жиі қоздатудың тиімділігі туралы «Красный Октябрь» колхозының зоотехнигі Девятов жолдас баяндама жасады. Баяндамашы қой өсірудің озат тәжірибесін айтумен бірге КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының ауыл шаруашылығын өркендетудің барлық мүмкіндіктерін пайдалану туралы шешімдерін жүзеге асы-



рудың жолдарын көрсетіп берді. Семинар қызықты да мазмұнды өтті. Бірсыпыра шопандар қойды жиілетіп қоздатудың озат тәжірибесін пайдалану жолдарын айтып, бұл жөнінде өздеріне нақты міндеттеме қабылдады.

Семинардың нәтижесінде қой өсірудің бұл озат тәжірибесі қолданыла бастады. Биыл әрбір колхозда кемінде үш-төрт отар қой жиілетіп қоздату үшін бөлініп, ерекше күтімге алынды. Ауданның колхоздарында 14 отар қой бір жылда екі рет қоздатылады. Осының нәтижесінде қосымша кемінде 3 мың қозы алынады.

Жоғарыдағы мысалдардан көрінгеніндей, біз экономикалық семинарларда теориялық мәселелердің шаруашылықтардың алдында тұрған міндеттерімен байланысты болуын көздейміз. Экономикалық семинардың озат шаруашылықтарда өтуі де осы мақсаттан туып отыр. Биылғы оқу жылының соңғы сабағында «Колхоздарда шаруашылық есепке көшу және шаруашылықтың пайдалылығын арттыру» мәселесі талқылады. Бұл мәселенің де біздің шаруашылықтардың кәзіргі жағдайы үшін маңызы өте күшті. Өйткені колхоздарда ақшалай ақы төлеумен байланысты өнімдердің түсер құнын кеміту мәселесі бұрынғыдан да қатты қойылып отыр.

Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде өндіріс озаттарының тәжірибесін қорытып отырамыз. Бұл — озат тәжірибені таратудың тағы бір жолы. Мысалы, жақында бюро мәжілісінде Калинин атындағы колхоздың социалистік жарыста алған міндеттемелерінің орындалуы туралы мәселе қаралды. Бұл артель коллективі коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарысқа қосылды.

Өткен жылы Ленин атындағы колхоздың № 3 күрделі бригадасы 1 800 гектар дәнді егістен орта есеппен 16 центнерден, ал жеке учаскелерде 25—30 центнерден өнім алды. Бригада коллективі агротехникалық шараларды шебер қолданды: сортты тұқым септі, тұқым себу алдында жерді бірнеше рет сапалы баптады, тұқымды тар қатарлы және тоғыспалы әдіспен септі. Міне мұның бәрі оларға жақсы табысқа жетуге көмектесті. Біз осы бригаданың тәжірибесін бюро мәжілісінде қарамақұлдадық, оны ауданның барлық шаруашылықтарына таратуды ұсындық. Бюро мәжілісінде өздерінің тәжірибесі туралы бригадир-коммунист Маметьев және колхоз партия ұйымының секретары Завзи жолдастар баяндама жасады.

Сол сияқты аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде осы артельдің Моисеев жолдас басқаратын жүгері өсірушілер звеносының тәжірибесі де талқыланып, мақұлданды. Бұл звено бірнеше жылдан бер жүгеріден жоғары өнім алып келеді. Өткен жылы звено коллективі 217 гектар жүгеріден 450 центнерден сүрленетін собықты пая алды. Биыл да Моисеев жолдастың звеносы жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен екті. Олар 300 гектар жүгеріден 500 центнерден собықты пая алмақшы. Озат звеноның тәжірибесі туралы біз плакат шығардық.

Март айында аудандық партия комитеті Моисеевтің звеносында өндірістік семинар өткізді. Оған колхоздардың басшыларын, жүгері өсіруші звенолардың мүшелерін, агрономдарды шақырдық.

Біз мұндай өндірістік семинарларды құрылыс мәселесі жөнінде де өткіздік. Олар да өзінің игілікті нәтижесін берді. Біз өндірістік семинарды да озат тәжірибені таратудың бір икемді жолы деп есептейміз. Аудандық партия комитеті кадрлардың экономикалық білімін арттыра берудің, озат тәжірибені таратудың барлық жолдарын пайдалану беруді мақсат етіп отыр.

Аудандық партия комитеті озат тәжірибені аудандық газет арқылы, сол сияқты қабырға газеттер, плакаттар арқылы таратуға да ерекше көңіл бөледі. Біз өндіріс озаттарының тәжірибесін қорыту, тарату



олардың даңқын көтеру арқылы шаруашылықтың барлық саласын жаппай өркендетуге жету үшін күресеміз.

Аудан еңбекшілері биыл өзінің социалистік міндеттемелерін абыроймен орындауға жұмыла отырып, көктемгі егісті жоғары агротехникалық дәрежеде қысқа мерзімде өткізді. Көктемнің кеш шығуына қарамай, ауданның колхоздары 25 майға дейін көктемгі егістің жоспарын артығымен орындап шықты. Көктемгі егіс кезінде тұқымды тар қатарлы тоғыспалы әдіспен себу, егістік жердің топырағын тығыздау сияқты агротехникалық шаралар кеңінен қолданылды. Жүгері түгелдей шаршы ұялап егілді. Көктемгі егісте техника ерекше өнімді пайдаланылды. Осының нәтижесінде барлық шаруашылықтарда да механизаторлар күндік жұмыс нормасын артығымен орындап отырды. Көзір егіннің өсуі жақсы. Сөйтіп мол өнімнің берік негізі қаланды.

Ауданның колхоздарында әлі де болса, шаруашылықты өркендетудің пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктері аз емес. Аудандық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары озаттардың тәжірибесін кеңінен тарата отырып, аудан еңбекшілерінің биыл астық, ет, сүт молшылығын жасау жөніндегі алған міндеттемелерін орындап шығуын ұйымдастырады.



## Жаңа белесте

«Күйік» совхозы — Оңтүстік Қазақстан облысындағы қой өсіретін ірі шаруашылықтың бірі. Совхоздың жер жағдайы қой өсіруге қолайлы. Шабындық, әсіресе жайылым мол. Мұнда 68 мыңнан астам қой, 900 ірі қара, 900-ден астам шошқа, 600-дей жылқы, 10 мың құс бар.

Социалистік жарысқа қосыла отырып, совхоз жұмысшылары жетіжылдықтың бірінші жылында елеулі табысқа жетті, социалистік жарыста алдыңғы қатарлы орындардың бірін алды. Тек өткен жылы совхоз мемлекетке етті 1953 жылғыдан 2,1 есе, жүнді — 2,5 есе артық сатты, әр сиырдан орта есеппен 2 200 килограмм сүт алды, мемлекетке сүт сату жоспарын 152 процент орындады. Басқа міндеттемелер де асыра орындалды. Міне осындай жетістіктің арқасында былтыр совхоз 1 858 мың сом қосымша табыс алды. Ал бұдан аз уақыт бұрын бұл шаруашылық пайда келтірмек түгіл зиян шеккен болатын.

Партия ұйымы совхоздағы барлық жұмысты ұйымдастырушы, оның ұйтқысы болды. Мұнда 6 бастауыш партия ұйымының басын біріктіретін партия комитеті бар. Коммунистер жауапты учаскелерде жұмыс істейді, жетекшілік қызмет атқарып, жұртшылықты совхоздың алдында тұрған негізгі міндеттерді орындауға жұмылдырады.

Партия ұйымы мал санын көбейту, өнімін арттыру, малдың тұқымын жақсарту мәселесін былай қолға алды. Ең алдымен алдыңғы қатарлы фермалардың тәжірибесін зерттеп, жұртшылыққа таратуға кірісті. Өйткені партия ұйымы озат малшылардың қатарын көбейтумен бірге, бұлардың жұмыс тәжірибесі негізінде барлық артта қалған фермаларды алдыңғы қатарға шығару керек екенін жақсы түсінді. Өткен жылы 13 отардағы әрбір 100 саулықтан 115 қозы алынды. Шопан Тұрғанбаев Назар әр 100 саулықтан 137 қозыдан өсірді. Ал 8 отарда 100 бас саулыққа небәрі 65—85 қозыдан келді. Партия ұйымы Тұрғанбаев жолдастың әдісін мұқият зерттеп, оны басқа отарларда да қолдануды ұйымдастырды. Әсіресе қойды қолдан ұрықтандыруға баса көңіл бөлінді. Шопандардың бұл мәселеге арналған семинары өткізілді. Кәзір олардың көбі саулықты қолдан ұрықтандыру тәсілін жақсы меңгеріп кетті. Осы және басқа шараларды жүзеге асыру арқасында Батырсынов пен Сәрсенбаев жолдастар карауындағы әр 100 саулықтан 120—123 қозы өсірді, ал бүкіл совхоз бойынша биылғы жылдың 1 майына дейін — 111 қозыдан алынды. Бұл, әрине, елеулі табыс.

Партия ұйымы қой шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруға басты назар аударады. Озат шопандардың ұсынысы бойынша отарлар ірілендірілді. Бұл совхоз бойынша 30 адамды басқа жұмысқа ауыстыруға, еңбек өнімділігін арттырып, шопандардың жалақысын көбейтуге мүмкіндік берді.

Жұмыстың осал жері болса, партия ұйымы сол жерге күш салады, кемшілікті жоюға шара қолданады. Мысалы, Сталин атындағы фермада сүт сауу міндеттемесі орындалмай келді. Партбюро бұл мәселені талқылап, фермаға тәжірибелі коммунистер мен комсомолецтер жіберді; бұлар еңбекті дұрыс ұйымдастыруға, малды жақсы бағып-күтуге кө-



мектесті, сауыншылар арасында социалистік жарыс ұйымдастырды. Соның нәтижесінде әрбір сиырдан міндеттеме бойынша 2 100 килограмның орнына 2 208 килограмнан сүт алынды. Сүт сауу жайы биыл да жаман емес.

Малдың өнімін арттыруда жемшөп қорын жасаудың зор маңызы бар екені белгілі. Совхоздың партия ұйымы мен дирекциясы бұл үшін мал азығы дақылдары егісінің көлемін көбейту ісін шұғыл қолға алды. Жүгері 500, беде 2 350 гектарға жеткізілді. 6 мың гектар табиғи шабындық тырмаланды, дискіленді. Мұның өзі шабындықты жақсартты.

Партия ұйымы социалистік міндеттемелердің орындалу барысын үнемі қадағалап тұрады. Жарыста жеңіп шыққандарға «Таңдаулы шопан», «Таңдаулы сауыншы», «Таңдаулы тракторшы» деген жазуы бар қызыл жалау, ал алдыңғы қатарлы фермалардың коллективіне ауыспалы Қызыл ту, ақшалай сыйлық беріледі. Коммунистер мен комсомолецтердің көбі белсенді малшылар, үгітші болып істейді, қабырға газеттер шығарылып тұрады, көрнекі үгіт жолға қойылған. Осындай жұмыстардың арқасында жетіжылдықтың екінші жылында совхоз коллективі бір қыдыру табысқа жетті. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында-ақ мемлекетке ет, сүт, жұмыртқа сату жоспары бір жарым, екі еседей артық орындалды.

Үстіміздегі жылдың май айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы совхоз партия ұйымының жұмысы туралы партия комитетінің секретары Бахрамов жолдастың баяндамасын тыңдады. Бюро баяндама бойынша тиісті қаулы қабылдап, барлық аудандық партия комитетіне, совхоздардың барлық бастауыш партия ұйымына «Күйік» совхозы партия ұйымының КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдерін жүзеге асыру жолындағы жұмыс тәжірибесін зерттеп, кеңінен таратуды ұсынды.

Совхоздың партия ұйымы кәзір қолда бар тың мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұртшылықты мемлекетке ет, жүн, сүт сатудың жылдық жоспарын асыра орындауға жұмылдыра түсуде.

Бұл тұста совхоз жұмысшыларының елеулі табысы да бар. Әсіресе қой қыркү ұйымшылдықпен жақсы өткізілді. Мал шаруашылығындағы жұмыстарды барынша толық механикаландыру жөнінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы атап көрсеткен ескертпені жүзеге асыруда бірқатар жұмыс істелді. Ең алдымен жемшөп дайындау ісі механикаландырылды. Жақында шаруашылық басшылары, мамандар, партия қызметкерлері Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бастауымен «Күйік» совхозына барып, оның мал азығын дайындау жөніндегі тәжірибесімен танысып қайтты.

Совхоз коллективі кәзір өздеріне жүктелген міндетті абыроймен орындап, Қазақстанның қырық жылдығы мерекесін табыспен қарсы алуға әзірленіп жатыр.

М. САЛИЕВ.



# Коммунизм туралы әңгіме

## Коммунизмнің материалдық техникалық базасын жасау

Ш. НӘДІРОВ,

*экономика ғылымының кандидаты*

Марксизм-ленинизм адамзат қоғамының даму негізі өндіргіш күштер деп үйретеді. Ал өндіргіш күштердің құрамында алуан түрлі еңбек құралы шешуші роль атқарады. Адамдардың арасындағы өндірістің қатынастар өндіргіш күштерге байланысты, соған бағынышты. Өндіргіш күштердің өсіп, дамуымен бірге өндірістік қатынастар да өзгеріп отырады. Екінші жағынан, өндірістік қатынастар да өндіргіш күштерге өзінің ықпалын тигізіп, әсер етеді,— олардың дамуын белгілі жағдайда не жылдамдатады, не баяулатады.

Өз заманында капитализм қоғамның өндіргіш күштерін феодализм тұсындағыдан гөрі анағұрлым тез өсіріп, ақыры феодализмді жеңді. Себебі, феодалдық қоғамға тән қол еңбегіне сүйенген өнімсіз құрал жабдықтардың орнына машиналы өндіріс келді. Бұл жағдай қоғам еңбегінің өнімділігін қауырт көтерді. Бірақ капитализмнің өзі дами бара белгілі сатыға жеткеннен кейін өзінің ішкі қайшылықтарының шырмауына килікті. Өндіріс құрал-жабдықтарына қожалық еткен үркердей капиталистер қарамағындағы жалдамалы жұмысшыларды аяусыз қанап, шексіз байыса, сол байлықты өз қолымен жасаған жұмысшылар мен еңбекшілер бұқарасы үнемі ашаршылыққа, қайыршылыққа душар болды. Сөйтіп буржуазиялық өндіріс қатынастары өндіргіш күштердің өсуіне бөгет бола бастады. Бұл жағдайда дәурені оза бастаған әділетсіз капиталистік өндіріс қатынастарын талқандап, қоғамның өндіргіш күштерінің өсуіне толық мүмкіндік беретін жаңа, социалистік өндіріс қатынастарын орнату өмір талабына айналды.

Социализмнің негізгі принциптерін жүзеге асыру үшін капитализмнен қалған өндіргіш күштердің дәрежесі мүлде жеткіліксіз. Ол үшін социалистік қоғамның өзіне тән жаңа материалдық-техникалық база жасау қажет.

✓ Материалдық-техникалық база дегеніміз адам тұрмысына керекті түрлі зат, үй-жай, азық-түлік өндіретін шахталар мен электр станциялары, фабрика мен заводтар, егіс даласы мен бау-бақша, мал фермалары мен мал жайылымдары, халық шаруашылығына көмекші түрлі жол қатынасы мен ғылыми-зерттеу мекемелері т. т. «Машиналы ірі өнеркәсіп және оны егіншілікке қолдану,— деп жазды В. И. Ленин,— социализмнің бірден-бір экономикалық базасы, адамзатты капитализм бұғауынан құтқару жолында... ойдағыдай күресудің бірден-бір базасы болып табылады» (Шығармалар, 33-том, 31-бет).

В. И. Лениннің осы нұсқауын орындай отырып, совет халқы тарихи өте қысқа мерзімде социализмнің қуатты материалдық-техникалық базасын — бүгінгі күннің талабына сай ірі индустрия мен машиналанған коллективті ауыл шаруашылығын ұйымдастырды. Кәзір Совет Одағы социалистік ұлы мемлекетке айналды. Экономикалық даму дәрежесі жағынан еліміз Европада бірінші, дүние жүзінде екінші орынға шықты. Таяудағы жылдары Отанымыз ең бай капиталистік елді — Америка Құрама Штаттарын — басып озып, бүкіл дүние жүзінде бірінші орынға шығады.



Бірақ коммунизмге өту үшін қол жеткен өндіргіш күштеріміз әлі жеткіліксіз. Қоғамның барлық мүшесінің керегін толық өтеп, жанжақты өсуіне жағдай тудыру үшін ең алдымен еңбек өнімділігін көп жоғары көтеру шарт. «Коммунизм дегеніміз алдыңғы қатарлы техниканы пайдаланатын, ерікті, саналы, бірлескен жұмысшылардың, капиталистік еңбек өнімділігіне қарағанда, жоғары еңбек өнімділігі» (Шығармалар, 29-том, 423-бет) деп жазды В. И. Ленин. Бұған жету үшін өндіргіш күштерді жедел өсірмей болмайды. КПСС ХХІ съезі осы талапқа сай коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды, социалистік өндіргіш күштерді онан әрі мықтап өрге бастыруды кәзіргі кезеңнің негізгі практикалық міндеті деп тапты.

КПСС ХХІ съезі бекіткен халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары — осы бағыттағы шешуші адым. Жетіжылдықта бүкіл халық шаруашылығына 2 триллион күрделі қаржы жұмсалмақ. Бұл совет өкіметі орнағаннан бергі барлық жылдарда жұмсалған қаржымен теңбе-тең. 1965 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімі 1958 жылғыдан 80 процент, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 70 процент өседі.

Жетіжылдықта біздің республиканың да экономикасы тез өркендейтін болады. Оның халық шаруашылығына 116—119 миллиард сом күрделі қаржы жұмсалады, яғни мұнан бұрынғы жеті жылдағыдан 2,3 есе артық. 1965 жылы Қазақстанда өнеркәсіп өнімі 1958 жылғымен салыстырғанда 2,7 есе өсуге тиіс.

Н. С. Хрущев жолдас КПСС ХХІ съезінде жасаған баяндамасында елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың нақтылы жолдарын былай деп көрсетті: «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау дегеніміз ең алдымен: кәзіргі жоғары дәрежеде дамыған индустрияның болуы, елді толық электрлендіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық саласында ғылыми-техникалық жұмыстар жүргізу, барлық өндірістік жұмыстарды тұтас механикаландыру және автоматтандыру, қуаттың барлық жаңа көздерін, аса мол табиғат байлықтарын, синтетикалық және басқа да материалдың жаңа түрлерін мейлінше толық пайдалану, барлық еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін өсіру, өндірісті ұйымдастыруды онан әрі жақсарту және еңбек өнімділігін арттыру болып табылады».

Жанжақты дамыған индустрия социализмнің экономикалық негізі, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беру шарты. Сондай-ақ «еңбек өнімділігін арттыру, ең алдымен, ірі индустрияның материалдық негізін қамтамасыз етуді: отын, темір өндірісін, машина жасау, химия өнеркәсібін өркендетуді керек қылады...» (Шығармалар, 27-том, 249-бет) деп жазды В. И. Ленин. Ұлы көсемнің осы нұсқауын орындай отырып, партия қысқа мерзімде бүкіл елімізді индустрияландырды. Халық шаруашылығының барлық саласын кәзіргі озат өндіріс құралдарымен жабдықтады. Егер 1913 жылы патшалық Россия жалпы өнеркәсіп өнімі жағынан дүние жүзінде — бесінші, Европада — төртінші орында болған болса, Совет Одағы кәзір Европада — бірінші, дүние жүзінде — екінші орынға шықты. 1959 жылы елімізде өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 40 есе, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру — 93 есе, ал машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібінің өнімі 270 есе өсті.

1959 жылы бір ғана Совет Одағында болат Англияның, Батыс Германияның, Италияның және Бельгияның бәрі қорытқан болатынан артық болды. 1965 жыл елімізде шамамен 90 миллион тонна болат қорытылмақ, бұл Европаның барлық капиталистік елдері қорытатын болатына бара-бар болады деген сөз.

Әсіресе соғыстан кейінгі кезеңде еліміздің отын өнеркәсібі тамаша өсті. Егер 1913 жылы елімізде небәрі 29,1 миллион тонна көмір шығарылған болса, 1959 жылы 506,5 миллион тонна шығарылды, мұнай



9,2 миллион тоннадан 129,5 миллион тоннаға жетті. Қазір СССР көмір шығарудан дүние жүзінде бірінші, мұнай шығарудан — үшінші орын алады. Ал газды алатын болсақ, ол 1959 жылы ғана бұрынғыдан 7 миллиард текше метр артық шығарылды.

Жетіжылдық жоспар бойынша отынның ең арзан түрлерін — мұнай мен табиғи газ шығаруға және оларды ұқсату ісіне айрықша көңіл бөлінешек. 1965 жылы жалпы отыннан алатын мұнай мен газдың үлес салмағы 31 проценттен 51 процентке жетеді, ал шығаруы қымбатқа түсетін көмірдің үлесі 60 проценттен 43 процентке дейін кемиді. Осының нәтижесінде жетіжылдықта 125 миллиард сом қаржы үнемделеді. Бұл сома жетіжылдық жоспар бойынша барлық бу және су электр станцияларын салуға бөлінген қаржыға тең.

Совет өкіметі жылдарында Қазақ республикасының ауыр өнеркәсібі де ересен табыстарға жетті. 1958 жылы жалпы өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 44 есе өсті. Ал өнеркәсіп өнімінің кейбір маңызды түрлері мұнан да жоғары болды. Мысалы, 1913 жылмен салыстырғанда электр қуаты 643,9 есе, көмір 348 есе артық өндірілді. Қазір елімізде өндірілген қорғасынның, мыстың, мырыштың, қалайының, тағы басқа түсті металдардың көбі біздің республикадан шығып отыр. Бүгінгі Қазақстан — Совет Одағының өркендеген индустриялы республикаларының бірі.

Жетіжылдықта республикамыздың ауыр өнеркәсібі бұрын болмаған жедел қарқынмен өседі. Түсті металлургияның көптеген кәсіпорны жаңадан салынып, бұрынғылары едәуір кеңейтіледі. Республикамызда тұңғыш рет шойын қорытыла бастады. Болат шамамен 15 есе артық қорытылатын болады. Қарағанды металлургия және Ермак ферросплав заводтары, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, т. б. кәсіпорындары салынып біткен жағдайда Қазақстан ауыр өнеркәсібінің еңсесі көтеріле түседі.

Алдағы уақытта өнеркәсіп, оның жетекші саласы ауыр өнеркәсіп кәзіргіден де тез өсіп, өркендейді. Бұл халық шаруашылығының барлық саласын тез дамытуға, еңбек өнімділігін анағұрлым арттыруға соның негізінде қоғам байлығын коммунизмге лайықты молайта беруге жағдай жасайды. Бұл еліміздің коммунизмге жетуінің маңызды шарты.

**Бүкіл елімізді жаппай электрлендіру** — коммунистік құрылыстың айбынды міндеті. Кәзіргі заманда өндірістің барлық саласын дамыту, халықтың тұрмысын жақсартып, мәдениетін көтеру электр қуатының мол болуына байланысты. В. И. Ленин *«Коммунизм дегеніміз — совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру»* деп коммунистік қоғамға апаратын даңғыл жолды ғылыми тұрғыдан дәл көрсетіп берді. Бұл формула, — деді Н. С. Хрущев энергетика құрылысы жөніндегі Бүкілодақтық кеңесте сөйлеген сөзінде, — «коммунизм орнатудың міндеттері туралы нақтылы, айқын түсінік береді, коммунизмді кабинетте отырып ойлаудан гөрі, нақтылы негізге салып, ұғындырады, жалпы теориялық ережені жаңа өмір орнатып жатқан миллиондаған адамдардың практикалық ісі тұрғысынан түсіндіреді».

Патшалық Россияда электр өнеркәсібі өндірістің ең артта қалған саласы еді. Ол 1913 жылы электр қуатын өндіру жағынан дүние жүзінде сегізінші, Европада алтыншы орын алатын. Совет мемлекеті В. И. Лениннің атақты ГОЭЛРО жоспарынан бастап бүкіл елді электрлендіре бастады. 1959 жылы СССР-да 264 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілді. Ал Қазақстанда 1913 жылы небәрі 1,3 миллион киловатт-сағат электр қуаты өндірілген болса, кәзір жылына 8 миллиард киловатт-сағатқа жетіп отыр. Бұл бүкіл патшалық Россияда жыл сайын өндірілген электр қуатынан 4 еседен артық. Еліміздің электр станцияларының техникалық және экономикалық көрсеткіші капиталис-



тік елдердің электр станцияларынан көп жоғары. Мұны біздің электр станцияларымызбен танысқан американ сенаторлары мойындағаны белгілі. Осы сықылды зор табысқа сүйенген өнеркәсібімізде совет өкіметі орнағаннан кейінгі жылдары әрбір жұмысшыға келетін электр қуаты 20 еседен артық өсті, мұның мәнісі — өнеркәсіп жұмысшысының еңбегі 20 еседей жеңілдеді деген сөз.

Халық шаруашылығын электрлендіруде жетіжылдықтың ролі өте зор. 1965 жылы Совет Одағында 500—520 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндіріледі. Сөйтіп өнеркәсіпте істейтін әрбір жұмысшының өндірісте электр қуатымен қарулануы кәзіргіден 2 есе артуға тиіс. Қазақстанда жетіжылдықтың аяғында 26 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндіріледі. Бұл 1913 жылы бүкіл Россия өндірген электр қуатынан 14 есе артық.

Еліміздің халық шаруашылығын өсіру қарқынын тездету үшін және капитализммен бейбіт экономикалық жарыста уақыт ұту үшін жетіжылдықта арзан көмір мен табиғи газ жағатын ірі бу электр станциялары көптеп салынатын болады. Әрине, ірі-ірі су электр станциялары да салына бермек.

Ғылым ашқан зор жаңалықтарға байланысты халық шаруашылығына атом қуатын пайдалану үшін шексіз мүмкіндіктер туып отыр. Қуаттың бұл жаңа түрінің экономикалық маңызы ерекше. Өйткені атом станциялары беретін электр қуаты өте арзан және атом қуаты көмір, мұнай, газ сияқты отынды түгелдей дерлік химия өндірісінің шикі заты ретінде пайдалануға мүмкіншілік береді. Үстіміздегі жетіжылдықта елімізде бірнеше атом электр станциясы салынып бітеді, олардың ішінде 600 мың киловатт-сағат электр қуатын беретін ең ірі атом станциясы салынып бітуге жақын.

Кәзір Коммунист партиясы елімізді электрлендірудің 15—20 жылға арналған жоспарын жасауда. Бұл жоспар бойынша 1970 жылы 900 миллиард киловатт-сағат, 1975 жылы 1 500 миллиард киловатт-сағат, ал 1980 жылы шамамен 2 300 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілетін болады. 15—20 жылда электр станцияларының қуаты 7—8 есе артуға тиіс. Осы орасан зор жоспардың орындалуы нәтижесінде СССР көлемінде біртұтас энергетика жүйесі жасалады. Тек осы шараның өзі ғана арзан әрі мол электр қуаты мен еңбек өнімділігін арттырудың сарқылмас көзі болады. Молайған электр қуаты өндіріс жұмысын автоматтандыруға жағдай жасайды. Сөйтіп ол өндірісте адамға сенімді көмекші болады, миллиондаған адамның жұмысын атқарады, қоғам байлығын машинаның күшімен молайта беруге жәрдемдеседі.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау бағытындағы маңызы зор бір шара — өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық саласында ғылыми-техникалық жұмыс жүргізу. Совет Одағы ғылым мен техниканың даму дәрежесі жағынан дүние жүзінде алдыңғы қатарда келеді. Бұған Отанымыздың түрлі ракеталар, әлемге спутниктер ұшыру арқылы космосты игере бастауындағы, атом қуатын бейбітшілік мақсатқа пайдаланудағы, т. б. көрнекті табыстары дәлел.

Коммунизм орнату мүддесі ғылым мен техниканың жетістігін халық шаруашылығын дамытуға кең пайдалануды керек етеді. Солай болып келеді де. Кәзір өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық саласы тамаша еңбек құралымен — түрлі станоктар, машиналар және механизмдермен қарулануда. Егер 1913 жылы небәрі 1,5 мың металл кесуші станок жасап шығарылса, 1959 жылы 145,9 мың станок жасалды. Өндіріс құрал-жабдығы сапа жағынан үздіксіз жақсартылып тұрады. Мысалы, 1959 жылы ғана машинаның, приборлар мен түрлі аппараттың маңызды 400 жаңа түрі жасап шығарылды.

Жетіжылдық жоспар бойынша ғылым мен техника мұқтажына көп қаржы бөлінді. Бұл, сөз жоқ, ғылым мен техниканы өркендетуге, сол



арқылы еңбек өнімділігін арттыруға, экономиканы тез өсіруге әсе етеді. Біздің елде Маркстің коммунизм тұсында ғылым «тікелей өндіргіш күшке айналады» деген ойы орындалып келеді.

Қоғам еңбегінің өнімділігін арттыруда, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда барлық өндіріс жұмысын тұтас механикаландыру мен автоматтандырудың ролі өте зор. Өндіріс жұмысы тұтас, жаппай механикаландыру дегеніміз өндірістің барлық сатысын— негізгі жұмысын да, көмекші жұмысын да машинамен орындау деген сөз. Мұнда барлық технологиялық процесті, жеке жұмыс тараулары мен машиналарды адам басқарады. Ал автоматтандыру дегеніміз тікелей өнім шығару ісін де, өндірісті бақылау, басқару жұмысын да машинаның өзі атқарады деген сөз. Коммунизм орнатудағы алуан жұмысты негізгі бір түйіні осында жатыр.

Өндіріс, ғылым мен техника кемеліне келіп, өндіріс жұмысы тұтас машинаның күшімен жүргенде ауыр қол еңбегі жойылып, материалдық игілік техниканың күшімен өндіріле бастайды. Адам сол күрделі машиналар мен механизмдерді басқарып отыратын болады. Сөйтіп әрбір еңбекші адам кәзіргіден анағұрлым аз уақытта көп өнім береді: қоғам байлығы молаяды. Осының негізінде жұмыс күнін қысқартуға халықтың тұрмыс жағдайын, мәдениетін көтеруге мүмкіншілік туады.

Жетіжылдық жоспардағы міндеттерге сай өнеркәсібіміз 1959 жылы 1 400 автомат, жартылай автомат және тоқтаусыз-конвейер жүйесін игеріп, өндіріске енгізді. Біздің республиканың өнеркәсібі өткен жылы 13 автоматтанған және тұтас механикаланған өндіріс жүйесін, 174 автомат агрегатты, 290 автомат және жартылай автомат машина мен станокты өндіріске қосты.

Жетіжылдықтың аяғында автоматтандырылған өндіріс жұмысын бақылаушы және басқарушы приборлар 2,5—2,6 есе, оның ішінде есеп және математикалық машиналар 4,5—4,7 есе артады. 1 300 автоматты өндіріс жүйесі және 50-ден артық толық автоматтандырылған кәсіп орындары салынып пайдалануға беріледі.

Өндіріс жұмысын жаппай механикаландыру және автоматтандырудың тек экономикалық қана емес, әлеуметтік маңызы зор. Капитализм жағдайында автоматтандыру жұмыссыздықты көбейтіп, еңбекшілерді қанауды күшейте түсетін болса, социалистік қоғамда ол жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін көтерудің және ой еңбегі мен дене еңбегінің арасында елеулі айырмашылықтарды жоюдың материалдық негізі болып табылады. Ал бұл социализмнен коммунизмге көшудің маңызды шарты.

Соңғы жылдары Коммунистік партия және Совет үкіметі өндірісті химия тәсілін қолдану ісіне ерекше көңіл бөлуде. Өндірісті дамытуда химия өнеркәсібінің маңызды орын алатынын кезінде Маркс көрсеткен еді. Адамзат химиялық әдістерді меңгерген сайын,— деді ол,— механикалық өндеу орнына өндірістің химиялық тәсілі кең қолданыла бермек. Бүгін таңда Маркстің бұл болжауын тәжірибе толық дәлелдеп отыр.

Химиялық әдістер өндіріс жұмыстарын тездетеді, жұмыс уақытын көп қысқартып, еңбек өнімділігін арттырады. Сонымен бірге химия өнеркәсібі — жоғары сапалы шикізаттардың, неше түрлі құнды бұйымның сарқылмас бұлағы. Мұны мынадай бір ғана мысалдан көреміз: 1965 жылы еліміздің химиялық кәсіпорындары шығаратын жасанды жүн 105 миллион қойдың жүніне тең болады. Кәзірдің өзінде пластмасса, нейлон сияқты химиялық заттар түрлі машина бөлшектерін жасауға кең пайдаланылып жүр. Қысқасы, химиялық жасанды заттарда киім-кешек, мата, машина бөлшектерін, үй тұрмысына керекті бұйымдарды қисапсыз көп және сапалы жасап шығаруға болады.

Химия өнеркәсібі жетіжылдық жоспар бойынша 3 еседей өседі. 140-тай химиялық кәсіпорындары салынады, 130 кәсіпорны кеңейтіледі.



Химия өнеркәсібін өркендетуге біздің республиканың өте бай мүмкіндігі бар. Республика еңбекшілері КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылғы май Пленумының нұсқауларын орындай отырып, таяу жылдары күшті химия өнеркәсібін жасайды.

Еңбек құралдары қаншама биік дәрежеге жеткенімен де негізгі және шешуші өндіргіш күш — жұмысшылар, өндіріс табысы солардың мәдени-техникалық дәрежесіне байланысты. «Еңбек өнімділігін арттырудың екінші шарты, біріншіден, халық бұқарасының білімі мен мәдениетінің өрлеуі болады... Екіншіден... еңбектің қарқыны мен қажырлығын арттыру, еңбекті жақсы ұйымдастыру да экономикалық өрлеудің шарты болып табылады» (Шығармалар, 27-том, 249—250-беттер), — деп көрсеткен В. И. Ленин.

Коммунист партиясы және Совет үкіметі социалистік құрылыстың барлық кезеңдерінде еңбекшілердің мәдениетін, өнерін, мамандығын көтеруге көп көңіл бөліп келеді. Кәзір халық шаруашылығының барлық саласында мәдени және техникалық даярлығы жоғары миллиондаған жұмысшы істейді. Олардың көбі коммунистік еңбектің шеберлері, өнертапқыштар, жаңашылдар. Кәзір Коммунистік партия жүзеге асырып жатқан совет адамдарының тұрмыс жағдайын жақсарту, мәдениетін көтеру, жұмыс күнін қысқарта беру шаралары еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтеріп, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюға толық жағдай жасайды.

Қолда бар техниканы толық және өнімді пайдалану үшін өндірісті ұйымдастыруды онан әрі жақсартып отыру қажет. Жұмысты график бойынша ұйымдастыру, еңбектің жаңа әдістері мен тәсілдерін өндіріске кең енгізу сияқты шаралар озат техниканы, жұмысшы күшін дұрыс пайдаланып, еңбек өнімділігін арттыруға керекті жағдай жасайды. Ал коммунизм тұсында өндірістегі ұйымшылдық пен тәртіп биік дәрежеге көтеріледі, күрделі озат техника ешбір сылбырлыққа, босандыққа, жайбарақаттыққа жол бермейді. Соның өзінде адам еңбектен рахат табады.

Өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының барлық саласын озат техникамен қаруландыру, өндірісті ұйымдастыру ісін онан әрі жақсарту және еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтеру нәтижесінде еңбек өнімділігі жыл сайын өсіп отыр. 1959 жылы, мәселен, өнеркәсіпте жұмысшылардың еңбек өнімділігі 1913 жылмен салыстырғанда шамамен 10,9 есе өсті. Еңбек өнімділігінің өсу қарқыны бойынша еліміз дүние жүзінде бірінші орын алады. СССР-дің өнеркәсібінде еңбек өнімділігі жыл сайын 6—8 процент өсетін болса, АҚШ-та тек 1,5—2 процент қана өседі.

Үстіміздегі жетіжылдықта еңбек өнімділігі жұмыс істеуші бір адамға есептегенде 45—50 процент, құрылыста 60—65 процент, темір жол транспортында 34—37 процент, совхоздарда 60—65 процент, колхоздарда шамамен 2 есе өсуге тиіс. 1965 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімінің төрттен үш бөлігі еңбек өнімділігін арттыру есебінен түсешек.

Коммунизмнің материалдық және техникалық базасын жасағанда еңбек ету жағдайы жеңілдейді, еңбек өнімділігі мейлінше өседі. Сөйтіп ол тұста адамның тұрмысына қажетті материалдық және рухани байлық айтарлықтай молаяды. Бұл — әркімнен қолынан келгенінше, әркімге керегінше деген коммунизм принципіне көшуге жағдай тудырады.



# Қазақстанның 40 жылдығы қарсаңында

## Қазақстан жұмысшы табының қалыптасу кезеңдері

А. БАЙШИН,

*тарих ғылымының кандидаты*

Биыл республика еңбекшілері бүкіл совет халқымен бірге Советтік Қазақ республикасының даңқты 40 жылдығын зор қуанышпен атап өтпек. Бұдан 40 жыл бұрын 1920 жылы 4—12 октябрьде Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезі В. И. Ленин қол қойған тарихи декретті бір ауыздан қабылдап, қазақ халқының тұңғыш мемлекеті — Қазақтың Советтік Социалистік Республикасын жариялады.

40 жыл тарих үшін ұзақ мерзім емес. Осы аз ғана өмір ішінде Қазақстан социалистік ұлы Отанымыздың ынтымағы жарасқан көп ұлтты семьясында экономикасы өрге басқан, мәдениеті гүлденген алдыңғы қатарлы совет республикасының біріне айналды. Бұл тарихи зор жеңіс Коммунист партиясының дана ұлт саясатының жемісі, социалистік құрылыстың ұлы артықшылығының айқын көрінісі. Қазақстанның осы табысында совет жұмысшы табының көрнекті отряды — Қазақстан жұмысшыларының да үлесі бар. Даңқты 40 жыл ішінде еңбек пен күресте талай қиыншылықты басынан кешіре отырып, Қазақстан жұмысшы табы ұлы орыс халқының қалтқысыз қамқорлығы, Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында бір кезде мешеу қалған қазақ елінің осы күнгі биік дәрежесіне жеткізуге барша күш-жігерін жұмсады.

Республикамызда совет жұмысшы табының пайда болуы, оның қалыптасып өсуі — социализм жеңістерінің ең көрнекті, тамаша табыстарының бірі. Сондықтан да республикамыздың еңбекші бұқарасы өзінің 40 жылдық мерекелі тойы үстінде шын жүректен шыққан шексіз алғысын ең алдымен бүкіл совет халқына, халықтың құдретті алып күші, «ұлы мәртебелі жұмысшы табына», оның айбынды жетекшісі Совет Одағы Коммунистік партиясына арнайды.

Қазақстанның жас буын жұмысшы табы социализм орнату жолындағы күрестің белгілі кезеңдерінде қалыптасып, жаңа өмірдің өзімен бірге өсіп, бірге ер жетті. Ол совет халқына тән пролетарлық интернационализм, халықтар достығы, советтік патриотизм сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіріп, өзінің советтік Отанына, партия мезгеген коммунистік қоғам орнату күресіне шексіз берілгенін талай тар жол, тайғақ кешуде көрсете білді.

Қазақстан жұмысшы табының алғашқы қадамы, оның жалпы тарихи өрлеу жолы өткен ғасырдың аяқ шенінен басталады. Қазақстан Россияға еркімен қосылғаннан кейінгі тарихи кезеңде қазақ даласында капиталистік қатынас дамып, кейбір өнеркәсіп орны пайда бола бастады. Алайда, патша өкіметі Қазақстанда өндірістің тез дамуына жол бермеді. Тіпті, 1913 жылы, Россия капитализмінің өз шамасынша ең жоғары кезеңге жеткен уақытының өзінде, көлемі 3 миллион шаршы километрге жуық Қазақстанның байтақ жерінде 20 мыңға толмайтын жұмысшысы бар небары 4 мыңнан астам ұсақ кәсіпорны болды. Бұл цифр Қазақстанда Октябрь революциясына дейін дамыған өнеркәсіп болмағанын, қалыптасқан өнеркәсіп пролетариаты да жоқтың қасы болғанын дәлелдейді.



«Бұл факт жүзіндегі теңсіздіктің себептері,— партияның XII съезі көрсеткеніндей,— осы халықтардың тарихында ғана жатқан жоқ, сонымен қатар, шеткері аймақтарды өнеркәсіп жағынан дамыған орталық аудандардың пайдаланатын кілең шикізатты аудандарына айналдыруға тырысқан патша өкіметі мен орыс буржуазиясының саясатында жатыр» (ЖПСС қарарлары, 1955 жыл, I-бөлім, 759—760-беттер).

Сөз жоқ, аз да болса пролетариаттың алғашқы тобының пайда бола бастауы отар ел болған Қазақстанда еңбекші қазақ халқының таптық күресіне, әсіресе Ұлы Октябрь социалистік революциясының жемісті дамуына үлкен әсер етті. В. И. Ленин европалық империализмнің азиялық отарларында ұлттық жұмысшы кадрының қалыптасып өсуі, Европа жұмысшыларының білектес азиялық жолдастарының пайда болуы қоғам дамуының болашағы зор прогресшіл факторы екенін атап көрсеткен болатын. Тап күресі үстінде Қазақстан жұмысшы табы қазақ еңбекшілерінің жергілікті бай, феодалдарға және отаршылдарға қарсы азаттық күресін пролетариаттың социалистік қозғалысымен жалғастырып, біртұтас пролетарлық революцияның тасқынына қосу бағытында партияның шешуші күші, берік тірегі болды.

Қазақстан жұмысшы табының нағыз қалыптасу процесі тек Октябрь революциясы жеңісінен кейін ғана, социалистік ұлы құрылыс дәуірінде басталды. Октябрь революциясының аса үлкен жеңістерінің бірі—ол капиталистік даму сатысынан өтіп үлгімеген және өз алдына ұлт болып жетпеген халықтардың ұлт болып қалыптасуын барынша тездетті. Қазақ халқының совет өкіметі жағдайында социалистік ұлтқа бірігіп, бұғанасы бекіді, сонымен бірге Қазақстанда совет жұмысшы табының ұлттық кадрлары да шын мәнісінде қалыптаса бастады. Бұл процесті тездетуге себепші болған жағдай социалистік индустрияның теңдесі жоқ тез қарқынмен дамуы, социалистік құрылыс үстінде совет халықтарының моральдық-саяси бірлігінің шыңдалып нығайуы болды.

Республиканы социализм жолымен өркендету міндеті пролетариат диктатурасының жетекші күші — жұмысшы табының неғұрлым тез өсіп жетілуіне тікелей байланысты еді. Бұл міндетті Коммунистік партия бұрын артта қалған халықтардың экономикалық, саяси және мәдени мешеулігін іс жүзінде жою саясатымен ұштастыра отырып орындады және оны В. И. Лениннің «... артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдер пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай-ақ советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады» (Шығармалар, 31-том, 243—244 беттері) деген белгілі қағида-сына сүйене отырып шешті.

Қазақстанда совет жұмысшы табының алғашқы қалыптасу қадамы елімізде халық шаруашылығын қалпына келтіру ісімен бірге басталды. Сол жылдары қаһарман еңбек етіп, ашаршылықты, сүзек, оба ауруларын жеңе отырып, орыс пролетариатының ағалық қамқорлығы нәтижесінде өлкенің жас жұмысшы табы көптеген өнеркәсіп орнын негізінен қайта құрды. Олардың ішінде Қарсақпай, Ертіс мыс қорыту, Риддер (Лениногорск) қорғасын заводтары, Ембінің мұнай кәсіпшіліктері барды. Қазақстанда түсті металлургия алыбы — Шымкент қорғасын заводы салына бастады.

Қазақстан жұмысшы табы алғашқы социалистік құрылыс жылдарында сан, сапа жағынан да едәуір өсіп нығайды. Ол сонымен бірге ауылды советтендіру, қала мен ауыл-деревнядағы қанаушы таптарды жою жолындағы еңбекші бұқараның таптық күресіне басшылық етіп, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруға белсене қатынасты.

Қазақстан жұмысшы табының қатарын шыңдап, оны коммунизм рухында баулуда, алуан қилы социалистік құрылыс ісіне машықтандыруда партияның басшылығымен кәсіпшілер одағы да үлкен роль



атқарды. 1927 жылы кәсіпшілер одағына біріккен жұмысшылардың саны 148 931 болды, оның 34 275 казак жұмысшылары еді. Ал 1929 жылы одаққа біріккен казак жұмысшыларының саны 58 907-ге жетті. Бұл, бір жағынан, казак жұмысшыларының саны өскенін аңғартса, екінші жағынан, оның саяси санасы, ұйымшылдығы өскенін көрсетеді.

Сонымен, революцияға дейін Қазақстанда жұмысшы саны 20 мыңнан аспаған болса, совет тұсында тек 13 жыл ішінде (1917—1930 жылдары) халық шаруашылығындағы жұмысшы-қызметкерлердің саны 325 мыңға дейін өсті.

Жұмысшы табының ұлттық кадрын даярлау халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде мықтап қолға алынған болса, бұл жұмысты Коммунист партиясы мен Совет үкіметі соғыстың алдындағы бесжылдықтар кезінде мейлінше кең жолға қойып, толығымен шешті. Партияның нұсқауы бойынша Қазақ республикасының үкіметі жанынан арнаулы «өнеркәсіп пен транспорт кадрын қазақтандыру комитеті» құрылды, ол көптеген игі жұмыс атқарды. Орыс пролетариаты ұлт аймақтарында жұмысшы табын тәрбиелеп өсіруді өзінің интернационалдық борышы деп санап, казак жұмысшыларын баулуға ерекше ат салысты. Олардың ағалық қамқорлығы, күнделікті көмегі казак жұмысшы табының қалыптасу процесін едәуір жылдамдатты, оның социалистік құрылыстағы басшылық ролін көтере түсті. Коммунист партиясының ұлт саясатын дұрыс жүзеге асыруы арқасында тіпті бірінші бесжылдықта советтік Қазақстанның 600 мыңдай жұмысшы армиясының қатарында 230 мыңнан астам казак жұмысшылары болды.

Соғыстан бұрынғы бесжылдықтар кезінде ауыр өнеркәсіптің оза өсуіне байланысты жұмысшы табының саны көбейді де, оның қоғамдағы ара салмағы арта түсті. Мұның өзі совет мемлекетінің саяси тірегі — пролетариат диктатурасының нығая түсуіне мүмкіндік туғызды.

Елімізді сондай-ақ республиканы индустрияландыру казак халқының экономикалық және мәдени мешеулігін іс жүзінде жоюға бағытталған күрделі қадам болды. Ірі өнеркәсіп орындарының дамуы жұмысшы табының тез қалыптасуына қажетті жағдай туғызды. Ұлы Отан соғысының алдындағы жылдары партия бастаған Қазақстан жұмысшы табы ұлы орыс халқының, бүкіл совет халқының риясыз көмегі арқасында республикамызды Совет елінің шығысындағы ірі индустриялы аймаққа айналдырды. 1940 жылы Қазақстанда 28 376 өнеркәсіп орны жұмыс істеді, оның 2 580 ауыр өнеркәсіп, ал 568 бүкілодақтық маңызы бар кәсіп орындары еді. Бұлардың ішінде советтік түсті металлургия алыптары — Риддер мен Шымкент қорғасын заводтары, Қарағанды көмір комбинаты, Ертіс мыс қорыту заводы, мұнайлы Ембі кәсіпорындары, сол кезде дүние жүзіндегі ең ірі Семей ет комбинаты, мыңдаған километр темір жолдар, тағы басқалар болды. 1940 жылы республика өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылғымен салыстырғанда 23 есе, оның ішінде өндіріс құрал-жабдықтарын шығару — 37 есе және тұтыну заттарын өндіру — 13 есе артты.

Ұшы қиыры жоқ казак даласында совет адамдарының ер еңбегімен салынған өнеркәсіп орталықтары жұмысшы табының жаңа жасақтарын құраудың ұйтқысы болды. Өнеркәсіптің дамуы казак халқы үшін экономика жағынан да, саяси жағынан да ерекше маңызды орын алғанын атап өту керек. 1940 жылы Қазақстанда жұмысшылардың саны 820 мыңнан асып, оның тең жартысына жуығы казак жұмысшылары болды. Осы тарихи қысқа мерзімде Қазақстанда бұрын болып көрмеген 180 мың ауылшаруашылық жұмысшысы пайда болды, олар республика жұмысшы табының үлкен бір отрядына айналды.

Осы жылдары жергілікті казак жұмысшы кадры республика жұмысшы табының жалпы өсуіне қарағанда 2—3 есе тез өскенін атап айту керек. Тек 1924 жылдан 1932 жылға дейінгі кезеңде казак жұмыс-



шыларының ара салмағы 24,3 проценттен 42,1 процентке дейін өсті. Ал өнеркәсіптің кейбір шешуші салаларында, мысалы, мұнай өнеркәсібінде — 72,1 процентке, көмір өнеркәсібінде — 43,4 процентке, түсті металлургияда — 41,4 процентке жетті. Осымен қатар ерекше айта кететін жағдай жұмысшылар арасында қазақ әйелдері көбейді. Қазақ әйелдерінің революцияға дейін өндіріске мүлде қатынаспағаны мәлім. Ал екінші бесжылдықтың алғашқы жылдарында-ақ республикадағы жұмысшы әйелдердің 24 проценті қазақ әйелдері еді.

Осылайша социализмнің жеңісті кезеңдерінде Қазақстанның жұмысшы табы — Октябрь шұғыласынан қайта туған қазақ халқының алдыңғы қатарлы отряды қалыптасып, құдіретті совет жұмысшы табының қатарына қосылды.

Бесжылдықтар кезінде техникалық интеллигенцияның ұлттық кадры да құрылды. Отан соғысынан бұрын республиканың 22 жоғары оқу орны мен 120 техникумы халық шаруашылығының түрлі саласына 13 мың жоғары, 40 мың орта білімі бар маман даярлап берді. Революцияға дейін қазақ инженері мүлде болмаған болса, 1940 жылы қазақтан шыққан инженер мен техниктердің саны 10 мыңнан асты. Бұл жұмысшы, шаруалар арасынан шыққан жаңа еңбекші интеллигенция еді.

Партияның Орталық Комитетінің басшылығы бойынша республикамызда көптеген өндіріс-техникалық оқу орны мен жұмысшы факультеттері ашылды. Бұл оқу орындарын соғысқа дейін 80 мыңнан астам жұмысшы бітіріп, әртүрлі мамандық алды. Қазақстанның алып құрылыстарын маман жұмысшылармен, озат техникамен қамтамасыз етуде Москва, Ленинград, Орал, Баку, Донбасс, Харьков жұмысшылары көп еңбек сіңірді. Олар күрделі құрылыс орындарын, өнеркәсіптің бірқатар салаларын, қала берсе бүкіл республика өнеркәсібін қамқорлыққа алды. Мыңдаған орыс, украин инженер-техниктері, металлургтері мен энергетиктері шын туысқандық ниетпен жергілікті жұмысшыларды баулып, шеберлікке, мамандыққа үйретті.

Жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін көтеруде стахановшылар мен екпінділер қозғалысы үлкен роль атқарды. Бұл қозғалыс жүздеген, мыңдаған жұмысшының мамандығын көтеруге сеп болумен қатар еңбек өнімділігін үздік арттырды. Тек бір ғана Түрксиб темір жолында Отан соғысының алдында 13 мың, яғни барлық темір жолшылардың 55 проценті стахановшы болды, ал түсті металлургияда 23 436 жұмысшы өндірістегі жаңашылар қатарына қосылды. Еңбекке социалистік көзқарастың нағыз үлгісін көрсеткен Т. Күзембаев, М. Рақышев (көмір өнеркәсібінде); Г. Хайдин, Б. Ықласов (түсті металлургияда); Т. Сәтпаев, Л. Березняк (темір жол транспортында); С. Жанбатыровтардың (мұнай өнеркәсібінде) есімі бүкіл одаққа әйгілі болып, халық құрметіне бөленді. Жаңашылар қозғалысы социалистік қоғамның саналы құрылысшыларын тәрбиелеп өсіру бағытындағы партия басшылығының игілікті жемісі еді.

Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуы Коммунистік партияның таптық негізін нығайта түсті. Егер партияның Қазақстандағы облыстық бюросы құрылған кезде (1921 жылы) республика партия ұйымының қатарында жұмысшылардың ара салмағы 16,2 процент болса, 1940 жылы 30 процентке дейін көтерілді. Социализм құрылысында, шиеленіскен тап күресінде саяси басшылық мектебінен өткен Қазақстан партия ұйымы қуатты саяси күшке айналды. Қазақстан партия ұйымдарының 1937 жылы Қазақстан Коммунист (большевиктер) партиясы болып құрылуы бұған анық дәлел. Бұл қазақ халқы мен оның жұмысшы табы үшін үлкен маңызы бар тарихи оқиға болды.

Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстан осындай біртұтас қалыптасқан қажырлы жұмысшы табы бар, қуатты индустриясы өркендеген,



көп салалы ауыл шаруашылығы алға басқан республикалар қатарына жетті. Ал мұның өзі соғыс жағдайынан туған неше қилы қиыншылықтарға қарамастан, республиканың күллі өнеркәсібін тез арада соғыс мүддесіне сай қайта құруға мүмкіндік берді.

Соғыс жылдарында да маман жұмысшы кадрларының қатары үнемі толықтырылып тұрды. ФЗО мектептері, қолөнері және темір жол училищелері ол жылдары өнеркәсіпке 165 түрлі мамандық алған 100 мың жас жұмысшы берді. Жас жұмысшылар өнеркәсіп пен транспорттағы жұмысшылардың басым көпшілігі болып алды. Олар еңбек майданында советтік патриотизмнің тамаша үлгісін көрсетті. Республика жұмысшы табының қажырлы еңбегі арқасында Қазақстан Отан соғысының сарқылмас айбарлы арсеналына айналды, ол еліміздің ұлы жеңісіне лайықты үлес қосты.

Соғыстан кейінгі жылдары да республикада жұмысшы табының қатары үздіксіз өсумен болды. Тек 1956—1959 жылдары Қазақстанда 693 жаңа кәсіпорны салынып, іске қосылған еді. Бұл жағдай жұмысшы табының жалпы құрамының тез өсуіне зор әсер етті. Соғыстан кейінгі 14 жыл ішінде (1945—1959 жылдары) республиканың халық шаруашылығында істейтін жұмысшылар мен қызметшілердің жалпы саны 1 миллион 34 мыңнан 2 миллион 600 мыңға дейін өсті. Осының жарты миллиондайы ірі өнеркәсіп саласында істейтін индустриялы жұмысшы кадрлары, ал 665 мыңы кейінгі жылдары партияның тарихи қарары бойынша сан миллион гектар Қазақстан тыңын көтерген ауыл шаруашылығының жұмысшылары.

Қазақстан еңбекшілері бір жағынан одақтас республикалардың туысқан халықтарының көмегіне қол арта отырып, экономикалық өрлеудің тағы бір биік шыңына шықты. Үстіміздегі жылы республиканың жалпы өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 50 есе, ал ірі өнеркәсіп өнімі 100 есеге жақын өсті. Қазір Қазақстан жалпы өнеркәсіп өнімін беру жағынан Одақта үшінші орынға ие болып отыр. Енді республикамыздың бір өзі электр қуатын революцияға дейінгі Россиядан 4,5 есе көп өндіреді. Қазақстан электр қуатының жан басына келетін мөлшерінен Испания, Италия, Дания, Голландия және Греция сияқты ежелгі елдерден озып кетті. Ал республиканың көмір кәсіпорны Италия, Австрия және Канада сияқты үш мемлекеттің шығаратын көмірінен әлде неше есе артық өнім шығарады. Мұнай шығарудан республикамыз Франция сияқты капиталистік ұлы мемлекетті басып озды. Міне мұның өзі қуатты социалистік системаның, құлдырап құлап бара жатқан капиталистік системадан үздік артықшылығының тағы бір айқын айғағы.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXI съезі Қазақстан жұмысшы табы шежіресінің жаңа бір бетін ашты. Бұл съезд бекіткен ұлы жоспармен тығыз байланысты. Жетіжылдықтың ғажайып бағдары біздің республика үшін дамудың бұрын болмаған жаңа кезеңін бастады. Егер 1918 жылдан 1958 жылға дейінгі 40 жыл арасында Қазақстанның бүкіл халық шаруашылығына 103 миллиард сом қаржы жұмсалған болса, үстіміздегі жеті жыл ішінде ғана 116—119 миллиард сом қаржы жұмсалмақ. Республиканың экономикалық даму қарқыны Одақ бойынша жалпы алғанда және жеке одақтас республикалармен салыстырғанда едәуір жоғары болмақ. Жалпы өнеркәсіп өнімінің бүкіл еліміздегі жылдық орта өсімі 8,6 процент болса, біздің республикада 15,2 процентке дейін жетпек.

Қазақстанның индустриялы өрісі өсіп кеңеюіне жетіжылдықтың алып құрылыстары: Қарағанды металлургия заводы, Павлодар машина жасау және алюминий заводтары, Бұқтарма су-электр станциясы, Үлкен Жезқазған мыс қорыту, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинат-



тары аса маңызды орын алады. Қазақстан жуық арада еліміздің ірі өнеркәсіп орталығына айналады. Өнеркәсіптің мұндай ірі салаларының тез өсуі, жұмысшылардың көбейе беруіне зор әсерін тигізешек.

Бұл күндері жетіжылдықтың ұлы жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы зор қимыл елімізде социалистік жарыстың жұмысшы табы бастаған жаңа күшті толқынын тудырды. «Келешектің қаһарман барлаушылары» — коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділердің қозғалысы күннен-күнге кең қанат жаюда. Кәзірдің өзінде республиканың 1 222 өнеркәсіп коллективі осы құрметті атақты жеңіп алып, 8 250-ден астам бригада, цех пен смена сондай атаққа жету үшін қажырлы күрес жүргізіп жатыр. Қазақстан жұмысшы табының алдыңғы қатарлы адамдары: көміршілер Б. Нұрмағамбетов пен М. Бондалетов; металлургтер Ж. Бейісов, В. Плохов пен Н. Ахметжанов; кеншілер Л. Петров пен А. Политкина; құрылысшылар Ү. Тұрмағамбетов пен И. Радзевилловтар коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүрудің тамаша үлгілерін көрсетуде. Коммунист партиясы бастаған Қазақстан жұмысшы табы коммунизмнің бүгінгі ұлы құрылысына қажырлы еңбегімен татымды үлес қосып келеді.

Жұмысшы табын құрау әрбір ұлттың саяси, экономикалық және рухани кәмелеттігін анықтайтын фактор. Сондықтан бұрын мешеу отар ел қазақ халқының кәзір қалыптасқан жұмысшы табы бар ерікті социалистік ұлтқа айналуы тек советтік қоғам және мемлекет құрылысы жағдайларында және СССР халықтарының достығы мен Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында ғана мүмкін болды.

Совет жұмысшы табының Қазақстандағы ірі отрядының қалыптасуы қазақ халқының тарихи тағдырындағы негізгі әлеуметтік және саяси өзгерістерді, партияның лениндік ұлт саясатының жеңісін айқын көрсетеді.





# Хат және корреспонденция

## Қазақстан Магниткасы шойын бере бастады

Қарағанды мен Теміртау қаласының аралығында Мұздыбай деп аталатын аласа бұйрат бар. Оның Теміртау жақ етегіндегі үлкен өңірде кесіліп Қазақстан магниткасы жатыр.

Қазақстан магниткасының биік мұржалы домна пеші, кокс-химия батареялары, бу-электр орталығы, темірбетон, ірі блок заводтары анда-ғайлап көрінеді. Сол алуан өнеркәсіп орындарынан әрі көз салсаңыз, соңғы жылдары пайда болған әдемі қалаға сүйіне де таңдана қарайсыз. Сәнді салынған тұрғын үйлерді, мәдениет ошақтарын тізбектеген асфальт көшелерді, проспектілерді көресіз.

Бұл күндері қарағандылықтардың, әсіресе, Теміртау қаласы жұртшылығының қуанышы қойнына симайды. Ол орынды да қуаныш, орынды да мақтанш. Одағымыздағы үшінші металлургия орталығының бірі болған алып завод домнасы осында жалын атып, электр станциясы өмір нұрын шашпақ.

Коммунизм құрылысы кең көлемде өрістегенін жариялаған партияның XXI съезі шешімдерінде жетіжылдық жоспар бойынша шойын өндіру 65—70 миллион тоннаға жеткізіледі деп межеленсе, Қарағанды металлургия заводы осы міндетті орындауға үлкен үлес қосады. Завод сондай-ақ прокат, химия тектерін өндіретін болады. Себебі — заводтың шойын дариясын селдететін төрт домнасымен бірге, қуатты мартен пештері, прокат цехы, әлденеше кокс-химия батареялары іске қосылады. Ол күн — алыс арман сағымы емес, жақын болашақтың, жетіжылдық кезеңінің жақын белесінде. Бұл алып завод 1964 жылы бүкіл Россияның 1913 жылы қорытқан болатын қорытса, ал шойынды Италия мен Индияның (екеуін қоса есептегенде) кәзіргі беретін шойынымен теңбе-тең беретін болады. Кәзір үлкен заводтың негізі салынып, іргесі қаланып қана қойған жоқ, сымбаты бой түзеп, оның бірінші домнасы шойын селін тасқындатты.

Сарыарқада жаңа алыптың жандануы тек республика еңбекшілері үшін ғана қуаныш емес, сонымен бірге күллі совет халқы үшін де қуаныш. Жаңа завод тек қана Қарағанды облысының экономикасын жаңа арнада жайнатып қана қоймай, бүкіл Қазақстан экономикасының жедел үдей дамуына жағдай жасайды.

Ана шеті мен мына шетіне көз жеткісіз жаңа қаланы айтпағанда, завод құрылысының тізбегі үш километрден аса жерді алып жатыр. Қысқа мерзім ішінде осындай жаңа бейнелі дүниенің масатыдай жайнай қалуының сыры неде?

Оның сыры, оның мәні дана партиямыздың, әділ де іскер үкіметіміздің кеменгерлік басшылығы мен қамқорлығында, сол қамқорлықтан нәрленген құрылысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің қажырлы еңбегінде.

Коммунистік партия осындай ұлы құрылысқа елеулі көмек көрсетуді өзінің қолқанаты Ленин комсомолына тапсырып, олардың еңбек гүлінің бүрлене беруіне жағдай жасады. Құрылысты салуға комсомол жол-



дамасымен еліміздің түкпір-түкпірінен сан мыңдаған жастар келді. Бауырлас Болгария республикасынан келген жастар да совет өрендерімен бірлесіп, тізе қосып, еңбек данқымен ерлік ісін елге жайды.

Сол құрылысшы жастардың ішінде совет адамының биік моральдық сапасын көрсете білген ерлер көп.

Комсомол мүшесі М. А. Канашкин Қазақстан магниткасының құрылысына Жезқазғаннан келіп еді. Мыс алыбын салуда едәуір тәжірибе алып, ысылған өнегелі жас мұнда күрделі бригаданы басқарды. Оның бригадасы Ленин комсомолы атындағы бірінші домнаның іргесі қаланатын жерді бірінші болып қазды, алыптың алғашқы бетонын құйып, кірпішін қаласты. Бригаданың еңбектегі қарқыны биыл өте-мөте күшейді. Бригадада өз нормасын орындамайтын құрылысшы жоқ. Жакында осы бригадаға коммунистік еңбек бригадасы атағы берілді.

Немесе, Иван Лопатюк жолдасты алайық. Бұл жас құрылысшы да күрделі бригаданы басқарып жүр. Оның 35 адамнан құралған тобы оннан аса құрылысты мерзімінен бұрын сапалы аяқтағанын теміртаулықтар ауыз толтыра айтып, мадақтайды.

Құрылыста Канашкин мен Лопатюк сияқты жарыс озаты жастарды жүздеп емес, мыңдап санауға болады. Жалындаған қуат-күшінің кереметін құрылыс бейнесін жасауда көрсете білген өрендер М. Булыгиннің, И. Моркеевтің, И. Шектің, Д. Әбдеевтің тағы басқалардың есімін мақтан ете аламыз.

Жас құрылысшыларға ұстаздық еткен қарт гвардияның да еңбегі ерекше. Сондай ардақтылардың бірі — Үкен Тұрмағамбетов жолдас. Біз өзін осындай алып құрылыстарда танытқан осы байырғы шебер құрылысшымен әңгімелестік. Ол Қазақстан магниткасы жайлы шежірені шерте отырып, былай дейді:

Біздің елімізде адам көркі де, бақыты да еңбекте, тұрмысымызды гүл жайнатқан да сол еңбек. Мен өзімді бақыттымын деп санаймын. Өйткені, анау мысты Балқаш пен Қазақстанның тұңғыш болат перзенті Теміртау қалаларын және олардағы кәсіпорындарды өз қолыммен салыстым. Сөйтіп Отан игілігі үшін азды-көпті еңбек сіңірдім. Қазақстан магниткасының құрылысына алғашқы күннен-ақ білек сыбана катысып келемін. Осы алып құрылысқа келген жас түлектерге қалаушы мамандығын үйренуіне көмек көрсетудемін. Бүкіл еліміз асыға күткен күн де жетті. Партияның қамқорлығы арқасында Қазақстан домнасы бүгін міне тұңғыш шойын қорыта бастады. Бұл бейбітшілік шойыны, ел қазынасы, халық игілігі. Бұған да менің қосқан лайықты үлесім бар. Менің берер сертім: Қазақстан магниткасының үш домна пешін түгел іске қоспай пенсияға шықпау.

Құрылыстың техникамен қарулануы таңғажайып. Еліміздің 200 заводы, 70 Халық шаруашылығы советі металлургияның бұл жаңа ордасына неше түрлі машина мен жабдықтарды үздіксіз беріп тұрды және беріп келеді. Қазақ металлургия құрылыс тресінде жеңіл механизмдер мен көп тетіктерді айтпағанда аса қуатты машиналардың саны бес жүзден, автомашинаның саны екі мыңнан асады.

Құрылысшыларға деген қамқорлықтың бейнесін үш жылда салынған Теміртау қаласынан, оның тұрмысқа жайлы тұрғын үйлерінен, мәдениет ошақтарынан көруге де болады. Әдемі 30 кварталдан құралған қалалары тұрғын үй қоры 240 мың шаршы метр. Су жүйесі бар, телефонды, электрлі тұрғын үйлер тұруға қолайлы да сәнді. Көшелердің бәрі де асфальтты. Оларда автобустар мен трамвайлар зымырайды.

Қала көркі тал-ағаш болса, бұл салада да мұнда аз жұмыс істелген жоқ. Үстіміздегі көктемнің өзінде үш мың түп терек, үш мың түп басқа ағаш егілді. Үлкен екі парк салынып, орманға айналып келеді.

«Денсаулық зор байлық» дейді халық. Партиямыз бен үкіметіміздің халыққа деген бұл саладағы қамқорлығы ерекше. Ірге тенткеніне аз



жылдар ғана болған Теміртау қаласының бір өзінде тоғыз аурухана, бірнеше поликлиника, он бес дәрігерлік пункт, алты аптека жұмыс істейді. Биыл тағы үш аурухана және ясли мен балалар бақшасы, басқа да емдеу орындары қатарға қосылмақ.

Жас қалада еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтейтін орындар саны көбейе түсті, жаңадан қырық екі дүкен, 25 асхана ашылды. Бұларда азық-түліктің, киім-кешектің, түрлі тағамдардың басқа да тұтыну товарларының молшылығы жасалды.

Бұдан үш-төрт жыл бұрын ғана құлазып жатқан далада аз жылдар ішінде асқақтаған алыптың өмірге келуіне құрылыстың партия ұйымы іскерлік үлес қосып, үлкен роль атқаруда. Ол құрылысшылар коллективін еңбекке жұмылдырып, әрбір құрылысшыға дем беріп, сүйеу болуда.

Кәзір Қазақстан магниткасы құрылысында 1 180 коммунист жұмыс істейді. Үлкен іске ұйтқы болып, жақсы өнеге үлгісін көрсеткендер осылар. Құрылыста олар араласпаған, бас-көз болмаған учаске жоқ. Қайда қиыншылық, қарбалас, ауыр жай кездесе, оған коммунистер жіберіледі. Өткен жылы жер қазу жұмысы олқылыққа ұшырап, бүкіл завод, қала құрылысының созбидаға түсу хауіпі туып еді. Трест парткомы бұл істі тындыруды коммунистерге жүктеді. Көп кешікпей-ақ жер қазу жұмысы жақсарып, жаңа арнамен алға аршындады.

Құрылыс тресінің партия, кәсіподақ, комсомол ұйымы мен шаруашылық басшылары жүргізген күнделікті істерін айтқанда, жұмысшылардың мамандығын арттыру жолындағы қызметін атап айтпасқа болмайды. Тек қана соңғы төрт жыл ішінде 22 мың адам әртүрлі курстер мен үйірмелерде оқып, мамандық алды. Құрылыс басында ұйымдастырылған мұндай курстер жұмысшылардың өнер төріне жедел қадам басуына жол ашып отыр. Соның бір мысалын айтайық.

В. Евмененко құрылысқа онжылдықты бітірісімен келді. Оның бұрын ешқандай мамандығы жоқ екен. Партком әуелі оны коммунист ісмер И. Рябичев жолдастың үйретуіне берді. Жас жігіт бір-екі ай мұғдарында бетоншы мамандығын меңгерді, сосын кешкі техникумға оқуға түсіп техникалық білімін жетілдірді. Сонан бригадирлікке жоғарылатылды. Биыл оның бригадасына коммунистік еңбек бригадасы атағы берілді. Жақында ол кешкі техникумды бітірді. Жас маман бетон заводының мастерлігіне жоғарылатылды. Мұндай мысалдарды көп келтіруге болады.

Кәзіргі кезде құрылыста өнеркәсіппен тікелей айналысатын мамандар даярлайтын оқу орындары көбеюде. Теміртаудағы екі техникум мен төрт училищеде, Москва құрылыс институтының, Қарағанды политехника институтының сырттан оқытатын және кешкі бөлімдерінде мыңдаған жас құрылысшылар оқып, еңбекке білімдарлықпен араласуға әзірленіп жатыр.

Трест партия ұйымының күнбе-күн көңіл бөліп отырған мәселелерінің бірі — социалистік жарыс. Оның жаңа, әрі биік сатысы — коммунистік жарыс және Валентина Гаганованың бастамасын қолдау болды. Әрбір құрылыс коллективінен жарыс штабы құрылды. Кәзір коммунистік жарысқа қосылған жүз бригада ішінен он бригадаға коммунистік еңбек бригадасы атағы берілген.

Жүргізілген көпшілік-қоғам жұмыстары ішінде көрнекі үгіттің күшейтілуі, «Нажағай», «Дабыл», «Сәуле» сияқты сықақ газеттер мен радио газетінің шығарылуы өте-мөте әсерлі келді. Соңғы екі айдың өзінде домна комплексінің құрылысында 313 ұран ілініп, сатиралық газеттердің жүзден аса номері шықты.

Құрылыста техникалық прогресті дамытуда да ірі қадам жасалды. КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумының шешімдерін өмірге асыруға жұмылған 500 құрылысшы мың ұсыныс жасады. Олардың іске асырылғанынан мемлекетке 6 миллион сом пайда келді.



Қарағанды металлургия заводы құрылысында туып пайда болған игі тәжірибелер, жақсы бастамалар, әдіс-тәсілдер бар. Солардың бірі — отқа төзімді кірпіштерді қоймадан қалау орнына механизм арқылы жеткізу. Мұның өзі елімізде тұңғыш рет Қазақстан магниткасы құрылысында қолданылды. Мұның бір пайдалылығы еңбек өнімділігін 30 процент арттыратынында болып отыр.

Индустриялық әдіс — құрылысты шапшандатудың ең бір тиімді әдісі екенін өмір тәжірибесі көрсетсе, Теміртау құрылысшылары бұл жүйеде елеуді көрсеткішке ие болды. Әсіресе ірі блокты үй қалауға қолдану мен темір конструкцияларын өндіріске енгізудің нәтижесі жемісті. Ал, бұл құрылыс құрастырмалы темірбетонды қолдануда елімізде екінші орынға ие. Мынадай бір мысал айтайық: егер завод пен тұрғын үй құрылысына жұмсалған темірбетонды Қарағанды мен Москва қаласының арасына төсесек соған жетер еді. Міне осының өзінен-ақ Қазақстан магниткасында индустриялық әдіс көлемді енгізілгені аңғарылады.

Жоғарыда айтылған күллі жайлардың бәрі Сарыарқаның бір ажар-көркі, құты мен берекесі — Қарағанды металлургия заводының жедел де сапалы салынуына жол ашты.

Ленин комсомолы атындағы алып домна алғашқы шойынын берді. Домна маңындағы басқа да цехтар іске қосылды. Бұларды жүргізуші, басқарушы мамандар күн ілгері даярланды. Бүгін олар қуанышты көңілмен іске кірісіп те кетті.

Металлургтердің ішінде нелер шебер маман бар. Домна цехының бастығы Зайцев, транспорт диспетчері, инженер-металлург Қамзин, горновой Кабдолов, краншы Сайлауов, слесарь Шкрабе және басқалары ынталы, іскер жандар.

Біз істелген істі көп айттық. Бірақ Қазақстан магниткасында әлі де атқарылар іс мол екені, оның келешегінің үлкен екені белгілі. Тіпті арғыны айтпай, биыл атқарылар жұмысқа шолу жасасақ міндеттің келелі екені көрінеді.

Ия, биыл бірінші домнаның серігі—екінші домна, үш кокс батареясы, химия цехы және басқа да қосалқы цехтар жұмысқа қосылуы керек. Ал, қала құрылысы жөніндегі істің көлемі онан да үлкен. Совет адамының әл-ауқат күйін, мәдени дәрежесін арттыра беруді өзінің ең қасиетті, бұлжымас заңы еткен Коммунистік партия өнеркәсіп орнын салуға қандай көңіл бөлсе, тұрғын үй, мәдени-тұрмыс орындарын салуға да сондай көңіл бөледі. Ендеше Теміртау қаласының бейнесі де советтік қалалардың ажар-көркіне, сән-салтанатына лайықты болуы шарт. Демек, мұнда да көшелер тегіс асфальттанып, көріктене түсуге, көгалдандыру ісі жақсартылуға, мәдени-ағарту, тұрмыс орындарының саны көбейтілуге тиіс. Бұл шаралар үшін мемлекет тарапынан жеткілікті қаржы да бөлінген. Мәселе сол қаржыны игере, дұрыс жұмсай білуде.

Қазақстан магниткасының елімізге шойынды, болатты, прокатты көп беруі оның шикізат, отын базаларына байланысты.

Жаңаарқа ауданындағы Қаражал Қарағанды металлургия заводының шикізат-руда арқауы. Мұның өзі өз алдына қуатты кәсіпорын. Кәзір осы рудниктен өндірілген сапалы темір рудасы темір жолмен ағылып, домна пешіне күн сайын құйылып жатыр.

Кәзір Қаражал поселкесі де гүлденген қалаға айналуда. Мұнда да көп қабатты тұрғын үйлер, мәдениет-тұрмыс жүйелері бар. Ильич шамының нұр сәулесіне бөленген балдырған қала көлем жағынан әлі үлкен болмағанымен тез өсіп, Бетпақпен шектес кең далаға сән беріп тұр.

Кокссыз шойын жоқ. Сол кокстың қайнар бұлақтары — Тентек пен Шақанда, Шерубай-Нұрада әлде неше үлкен шахталар салынып жатыр. Биылдың өзінде бұларда бес шахта өнім шығара бастайды. Ал, бұл жерлерде үстіміздегі жетіжылдықта 20-дан аса шахта салынбақшы.



Шойынның химиялық бір арқауы әк болса, сол әктің үлкен қоймасы — Топар карьерінің құрылысы биыл жедел салынып, бұл атырап та ажарлана түсті.

Қазақстан магниткасының, оның отын, шикізат базаларының құрылысы күн сайын күшті қарқынмен жүргізіле беруі керек. Алда Қарағанды металлургия заводын салудағы істің әлі үштен бірі бар. Темір кені руднигі мен коксті көмір шахталарының құрылысы туралы да осыны айтуға болады.

Қарағанды металлургия заводы және оның отын, шикізат қоймасының құрылысшылары алдағы міндеттердің аса жауапты, зор екенін анық сезіп отыр. Бұл олардың КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы мен Қазақ ССР-інің 40 жылдығы алдындағы міндеттемелерінен айқын көрінді.

Завод құрылысшылары жергілікті баспасөзге жарияланған хатында табыс мөлшерін жинақтап, оған жеткен жолын айта келіп: «Құрылыс-монтаж жұмысының жылдық жоспарын мерзімінен үш күн, құрылыс материалын өндірудің жоспарын 14 күн, тұрғын үй жоспарын 15 күн бұрын орындаймыз» деп міндеттенді, және екінші домнаны, үш батареяны мерзімінен бұрын іске қосуға сөз берді.

Совет адамының сөзі мен ісі арасында айырма жоқ. Ендеше, берген серт, айтқан уәде мүлтіксіз болуы шарт. Бұған Қазақстан магниткасы құрылысшыларының мүмкіндігі жеткілікті.

Завод және көмір, темір рудасы шахта құрылысшылары үшін бірдей ортақ міндеттер, жұмысты талапқа сай жақсарту шарттары бар. Мәселе, ең алдымен, КПСС XXI съезінің, сол сияқты партия Орталық Комитетінің июль Пленумының шешімдеріне сай еңбек етуде. Мұның өзі, бәрінен бұрын, еңбек өнімділігін жоғары дәрежеде арттыру деген сөз.

Қазақстан магниткасының құрылысшылары биылғы июльде заводтың тұңғыш домнасын іске қосып, Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советіне және Н. С. Хрущев жолдасқа зор мақтанышпен рапорт берді.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді заводтың бірінші домнасының іске қосылуымен қызу құттықтады. Сөйтіп, «Қарағанды металлургия заводын іске қосу Қазақ ССР-ін онан әрі индустрияландыру ісіне қосылған зор үлес, Сибирь мен Қазақстанның соңғы жылдары жаңадан ашылған темір рудасы кендерін пайдалану негізінде еліміздің шығысында үшінші қуатты металлургия базасын жасау туралы КПСС XXI съезінің директиваларын нақты іс жүзіне асырғандық» деп атап көрсетті.

Құрылысшылардың бәріне тән міндеттерді айтқанда, техникалық прогресті өрлетсе дамыту, түсер құнды кеміту, резервтерді ашып, пайдалану, коммунистік еңбек жарысын күшейту, коммунизмдегіше тұрмыс құруды үйрену міндеттерін айтпай кетуге болмайды. Өйткені, бұл міндеттер іс жүзіне асырылып отырылса, еңбек табысы шарықтай бермекші. Бұл құрылыстың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымы мен шаруашылық басшылары алдындағы айқын міндет. Еңбекшілерге жұмыста, тұрмыста жағдай жасау, әсіресе жастарды мәпелеп тәрбиелеу ісін жақсарту, халықтың ынта-жігерін, олардың үлгілі бастамасын қолдап, көтермелеп отыру олардың төл ісі.

Сарыарқада жаңа завод туып, оның даңқы төңірекке жайыла бастады. Совет халқы құрылысшыларға алғыс айта отырып, металлургтерге іске сәт, шойын дариясын тасқындата түсіндер дейді.

Б. ТӘЙКІМАНОВ,  
Қ. САДЫҚОВ.



## Қалаларда овощ мол болсын

Партияның Орталық Комитетінің декабрь Пленумы картоп пен овощты халықтың қажетін толық қанағаттандыра алатындай мөлшерде мол өндіру, бұл дақылдарды бұрыннан бар шаруашылықта ұлғайта отырып, ірі қала, өнеркәсіп орталықтарының төңірегінен арнаулы совхоздар ұйымдастыру міндетін алға қойды.

Республикамыздың овощ өсірушілері бұл салада бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Өткен бір-екі жылдың ішінде Алматы қаласының маңында овощ өсірумен тікелей шұғылданатын арнаулы шаруашылықтар құрылды. Мұндай шаруашылықтар Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Семей, Теміртау басқа да өнеркәсіп орталықтарының төңірегінен де ұйымдастырылды. Оларға қала тұрғындарын картоп және овощпен қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

Алматы маңында ұйымдастырылған жеті овощ-сүт совхозы өткен жылдың өзінде-ақ мемлекетке 26 мың тонна овощ сатты. Бұл бұрнағы жылғыдан едәуір артық. Астана маңындағы «Пригородный», «Октябрь» совхоздары овощты көп өндірді.

Қарағанды төңірегінде соңғы бір жылдың ішінде арнаулы алты овощ-сүт совхозы құрылды, ал олардан басқа төрт совхоздың бір-бір бөлімшесі картоп пен овощ өсіруге бейімделді. Бұлар былтыр картоп, овощ егу жоспарын орындағанымен, жалпы түсім жөнінен көздеген нысанаға жете алмады. Әрбір гектардан өнім жоспары мөлшердегіден әлде қайда кем орындалды. Мемлекетке картоп пен овощ тапсыру, сату жоспары жартылай ғана орындалды. Арнаулы совхоздарда әрбір центнер картоптың түсер құны жоспардағыдан 52 сом 32 тиын, овощ — 80 сом 71 тиын қымбатқа түсті. Бұл совхоздар өндіріс орталығынан жырақ орналасқандықтан картоп тасымалдауға қаржы көп жұмсалды. Арнаулы совхоздардың пайда келтіру орнына зиян шеккендері де болды.

Мемлекет Қарағанды облысының жанадан құрылған арнаулы шаруашылықтарына түрлі құрылыстар салу үшін тек өткен жылы 26 миллион сом қаржы бөлді; бірақ соның 17,7 миллион сомы ғана пайдаланылды, ол овощ пен картоп сақтауға керекті құрылыстардың басым көпшілігі салынбай қалды.

Облыс совхоздарында құрылыс жұмыстары биыл да мәз емес. Теплица, картоп, овощ қоймаларын салу тапсырмасы орындалмай отыр. Парниктерде рама, қамыстан тоқылған бойра жетіспейді. Шымтезекшірінді құмыралар тиісті мөлшерден әлдеқайда кем әзірленді.

Өскемен қаласының маңынан ұйымдастырылған арнаулы совхоздардың жайы бұдан гөрі тәуір. Бұларда картоп егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 79, овощтан — 68 центнер өнім алынды. Облыстың совхоздары мен колхоздарында бұрынғы жылғыға қарағанда картоп пен овощтың жалпы түсімі 1,6 есе артты. Әсіресе Өскемен, Лениногор, Зырян қалаларының маңындағы арнаулы совхоздарда овощ пен картоптың шығымдылығы біршама жақсы.

Солай бола тұрса да, бұл облыстың шаруашылықтарында қыс пен көктемде овощ мүлде табылмайды.

Облыста арнаулы совхоздарды орналастыру жөнінде үлкен кемшіліктерге жол берілді. Мәселен, «Самар» совхозы облыс орталығынан 300 километр жерде. Картоп пен овощты осынау қиырдан тұтынушыларға тасып жеткізуге қыруар қаржы жұмсалады. Сондықтан мұнда бұл дақылдардың түсер құны өте жоғары. Оның үстіне бұл совхоздың жер, топырақ жағдайы картоп өсіруге онша қолайлы емес. Мұнда картоптың шығымы гектарына ең көп дегенде 50—60 центнерден аспайды. Ал был-



тыр картоптың әр гектарынан небәрі 47 центнерден ғана өнім алынды. Біздіңше, мұндай өрескел кемшілік о баста совхозды ұйымдастырған кезде бұл іске жауапты адамдардың шаруашылық есепке, өз міндетіне атүсті, асығыс қарағанынан болып отыр. «Самар» совхозында жіберілген қатені жедел түзету жөнінде талай дабыл көтеріліп, құнды пікірлер айтылды. Бірақ, амал не, облыс басшылары мәселені әлі күнге дейін шешпей келеді. Республиканың ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылары да бұл жағдайды біле тұра үндемей, қалыс қалып отыр.

Бұл арада айта кететін мынадай бір басы ашық мәселе бар. Совхоздың Баты деген учаскесіндегі күнгеде помидор, қияр, баклажан, бұрыш жақсы өсіп, мол өнім береді. Бірақ овоштың бұл түрлері тез бұзылып, тез шіриді, оларды алысқа тасымалдау ешбір мүмкін емес. Сондықтан совхоз орталығынан, яғни оның учаскесінен овошты алғаш өндеуден өткізетін пункттер салған абзал. Сонымен бірге бұл өнделген овоштарды өндіріс орталығына дұрыс тасып жеткізу ісін де ойластыру керек.

Облыстың сауда орындары овош сату жұмысын жақсы ұйымдастыра алмай отыр. Өткен жылы сауда орындары Өскеменге Өзбекстаннан ерте пісетін капуста әкеп сата тұра, өздерінде өсірілген 450 тонна капустаны басқа облыстарға шығарып сатты. Сауда орындарының совхоздармен байланысы нашар. Дүкендерде овош жетіспей жатқанда Өскемен маңындағы арнаулы 4 совхозда 1000 центнер ерте пісетін капуста, 6 мыңнан астам центнер қияр, помидор, редиска, қарбыз мерзімінде жинап алынбай бұзылып кетті.

Бұл негізінен шаруашылықтар мен сауда орындарының арасындағы ынтымақтың нашарлығынан болған кемшілік. Демек бұдан былай осы мәселені шешуге баса назар аудару керек.

Ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарын овошпен, картоппен жеткілікті қамтамасыз етуде шешілмей келе жатқан бұлардан басқа да бірқатар мәселелер бар. Бұл мәселелерді шешу жергілікті орындармен қатар республиканың ауыл шаруашылығы, совхоздар, су шаруашылығы және сауда министрліктеріне байланысты.

Біріншіден, арнаулы совхоздарда тракторлар, әсіресе өсімдіктердің қатар аралықтарын өңдейтін арнаулы тракторлар, көшет отырғызатын, картоп жинайтын машиналар, басқа да техника жетіспейді. Тіпті республиканың картоп пен овош өсіретін совхоздарының бәрінде дерлік жұмысты барынша толық механикаландыру ісі жолға қойылмаған, сондықтан негізгі жұмыстардың бәрі қолмен істеледі.

Екіншіден, арнаулы совхоздарда өнімнің түсер құнын кемітіп, шаруашылықтардың жұмысты тиімді істеуіне жету керек. Бұл ең көкейтесті мәселе. Көп жерде өнімнің құны өте жоғары, алынған өнім мөлшері тіпті өзіне жұмсалған қаржыны да ақтай алмай отыр. Демек министрліктер, ең алдымен арнаулы шаруашылықтарды жер, ауа райы, жол қатынасы жағынан қолайлы аудандарға орналастыруы қажет.

Көптеген совхоздар өнеркәсіп орталығынан қашық орналаспағанымен суару жүйелерін салу мәселесі жөнінен қиындыққа ұшырап отыр. Өнімнің қымбатқа түсуінің тағы бір себебі міне осы.

Қала халқы, әсіресе картоппен толық жабдықталмай келеді. Өткен жылы Алматы іргесіндегі арнаулы совхоздар қала халқына жоспардағы 34 мың тоннаның орнына 5500 тоннадай ғана картоп сатты. Республиканың басқа ірі өнеркәсіп орталықтарында жағдай бұдан да нашар.

Республика астанасының, Қарағанды, Өскемен, Лениногор, Балқаш, Зырян қалаларының маңындағы арнаулы шаруашылықтарда маусымдылық күшті, яғни бұл совхоздардың өндірген картобы мен овошты көктем, қыс айларына жетпей қалады. Қала, совхоз басшылары қиындықтан құтылудың жолын тек теплица салудан іздейді. Бірақ теплицаның өзі өте аз салынады және қымбатқа түседі де еңбекшілердің қажетін



өтей алмайды. Сондықтан КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылғы де-кабрь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас кәсіпорындардың сыртқа босқа шығып жатқан жылы суын топырақты қыздыру үшін пайдаланып, ол жерлерге ерте пісетін овощ егуге болады деген пікір айтты.

Жылынған жерге егілген картоп пен овощтан теплицаларға қарағанда өнім бес-алты есе артық алынады. Бұл әдісті кәзір Москва түбіндегі овощ шаруашылықтары тиімді қолданып келеді. Сонымен бірге көшеттерді шымтезек-шірінді құмыраларда өсірудің де пайдасы зор. Бұлай еткен жағдайда овощ екі-үш апта ерте піседі. Бұдан бір жыл бұрын Алматы қалалық Советі Алматы бу электр станциясының сыртқа босқа шығып жатқан артық буын пайдалану негізінде жылу-парник комбинатын ұйымдастыруды ұсынды. Бұл ұсыныс кезінде қабыл алынғанымен, аяқсыз қалып қойды. Мұндай комбинаттарды Қарағанды, Өскемен, Балқаш, Лениногор, басқа ірі өнеркәсіп орталықтарының іргесінен де салуға болады. Мәселе тек бұл істі батыл қолға алуда болып отыр.

Алматының, Қарағандының, Өскеменнің овощ-картоп өсіретін аймақтарында ауыспалы егіс тәртібі дұрыс сақталмай жүр. Бұл дақылдарды өсірудің толық, ғылыми негізделген агротехникасы жасалған жоқ. Толғағы жеткен осы мәселенің күні бүгінге дейін шешілмегеніне, ең алдымен картоп, овощ жөніндегі республикалық станция, Ауылшаруашылық академиясының өсімдік қорғау институты мен облыстар орталығындағы мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциялары кінәлі.

Ғылыми-зерттеу институттары әлі күнге дейін овощтың мол өнімді тез пісетін сорттарын өсіріп шығара алмай келеді. Капустаның, киярдың кәзіргі уақытта егіліп жүрген сорттары кеселге шалдыққыш. Солай бола тұрса да, республиканың өсімдік қорғау институты совхоздарға қажетті көмек көрсете алмай отыр. Осындай кеселдің салдарынан Алматы маңындағы арнаулы шаруашылықтар өткен жылы 10 мың тоннадан астам кияр мен капустадан айрылды. Қарағанды, Өскемен, басқа да қалалардың маңындағы шаруашылықтардың овощ егісі де осындай кеселге шалдықты.

Овощтың басқа дәнді дақылдардан өзгешелігі бар. Оны егу, күту, жинау — еңбекті көп тілейді. Мысалға егістікті арам шөптен тазартуды қарайық. Рас, жер бетіне шыққан арам шөпті отап тастаудың сырт қарағанда ешбір қиыншылығы жоқ сияқты. Ал овощыларға уақыт қымбат. Егер арам шөпті отауды бір аптаға кешіктірсек, бүкіл егістікті шөп ба-сып кетер еді. Бұл өнімді азайтады. Кейінгі жылдары овощ егісінің көлемі ұлғайтыла түсті. Демек арам шөпті отауға адам күші бұрынғыдан көп керек болады. Ондай күш совхоздардың бәрінде бірдей табыла бермейді. Көмекке келген адамдарды арлы-берлі тасу, тамақтандыру — қаржыға нұқсан келтіреді, сайып келгенде өнімнің түсер құны қымбат-тайды, шаруашылықтың тиімділігін төмендетеді.

Осы күні республика ірі қалаларының, өнеркәсіп орталықтарының маңындағы арнаулы совхоздарда овощ пен картопты баптап-күту, жи-нау көбіне қолмен істеледі. Мұны ескеріп, Қазақстан КП Орталық Коми-теті мен республиканың Министрлер Советі арнаулы совхоздарда овощ, картоп өсіруді механикаландыру мәселесін неғұрлым жедел де батыл шешуді міндеттеген болатын. Бірақ ауыл шаруашылығы және совхоздар министрліктері, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электр-ландыру жөніндегі ғылыми-зерттеу институты ауыр жұмыстарды механи-каландыру ісіне жеткілікті көңіл бөлмей келеді.

Картоп пен овощ молшылығын жасауға байланысты әңгіме қозға-ғанда, әуелі біз мәселеге тұтынушылар талабы тұрғысынан қарауға ти-істіміз. Жұртшылықты бұл дақылдармен бүкіл жыл бойы қамтамасыз ету өз алдына, овощтың түр-түрін көбейту негізгі мақсаттың бірі болуы керек. Бұл арада мына бір жағдайға назар аударған жөн. Өткен жылы



Алматы маңындағы арнаулы совхоздарда сәбіздің аз өндірілгені сәл шалық, тұтынушылардың күнделікті талабын өтеу былай тұрсын, тіпті астанадағы қалалық жеміс, овощ сату тресі қысқа тұздайтын капустаның дәмін келтіруге қажетті сәбізді қымбат бағамен қолдан сатып алу мәжбүр болды. Бұған қарамастан астана төңірегіндегі сәбіз егісінің көлемі биыл да өте аз болып отыр. Ал кейбір совхоздарда тіпті бұрынғыдан да кеміп кеткен. Овощ өндірудегі мұндай шалағайлық, ораңлақтық республиканың басқа да жерлерінде бар.

Жұртшылықты овощпен үзбей қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін ең алдымен облыстардың әр ауданы, әр совхозы бойынша әрбір дақынның егу мерзімін, егіс көлемін белгілеп, ірі қалаларға, өндіріс орталықтарына овощ пен картоп жеткізіп тұрудың белгілі бір графигін жасаған абзал. Осы мәселелерді тәптіштеп, ойластыра шешу — мол өнім жинауға, шығынды азайтып, халыққа сататын және қысқа сақтайтын өнімдер кезінде даярлап алуға мүмкіндік береді. Тек осылай істегенде ғана өткен жылғы кемшіліктерді қайталамаймыз. Биылғы жылға сабақ босын деген оймен, мынадай бір мысал келтіруді жөн көрдік. Мәселен, Алматыда былтыр бүкіл жаз бойы қала тұрғындары сауда орындарында помидор сатып ала алмады, базарға жүгірді. Ал, августтың аяқ шенінде күзде дүкендерге помидор симай кетті. Оның үстіне шаруашылықта бітік өнімді жинап үлгірмей қатты састы. Жан-жақтан дабыл көтеріліп, әр жерде абыр-сабыр күшейді. Сөйтіп жүргенде бірқатар совхоздар мен колхоздарда көптеген помидор шығын болды.

Алматы маңында помидор шынымен-ақ кеш пісе ме екен? Жә, өнімді ерте жинауға да болады. Ол үшін ең алдымен помидорды дер кезінде, ерте көктемде егу және жоғарыда айтылғандай, кәсіпорындарда сыртқа босқа кетіп жататын жылу-буы негізінде жылу-парник комбинаттарын салу керек. Екіншіден, Алматы облысы, Шелек ауданының жағдайында помидордың, қиярдың астана төңірегіне қарағанда ерте пісетіні бұрыннан белгілі. Ендеше сол Шелек ауданында осы дақынның егіс көлемін ұлғайтқан өте тиімді болады деп есептейміз. Бұл ауданның ауа райы, жер, су жағдайы, жол қатынасы аталған дақылдардың егіс көлемін арттырып, өнімін молайту үшін әбден қолайлы. Біздің ойымызша, Алматы облысының таулы аймақтарында, оның ішінде әсіресе Кеген, Гвардия аудандарында картоп өсірумен шұғылданатын арнаулы шаруашылықтар ұйымдастырған тиімді. Таулы аймақ картоп өсіруге өте қолайлы. Жері қара топырақты, ылғалы мол. Ауа райы жақсы. Бұл мәселені облыстық жоспарлау бөлімі, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тез ойластырғаны жөн.

Картоп өсіретін тиімді шаруашылықтар ұйымдастыру мәселесін Қарағанды, Өскемен қалаларының басшы ұйымдары арнайы талқылап, бір қорытындыға келсе жақсы болар еді.

Қазір Павлодар облысында машина жасау, алюминий, ферросплав заводтары, Қостанай облысында Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты сияқты алып құрылыстар салынып жатыр. Соған байланысты өнеркәсіп орталықтарының халқы жылдан жылға көбейіп келеді. Ал картоп пен овощ базасы болса сол бәз-баяғы шағын қалпында қалып отыр. Жұмысшыларды бұл дақылдармен жеткілікті қамтамасыз ету үшін қалың үлкен өнеркәсіп төңірегінде ірі-ірі арнаулы шаруашылықтар құрылуы қажет.

Биыл овощ, картоп отырғызу жұмысы көктемнің кеш шығуына қарамастан, бірсыдырғы тәуір өтті. Егісті баптап-күту, оның арам шөбінен отау бірсыпыра жақсы жүргізілді. Өнімді дер мезгілде ысырапсыз жинап алып, қала тұрғындарына ұйымшылдықпен сату — совхоз жұмысшылары мен сауда қызметкерлерінің міндеті.

Ә. БЕКТАСОВ

агроном



# Сын және библиография

## Қазақ ССР тарихының екінші томы

Совет қоғамының даму жолдарын көрсететін күрделі ғылыми еңбектер жазу ісіне, әсіресе соңғы жылдары көбірек көңіл бөлініп отыр. Бұл мәселеде КПСС XX съезінде тарих ғылымының артта қалып келгені ескертілсе, кейін XXI съезде де осы жай арнайы сөз болған еді.

Кәзіргі дәуірде ең келелі мәселенің бірі бүкіл дүние жүзі көлемінде капитализмнен социализмге көшу дейтін болсақ, жаңа қоғам құрудағы Совет Одағының бай тәжірибесін ескермеуге болмайды. Ендеше, жерінде СССР халықтарының тарихы жазылып жарық көргенін айта отырып, 1959 жылы басылып шыққан «Қазақ ССР тарихының»<sup>1</sup> совет кезіне арналған екінші томын республикамыздың мәдени өміріндегі маңарлық көрініс деп тануымыз қажет.

Бұл еңбек Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институты коллективінің күшімен жазылған. Кітаптың тарихи мәдениет, әдебиет, көркемөнер салаларына арналған тарауларын жазушылар ғылымның басқа саласындағы бір топ маман ат салысқан. Сөйтіп, біріккен күш, өзара жолдастық көмек нәтижесінде Коммунист партиясы мен Совет үкіметінің қамқорлығы, басшылығы арқасында қазақ халқының қолы жеткен зор табыстарды бейнелейтін құнды еңбек жарық көрген.

Сөз жоқ, институт коллективі осы еңбекті жазу үстінде көп ізденіп, жаңа материалдар табумен қатар «Қазақ ССР тарихының» бұрынғы баспасында (1949) жіберілген катедерден (схематизм, догматизм, жеке адамға табынушылықтың әсері т. б.) арылуға тырысқан. Кітаптың көптеген тараулары қайта өңделіп, жаңа деректер негізінде тыңнан жазылған бөлімдер қосылған. Еңбектің алдына қойған мақсаты туралы, тіріспеде мынадай тұжырымды пікір айтылған: «КПСС XX және XXI съездерінің шешімдеріне сүйене отырып, авторлар тобы фактілер мен деректі материалдар арқылы қазақ халқының, сондай-ақ Қазақстанның тарихи маңарлық еңбекшілерінің Коммунист партиясы басшылығымен совет жылдарында күрес пен жеңіс үстінде өткен даңқты жолын көрсететін кітап жазуды алдына мақсат етіп қойды. Құрастырушылар алқасы Қазақстанның совет кезіндегі тарихи дамуының негізгі заңдылығы мен ерекшелігін ыспаттауға ұмтылумен бірге, еңбекші бұқараның жасампаз еңбекшінің тарихын ашып беруді көздеді» (6-бет).

Біздіңше, авторлар Советтік Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті даму процесін, оның заңдылығы мен ерекшелігін, сол сияқты Коммунист партиясының басшылығы арқасында жаңа өмір жасап жатқан еңбекші бұқараның қаһармандық тарихын негізінде дұрыс, дәлелді көрсеткен.

Ал енді бұл еңбекте сөз етілетін басты-басты мәселелерге қысқаша тоқтап өтсек дейміз.

<sup>1</sup> «Қазақ ССР тарихы» екінші том, орыс тілінде, Алматы, 1959. Редакциялық коллективі: М. О. Әуезов, С. Б. Бәйішев, С. Б. Бейсембаев, Г. Ф. Дахшлейгер, С. К. Қебаев, С. М. Мұқанов, А. Н. Нүсіпбеков, С. Н. Покровский (бас редактор), Б. Тұрсынбаев.



Алғашқы төрт тарауда: Ұлы Октябрь социалистік революциясы Қазақстанда совет өкіметінің орнауы (1917 жылдың марты — 1918 жылдың жазы); шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Қазақстан (1918—1920 ж.); халық шаруашылығын қалпына келтірудің дәуіріндегі Қазақстан (1921—1925 ж.); Қазақстан халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды өрістетуге; социализмнің экономикалық іргесін қалау (1926—1932 ж.) тәрізді күрделі мәселелер әңгімеленеді.

Бұл тарауларда Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі, Қазақстан жерінде совет өкіметі орнап, нығая түскені нақты материалдар негізінде қонымды баяндалады, Ұлы Октябрінің жалпы Ресей топырағында, оның ішінде Қазақстан үшін заңды екені көрсетіледі. Қытайда қазақ өлкесінде ұлы революция қарсаңында қазақ еңбекшілерінің ұлт азаттық қозғалысының күшейе түсуін және сол қозғалыстың Ресей жұмысшылары мен шаруаларының өкімет билігін өз қолына алу жолындағы жалпыроссиялық күресіне ұштасып, В. И. Ленин сөзімен айтқанда, шетаймақтағы резервке айналуын, Қазақстандағы буржуазияшыл ұлтшылдар мен басқа кертартпа топтардың бұған қарсы жүргізген қастық әрекеттеріне қарамай, Ресейдағы кең қанат жайып кетіп жатқан жалпы социалистік революцияның арнасына барып құйылуына да осы тараулардан білеміз.

Осындай кезеңді кездегі еңбекші бұқараның көсемі, данышпаң В. И. Лениннің ұлы революцияны жасаудағы, жаңа өкімет билігі пролетариат диктатурасын орнатумен бірге, нығайта түсудегі ерекше еңбекші мен ролі жақсы көрсетілген.

Сөйтіп, 1917 жылы 25 октябрде (7 ноябрде) Ресейның жұмысшы табы кедей шаруалармен одақтаса отырып, В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясының басшылығы арқасында буржуазияшыл уақытша үкіметті құлатады, дүние жүзінде тұңғыш рет совет өкіметі орнап, мемлекеттің жаңа түрі — социалистік мемлекет құрылады.

Ресейның орталығында совет өкіметінің орнауын Қазақстан еңбекші бұқарасы зор қуанышпен қарсы алады. Бұл жөнінде кітапта мынадай бір мысал келтірілген. 29 ноябрь күні Петропавл жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесіне жиналған көп жұрт алдында Советтердің Бүкілроссиялық екінші съезінің делегаты, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, большевик А. Звездовтың баяндамасы тыңдалады. Осы жиналыстың қабылдаған қарарында революцияшы Петроградты құттықтап, сенім көрсетумен бірге Совет үкіметін батыл қолдайтынын, Халық Комиссарлар Советінің дәйекті саясатына қосылумен қатар, оны жүзеге асыратынын білдіреді. Бұл сияқты жиналыстар Қазақстанның барлық жерінде болып жатты.

Әрине, Қазақстанда совет өкіметі орнап, нығайуы — ол-оңай болмағандықтан, толып жатқан қиындық кездесті. Өйткені, бір жағынан, өлке экономика мен мәдениеттен артта қалып келсе, екіншіден, Қазақстанда жұмысшы табының бытыраңқы болып, бір жерге ұйымдаспағандығына большевиктік партия ұйымдарының тиісті дәрежеде болмауы да едәуір әсерін тигізеді. Алайда, Ресей пролетариатының басшылығымен Қазақстанда революция жеңіп, 1918 жылдың көктемінен бастап жер-жерде совет өкіметі берік орнай бастайды.

Қазақстанда совет өкіметін орнату ісіне партияның Орталық Комитеті, В. И. Лениннің өзі тікелей басшылық етумен бірге, арнаулы өкілдер жіберіп отырды. Мәселен, 1917 жылы ноябрде Орталық Комитеттің нұсқауымен Петроград соғыс революциялық комитеті Қазақстанға В. Чекмаревті (Қостанайға), Ф. Неусыповты (Оралға), П. Кобозевті (Орынбор губерниясы мен Торғай облысына), сондай-ақ Ақмола мен Торғай облыстарына Балтық флотының бір топ большевиктерін жіберді.



Қазақстанның басқа қалаларына да большевик-үгітшілер шығады, еңбекші бұқараға Октябрь революциясының мәнін, совет өкіметінің міндеттерін кеңінен насихаттап, большевиктердің төңірегіне, қалың бұқараны топтастыруға көп еңбек сіңіреді. Сонымен бірге жергілікті ұлттардан Ә. Жанкелдин, Т. Бокин, С. Сейфуллин, Б. Қаратаев, Т. Өтепов, Жандосов, С. Мендешев, Н. Нұрмақов, А. Розбақиев сияқты қайраткерлердің шыққаны кітапта орынды жазылған.

Бұл тарауларда шетел басқыншыларының шабуылы мен азаматтық қарсылысы жылдарындағы Қазақстанның жайы, оның қатысы да жақсы көрсетілген. Осындай ауыр кезеңдердің өзінде де партия мен Совет үкіметі жауға тойтарыс берумен қатар, ұйымдастыру, құрылыс жұмыстарын жүргізуді тоқтатпайды. Мәселен, 1920 жылдың 26 августында Қазақ Автономиялық Республикасын құру жөнінде В. И. Ленин мен И. И. Калинин қол қойған РСФСР Халық Комиссарлар Советі мен ЦИК-тің «Қырғыз (қазақ) автономиялық Социалистік Советтік республикасын құру туралы» декреті шығады. Лениндік декретті қазақ халқы зор қуанышпен қарсы алады. 1920 жылдың октябрь айында Орынбор обласында шақырылған Қазақ ССР-нің Құрылтай съезі «Қазақ АССР еңбекшілерінің праволары декларациясын» қабылдап, Қазақ автономиялық республикасының құрылуындағы негізгі принциптерді бекітті. Әйтпекте, қазақ халқы Ұлы Октябрь революциясының жеңуі нәтижесінде, В. И. Лениннің, Коммунист партиясының басшылығы және ұлы орыс халқының туысқандық көмегі арқасында өз алдына отау тігіп, тұңғыш совет ұлттық, советтік мемлекетін құрды.

Кітапта Қазақстанның халық шаруашылығын қайта құру мәселелері, ондағы кездескен кедергі, қиыншылықтар да кең сөз болады. Бұл жөнде авторлардың республиканың жергілікті ерекшеліктерін нақты баяндауы өте орынды болған. Өйткені мәселе тек соғыс кезінде бұзылған шаруашылықты қалпына келтіруде ғана емес. Қазақстанның революциядан бұрын да экономикасы мен мәдениетінің кенже қалуында еді. Оның бер жағында сол кезде үстемдік жасап келген бай-кулақтар саясатының экономикалық күшін пайдаланып жаңа құрылысқа көп кедергі жасады, астыртын қарсы әрекет жүргізді. Алайда, осындай қиыншылықтарға қарамастан, Қазақстан еңбекшілерінің қажымас жігері, жампаз еңбегі арқасында барлық күйзеліс жойылып, халық шаруашылығы қалпына келтіріледі, сонымен бірге экономикадағы социалистік сектордың салмағы арта түседі. Бүкіл совет елі тәрізді Қазақстан да өзінің өсу жолының жаңа сатысына — социализмнің экономикалық негізін жасау ісіне қызу кіріседі.

Партияның XIV съезі Совет елін социалистік жолмен индустрияландырудың айқын программасын белгілеп берді. Осы программаны жүзеге асыру еліміздің шаруашылығы мен мәдениетін түбегейлі түрде қалпына келтіруге көтеріп, бұрын езіліп келген халықтардың мешеулігін жоюға жеткізеді. Демек, бұл қазақ халқының капитализмге соқпақ сияқты социализмге өтуінің зор белесі еді. 1927 жылы декабрь айында өткен партияның XV съезі елімізді индустрияландырудың алғашқы қорытындыларын жасай келіп, ауыл шаруашылығын коллективтендіруді ең маңызды міндет етіп қойды.

«Тарихта» қазақ халқы сияқты көшпелі елдің коллективтік шаруашылыққа көшіп, ұйымдасуының маңызы зор екені, осы бастамадағы тақырыптар мен қиыншылықтар, кей сәтте жіберілген қателіктер толық сипатталған. Кітаптың тағы бір ұтымды жері Қазақстанда ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісіне Коммунистік партия мен Совет үкіметінің айрықша көңіл бөліп, көмек көрсеткені жақсы айтылған. Мәселен, партияның Орталық Комитетінің «Қазақстан ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» алған қаулысы республикада орындалып келген бұрмалаушылықтарды жойып, колхоз құрылысында келелі



табыстарға жетуге жол ашты. Сол табыстардың негізінде бай мен лактарды тап ретінде жою мәселесі қойылды. Социалистік шаруашылықта табысының бір көрінісі 1932 жылдың аяғында халық шаруашылығының бірінші бесжылдық жоспары 4 жыл 3 айда, мерзімінен көп уақыт орындалды.

«Тарихтың» басқа тараулары республиканың Ұлы Отан соғысы кезіндегі жеткен күрделі табыстарына, соғыс кезіндегі қажырлы еңбектеріне, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтірудегі жемісті қызметтеріне, партияның XX, XXI съездерінің тарихи шешімдеріне тоқталған.

Бірінші бесжылдық жоспарды мерзімінен көп бұрын орындағаннан кейін совет халқы екінші бесжылдықты жүзеге асыруға қызу кірісіп кетті. Осы екі бесжылдықты орындау нәтижесінде совет қоғамы тек экономикасын көтеріп қана қоймайды, өзінің таптық құрамын да өзгертеді, мек қанаушы тап мүлде жойылады.

Осы жылдары асқан зор жігермен жүргізілген совет елін индустриаландыру мен коллективтендіру саясаты нәтижесінде СССР-де социализм толығынан жеңіп шығады. Бұл ретте басқа туысқан елдерден де алдымен ұлы орыс халқының көмегі бойынша қазақ халқы ересен болып шығады, Қазақстан ұлы Отанымыздағы көп ұлтты социалистік мемлекеттің біріне айналады. 1937 жылы 21—26 мартта Қазақстан халқының төтенше X съезі өтіп, Қазақ ССР Конституциясын қабылдады. Сөйтіп, Қазақстан енді тең праволы Одақтық республика қатарына қосылады.

Міне осы өзгерістердің барлығы Қазақ ССР тарихының екінші кезеңінде өте қоныс алған түрде, көптеген мысалдар арқылы көрсетілген. Қазақстан экономикасының өсуі жөнінде осы кітаптан мына бір цифрларды келтірелік. 1920—1940 жылдардың ішінде республикада көмір өндірісі 82 есе, мұнай 35 еседей, электр қуатын өндіру 300 еседен астам өскен.

Кітаптағы жақсы жазылған тараудың бірі — Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан еңбекшілерінің тылдағы қаһармандық еңбегі мен фронттағы батырлықтарының майдандағы батырлық істеріне арналған тарау. Социалистік басқыншылар зұлымдықпен шабуыл жасап, ел басына ауыр қауіп төнгенде Совет Одағының басқа халықтарымен бірге қазақ халқының ер жүрек ұлдары мен қыздары сүйікті Отанын қорғау үшін қанды майданға аттанды. Осындай кезеңді күндерде талай жауынгерлер аспандық ерлік көрсетіп, Совет Одағының Батыры деген атаққа ие болып, еліміздің құрметіне бөленді. Қазақстан еңбекшілерінің тылдағы еңбегі аз болған жоқ, соғыс жылдарында қаһарман Қызыл Армияны қажырмен қамтамасыз етуде Қазақстанның ролі өте зор болды.

Соғыстан кейін совет халқының бүлінген, қираған шаруашылығын қалпына келтіру және ілгері өркендету күресіне үлкен жігермен кірісетінін кейінгі тараулардан оқимыз.

Авторлар тобы ауыл шаруашылығында орын теуіп келген кемшіліктерді, оларды түзетудегі Орталық Комитеттің қолданған шараларының 1953—1958 жылдар Совет Одағының өмірінде ұлы кезең болғанын білдіріп баяндаған. Коммунист партиясының Орталық Комитеті Н. С. Хрущев жолдастың инициативасымен өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде көптеген шараларды іске асырды. Қазақстанда, бір жағынан, саналуан өнеркәсіп орындары жаңадан салынып қатарға қосылды, екіншіден, Коммунистік партияның, Н. С. Хрущев жолдастың тікелей өзінің басшылығымен республиканың ғасырлар бойы меңіреу жатқан даласында тың және тыңайған жерді игеру үлкен бір үлес болды. Осындай игілікті шаралардың нәтижесінде Қазақстан өнеркәсібі, ауыл шаруашылық өнімі, оның ішінде астық беру жағынан келгенде Совет Одағының алдыңғы қатардағы республикаларының біріне айналды.

Кітаптың соңғы тарауы Қазақстан еңбекшілерінің XXI съезд қарсаңында



ларын және жетіжылдық жоспарды орындау арқылы коммунистік құрылысты кең өрістетуге жолындағы күресін баян етеді.

Қорыта келгенде Қазақстанның қырық жылға жуық өмірін көрсеткен мұндай күрделі еңбекте қандай басты-басты мәселелер қамтылған деп сұрақ қойсақ, төмендегі жауаптарды беруге болар еді.

Бірінші, қазақ халқының капитализмге соқпай социализмге турасынан келгені, кітапта Лениннің бұл жөндегі қағидасына сүйене отырып қорытынды берілген.

Екінші, көп уақыт тарихшылар арасында талас туғызып келген мәселе: Қазақстан көлемінде қай жылдан бастап советтендіру жұмысы жүргізіле бастады деген сұраққа да бұл кітап үзілді-кесілді дұрыс жауап береді. Бір кезде кейбіреулер Октябрьдің дауылы Қазақстанға соқпай өте шықты, сондықтан қазақ даласында 1926 жылға шейін Советтер іс жүзінде болған жоқ деп келсе, екінші том бұл пікірдің қате екенін дәлелдеп көрсеткен.

Үшінші, әр кезеңде жүргізген партия саясатының қаншама орынды, қаншама өмірден алынған ақиқат екені барлық тараулардан айқын көрініп отырады.

Төртінші, Ұлы Отан соғысы жылдарында совет халқын майданның алдыңғы шебінде болсын, тылда болсын жауды жеңуге ұйымдастырған партияның жігерлі еңбегі нақтылы материалдармен тартымды жазылған.

Бесінші, соғыстан кейінгі жылдар, әсіресе партияның XX, XXI съездерінен соң елімізде болған ұлы өзгерістерді авторлар коллективі өте жақсы көрсетуге тырысқан. Бұл ретте Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің ұйымдастырушылық ролін баса айтқызын ерекше бағалаған жөн.

Сонымен бірге бұл еңбектің кемшіліктері де жоқ емес. Солардың кейбіреуін атап өтелік.

Жаңа экономика саясатына көшер кездегі, демек социализмнің барлық майданда жаппай шабуылға шығатын қарсаңындағы әлеуметтік-экономикалық укладтарға сипаттама берілмеген. Осының салдарынан капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі таптық күштердің ара қатынасы көрсетілмей қалған, демек халық шаруашылығын социалистік негізде қайта құру жылдарында тап тартысының шиеленісе түсуі түсіндірілмеген.

Жұмысшы табының тарихын жазуда да елеулі кемшіліктер бар. Жұмысшылардың еңбектегі, саяси өміріндегі белсенділігіне талдау жасалып, социалистік жарыс пен өндірістегі жаңашылдар қозғалысына дұрыс баға берілсе де, жұмысшы кадрларының қалай шығып, қалай қалыптасқаны, оның құрамының өзгеруі, кәсіподақ ұйымдарының өсуі, қызметі, жұмысшылардың материалдық жағдайы, тұрмысы жөнінде ешнәрсе айтылмаған. Расында да соңғы кезге дейін тарихшылар тарапынан жұмысшы табының тарихын жазу ісіне жөнді көңіл бөлінбей келеді. Сөз жоқ, бұл кемшіліктер негізінде жақсы жазылған Қазақстан тарихы жөніндегі күрделі еңбектің зор маңызын жоймақ емес.

Бұл кітапта үш тарау (бесінші, сегізінші, он екінші) Советтік Қазақстанның гүлденген мәдениетіне арналған. Авторлар, ең алдымен, мәдени құрылыстың міндеттері турасындағы В. И. Лениннің нұсқауларына өте орынды тоқтаған. Қазақстан жағдайында мәдени құрылыстың алғашқы қадамдарын баяндай келіп, көптеген мектептер, қысқа мерзімді курстар ашылғанын, сәтін мыңдаған тиражбен газет-журналдар шығарыла бастағанын, тағы да басқа мәдениет орындарының (оқу үйі, кітапханалар, клубтар т. б.) жұмыс істейтінін келтірген.

Кітаптың мәдениет мәселелеріне арналған барлық тарауларында Совет өкіметі тұсында қазақ халқы Коммунист партиясының басшылығымен, Совет Одағындағы туысқан елдердің көмегі арқасында көркем әде-



биетін, музыка, театр, кино, сурет өнерін мейлінше дамытқаны тұжырымды түрде жинақтай айтылған.

Қазақ халқының үлкен мақтанышының бірі — қазақтың совет әдебиеті. Бұл жаңа әдебиет өткендегі әдебиетіміздің ең жақсы үлгілері мен прогресшіл идеяларының мирасқоры бола тұрса да, жаңа жағдайда жаңа сапаға ие болғаны, жаңа тақырыптарды, творчестволық тың әдіс-тәсілдер менгергені, жанр жағынан байып, кемеліне келген озық әдебиетке айналғаны кітапта келелі сөз болады.

Қазақ ССР тарихының екінші томында қазақ совет әдебиетінің өркен жолының жауапты кезеңдері, жетістіктері мен кемістіктері әділ бағалана алған. Бір кезде қазақ поэзиясы көшпелі елдің күнделік өміріндегі ұсақ өзгерістерді, ру арасындағы талас-тартысты немесе өткендегі батырлардың ерлігін, бақытсыз жастардың аянышты халін жырлап келген енді оның өрісі кеңіп, революциямен келген жаңа өмірді, еліміздің бақытты болашағын, соған жетудегі қажырлы еңбегін кеңінен толғайтын үлкен поэзияның дәрежесіне көтерілді. Ертегі аңыздан басқа бірен-саран ғана әңгіме, повестері бар қазақ әдебиетінде мазмұны терең, түп-бай шын мәніндегі көркем прозаның туғанын көреміз. Бұрын жоқтың қасы болып келген жаңа жанр драматургия қанат жайды. Қысқасы, совет жылдарында қазақ әдебиеті бүкілодақтық, демек бүкіл дүниежүзілік маңызы бар әдебиеттің қатарына қосылды. Әрине, осының бәрі кереметтің күшімен бола қалған нәрсе емес. Кітаптан қазақ әдебиеті бұл табысқа қалайша жеткенін, партия мен үкімет көрсеткен қамқорлықты, қазақ әдебиетінің өркендеп, гүлденуіне белсене ат салысқан қалам қайраткерлерінің қызметін оқитынымыз хақ.

Бұл тараулардағы кемшіліктерге келетін болсақ, кітапта Советтік Қазақстанның мәдениет саласындағы табыстарының себебі мен ерекшелігін ашудан гөрі сырттай сипаттау мен сүйсінушілік басымырақ. Кейде кезінде орынды да, қатал да сыналған шығармалар дүрмекпен жақсылардың қатарына қосылып кетіпті. Әдебиетіміздің, сондай-ақ, мәдениетіміздің басқа салаларындағы өсу процесінде кездесіп отырған қиыншылықтарға көңіл бөлінбегендіктен бұлтарыссыз, қалтарыссыз даңғамал жолға түсіп алып келе жатқан тәрізді болып көрінеді.

Жалпы қорытынды жасағанда, авторлар коллективі Советтік Қазақстанның тарихын жанжақты терең баяндайтын, шын мағынасындағы күрделі ғылыми еңбек жазған. Бұл кітаптың оқушы қауымға білім беруде, сондай-ақ партияның жүргізіп отырған лениндік ұлт саясатының жеңімпаз күшін уағыздап, қалың бұқараны тәрбиелеуде маңызы зор болмақ.

**Ы. ДҮЙСЕНБАЕВ**

филология ғылымының кандидаты

**Ф. МӘЛІКОВ**

тарих ғылымының кандидаты

#### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Б. Ордабаев (бас редактор), З. Айтмағамбетов, Қ. Әбілдаев, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Омаров, С. Хайдаров (жауапты секретарь), Т. Ыдырысов.

Редакция адресі  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103  
Тел. 23-03, 24-95.

13/VII-1960 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—2,5 қ—6,85 авт. т.

УГ03561. Тиражы 20955. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 44



## АПАТТЫ ДА ҚЫМБАТ ҚАРУЛАР

Америка Құрама Штаттарының соғыс шығындарына жұмсайтын қаржысы жыл сайын өсіп келеді. Қазіргі кездегі барлық капиталистік елдердің қарулануға жұмсайтын қаржысының тең жартысы Американикі. Бұл күндері АҚШ соғыс шығындарына 48 миллиард доллар жұмсап отыр. Бұл мемлекеттік бюджеттің 59 проценттен астамы. Америка жанталаса қаруланып жатыр. Қазір АҚШ-та мынадай ракеталық қарулар шығарылады.

«Атлас» — континентаралық баллистикалық снаряд. Ол 6 300 миль (1 миль — 1,852 километрге тең) қашықтыққа дейін жіберіледі. Оның сутегі бомбасы тектес жарылу күші бар. Қазір осындай 12 снаряд шығарылған. 1960 жылы оның саны 130-ға жеткізілмек. Әрбір «Атлас» 2 миллион долларға түседі.

«Титан» — жырақ қашықтыққа жіберілетін ракета. Сынау үстінде оның бірнеше рет сәтсіздікке ұшырауына байланысты, қазір жетілдіру жұмысы жүргізіліп жатыр. АҚШ авиация министрлігінің баллистикалық ракета бөлімінің бастығы генерал-майор Османд Ритлэндтің мәлімдеуі бойынша, «Титан» ракетасының тұңғыш эскадрильясы 1961 жылдың 1 июнінде жасақталып болады. Ал 1963 жылға дейін снаряд санын 140-қа жеткізу ұйғарылған.

Пентагон қазір «Атлас», «Титан» ракеталарының жаңадан 42-сін жасап шығарудың мүмкіндігін қарастыруда. Бұл үшін қосымша 400 миллион доллардан астам қаржы жұмсау керек болады. Осы жоспар жүзеге аса қалған күнде АҚШ-тағы сутегі бомбасын алып жүруге бейімделген ракетаның саны бұрынғыдай 270 емес, 312-ге жетпек.

АҚШ-та шығатын «Каррент Хистори» журналының жазуы бойынша, осы кезде жасалып жатқан дыбыстың таралу жылдамдығынан артық шапшандықпен ұшатын «Х-15» самолетінің біреуі 100 миллион долларға түседі.

Егер Америкадағы бір атом заводының құрылысына жұмсалатын қаржыны мұғалімдерге айлыққа берсе, онда сол ақша жарты миллион оқытушыға бір жылға төлеуге жетеді екен. Шамамен алған есеп бойынша, «Атлас» снарядының біреуінің құнына 3 500 жеке тұрғын үй, 70 үлкен кітапхана, 10 мектеп үйі, 7 аурухана салуға болады екен. Бұл есепке снарядты жасау, сынау үстінде кететін шығындар қосылмайды.

Америкада осынша қаржы қарулануға жұмсалып отырғанда, 15 миллиондай семья сиықсыз үйде тұрады. 17 миллион адам кісе киімге, ішсе асқа жарымайды. Жұмыссыздар саны қазір 4 миллионнан асып отыр. Бұл мәліметті таяуда сөйлеген бір сөзінде сенатор-демократ Д. Кеннеди келтірді.

Бұл күндері Американың әуе және теңіз қарулы күшінің құрамында 29 мың самолет бар. Оның 2 мыңы ауыр салмақты бомбардировщиктер.

АҚШ-тың соғыс-теңіз флотында 817 әскери кеме бар. Келер жылы жасалмақшы әскери кемелің жалпы саны соғыстан кейінгі жылдардың (1955 жылды қоспағанда) бәрінен де асып түспекші. Олардың ішінде атом двигателімен жүретін крейсерлер, жаңадан жасалған үш алып авианосец (біреуі атом двигателді), басқармалы снарядпен жабдықталған 16 эсминец және бірнеше фрегаттар бар. Бұдан өзге осы уақыт ішінде тағы да 20 әскери кемелі жасап шығару қолға алынбақшы.



## Жаңа кітаптар

**Н. С. ХРУЩЕВ.** Қарусыздану — бейбітшілікті нығайтып, халықтар арасында достықты қамтамасыз ету жолы. Қазақ тілінде 66 бет. Бағасы 80 тиын.

Кітапшаға Н. С. Хрущев жолдастың 1960 жылғы 14 январьда СССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясында жасаған баяндамасы енгізілген.

**Н. С. ХРУЩЕВ.** Жұмысшылар мен қызметшілерден алынатын салықтарды жою және совет халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған басқа да шаралар туралы. Қазақ тілінде. 98 бет. Бағасы 1 сом 15 тиын.

Кітапшада Н. С. Хрущев жолдастың 1960 жылғы 5 майда СССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясында жасаған баяндамасы мен 7 майда сөйлеген қорытынды сөзі бар.

**С. М. КИРОВ.** Таңдамалы мақалалар мен сөздер. Қазақ тілінде. 438 бет. Бағасы 7 сом 20 тиын.

Жинаққа С. М. Кировтың 1912—1934 жылдар арасында жазған мақалалары мен сөйлеген сөздері енгізілген.

**О. В. КУУСИНЕН.** Ленин идеяларының жүзеге асырылуы. Қазақ тілінде. 27 бет. Бағасы 30 тиын.

Кітапшада О. В. Куусинен жолдастың 1960 жылғы 22 апрельде В. И. Лениннің туғанына 90 жыл толуына арналған салтанатты мәжілісте жасаған баяндамасы бар.

**КПСС XXI съезі коммунизм орнатудың теориялық мәселелері туралы.** Қазақ тілінде. 135 бет. Бағасы 1 сом 85 тиын.

Бұл жинаққа «Правда» газетінде «Коммунизм орнатудың теориялық проблемалары» деген рубрикамен басылған П. Федосеевтің «Социализмнен коммунизмге өту», Л. Леонтьевтің «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау», А. Арзуманянның «Социализмнің капитализммен экономикалық жарысының шешуші кезеңі» және И. Кузьминовтың «Еңбек өнімділігі — коммунизмнің жеңісі үшін ең маңызды шарт» тақылетті мақалалары және тағы басқа мақалалар енген.

**Қазақстан Коммунистік партиясы X съезіне Қазақстан КП Орталық Комитетінің есебі.** Қазақ, орыс тілдерінде. 90 бет. Бағасы 1 сом 15 тиын.

Кітапшада Қазақстан КП Орталық Комитетінің Бірінші секретары Д. А. Қонаевтың Қазақстан Коммунистік партиясы X съезінде жасаған баяндамасы бар.

**Қазақстан Коммунистік партиясы X съезінің Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасы бойынша қарары.** Қазақ тілінде. 39 бет. Бағасы 40 тиын.

**П. И. НИКИТИН.** Саяси экономия. Қазақ тілінде. 342 бет. Бағасы 4 сом 50 тиын.

**Ж. АРАЛБАЕВ.** Совет халқы — коммунизм орнатуда шешуші күш. Қазақ тілінде. 88 бет. Бағасы 1 сом 10 тиын.

Бұл кітапшада КПСС XXI съезінің директивасын орындауда қажырлы еңбек етіп жатқан совет халқының қаһарман күресі баяндалған.